

Ұ. Досболатова, Б. Әшімова

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

---

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

---

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математика бағытындағы  
10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өңделген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3  
Д64

**Досболатова Ү., Өшімова Б.**  
Д64 **Дүниежүзі тарихы: Өдістемелік нұсқау: Жалпы**  
білім беретін мектептің жаратылыстану-математи-  
ка бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған  
құрал. — Өнд. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 152 б.

ISBN 978—601—293—006—1

Д  $\frac{4306010600—098}{404(05)—10}$  99(2)—10

УДК 373(072)  
ББК 74.266.3

© Досболатова Ү., Өшімова Б., 2006  
© “Мектеп” баспасы,  
көркем безендірілуі, 2010

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлдіктік құқықта-  
ры “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—006—1

## АЛҒЫ СӨЗ

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы “Дүниежүзі тарихы” оқулығы бойынша ұсынылып отырған бұл әдістемелік құралдың мақсаты — тарихи білімді оқушыларға терең меңгертуге, оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыруға, шығармашылық ізденіс қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Әдістемелік құрал Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің стандартты білім мазмұнына сай жазылды. Мұнда мұғалімдерге кейбір сабақтарды өткізудің әдістері мен тәсілдері, оқушылардың тарихи білімді қаншалықты меңгергендігін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар, ұғымдар мен сөздіктерді оқытып-үйрету мен есте сақтау жолдарына негізделген сұхбат сабақтары мен зерттеу, семинар, ойын сабақтары және деңгейлік білім берудің түрлеріне арналған сабақтардың әдістемелік тәсілдері талпаққа сай қарастырылды.

Деңгейлік білім беру сабақтарының сұрақтары мен тапсырмалары оқушылардың таным қабілеттерін дамытуға негізделген. Оларға қойылатын талаптардың бірі — оқушының мұғалім мен оқулықтан алған білімдерін жетілдіріп дамыту. Оның бірінші сатысында кейбір тақырыптарды бекітуде жеке оқушылармен жұмыс әдісіне негізделген тәсілдер қарастырылды. Деңгейлік білім берудің екінші сатысында оқушылардың басқа пәндерден бұрыннан алған білік дағдыларын қолдануға арналған тәсілдермен бірге, қорытынды қайталау сабақтары мен семинарларды өткізген кезде пайдалануға болатын нұсқаулар берілді.

Деңгейлік білім берудің үшінші сатысы — пәнаралық, курсаралық байланыстарды, қосымша әдебиеттерді пайдаланып, кең түрде ауызша және жазбаша жауап беруге негізделген, оқушылардың тарихи оқиғаларға, саяси және мемлекет қайраткерлеріне баға беріп, өз көзқарастарын білдіруге арналған сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады.

Әдістемелік нұсқаудағы тапсырмалар тарихи ұғымдар мен түсініктерді игеруге негізделген. Олар тек қана нақты жауап берудің үлгісі түрінде емес, әңгімелесу, сұхбат төсілдерін қолдану арқылы өмірде әртүрлі көзқарастар мен тарихи оқиғаларға, құбылыстарға баға беру жолдарының әр алуан болатындығына ой жүгіртіп, толғандыруға, өз пікірлерін дәлелдеп жеткізе білуге негізделген сұрақтар мен тапсырмалар түрінде берілген.

Сондай-ақ ұқсас тарихи оқиғалар мен құбылыстардың ортақ заңдылықтарын көрсетуге бағытталған сабақтар да қамтылды.

Оқушылардың жауаптарына қойылатын талаптар мен жауаптарының үлгілеріне де тоқталып, бағыт-бағдар ұсынылды.

# І т а р а у. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

## § 1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлем көрінісі

Оқулықта XX ғасырдың алғашқы он жылдығына сипаттама беріліп, өнеркәсіп дамуы ерекшеліктерінің тарихи заңдылықтарына тоқталған.

*Сабақтың мақсаты.* Оқушыларға қажетті деңгейде білім беру үшін экономика, саясат, идеология саласындағы үрдістерді сипаттау. Ұлттық мемлекет, индустриалды елдер, урбандалу үрдісі, экспансия, монархия, республика, пацифизм, антисемитизм, империализм, абсолюттік, конституциялық, интеграциялау үрдісі, жаңа либералдық бағыт, модернизациялау сияқты ұғымдар мен термин сөздерді қолдана отырып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды баяндау.

Мұғалім Еуропа елдерінің экономикалық даму ерекшеліктерін топқа бөліп сипаттама бере отырып, оқулықты, тарихи картаны (Дүниежүзінің саяси картасы) қолданып, кесте толтыртып, сызықтық көрсеткіштер мен тест түріндегі тапсырмаларды орындатады. Төменде сабақты жүргізудің бірнеше әдістемелік тәсілдері мен үлгі жоспарын қарастырып отырмыз.

### Сабақтың үлгі жоспары

1. Жаңа индустриялық кезең.
2. Ұлттық мемлекет идеясы мен экономикалық өмірді ықпалдастыру үдерісі.
3. Ұлы державалар мен олардың экспансиясы.
4. Дүниежүзін бөліске салу мәселесі.
5. Милитаризм және қарудың жаңа түрлері.
6. Пацифизм.
7. Ұлтшылдық. Нәсілшілдік.
8. XX ғасырдың басындағы дүниежүзінің саяси картасы.
9. Еуропадан тысқары дүниежүзі. Қытай.
10. Корея.
11. Моңғолия.
12. Жапония.
13. Отар және жартылай отар елдер.

14. Еуропалық мемлекеттердің үстемдігінің түп негізі.
15. Ұлттық сана-сезім мен азаттық қозғалыстардың өсуі.
16. Әлем бірлігі.
17. Өркениеттер бірлігі.
18. Қытай өркениеті.
19. Үнді өркениеті.
20. Ислам өркениеті.
21. Еуропаландыру.

Оқулық бойынша жоғарыда берілген мәселелерді топтастырып, бір жүйеге келтіріп, оқушыларға негізгі мәселелер бойынша түсінік берудің кейбір ұтымды жолдарын да қарастырып отырмыз.

Біріншіден, индустриялық кезеңдегі Еуропа елдерінің Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінен айырмашылықтарының негізгі сипаттамаларына тоқталып, бұл кезеңнің Еуропа мемлекеттерінің өз арасындағы қайшылықтардың шиеленісуімен ерекшеленгенін айтып түсіндіру.

Екіншіден, милитаризм, пацифизм, ұлтшылдық, нәсілшілдік сияқты тарихи ұғымдардың мағыналарын түсіндіріп, мысалдар келтіре отырып, оқушыларға бұл берілген сөздердің анықтамаларын дәптерлеріне жазып алуларын тапсыру.

Үшіншіден, Азия елдерін топтап, кесте түрінде берілген тапсырма арқылы, оқулықпен жұмыс жүргізу әдісін ұйымдастыру.

*Кестенің үлгісі № 1*

#### Азия елдері

Елдер	Экономикалық даму дәрежелері	Саяси басқару жүйелері	XX ғасырдың басындағы ішкі, сыртқы саясаты
Қытай Корея Моңғолия Жапония			

Төртіншіден, картамен жұмыс түрі қарастырылады. Отар және жартылай отар елдерді картадан көрсетіп, XX ғасырдың бас кезіндегі отарларды иемденуші елдердің

ұлттық мемлекеттік идеясы мен экономикалық жағдайларына тоқталып өткен дұрыс.

Бесіншіден, өркениет ұғымына оқулық бойынша түсінік бере отырып, Қытай өркениеті, Үнді өркениеті, Ислам өркениеттері туралы оқушыларға шағын реферат жазып келуді ұсынып немесе келесі сабақта пікірталасқа арналған төмендегі сұрақтарға ойланып келу тапсырмасын қарастырса да болады.

1. Өрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Жеке адамның және қоғамның дамуына өркениеттердің әсері қандай?

Бұдан әрі мұғалім Еуропа мемлекеттерінің мемлекеттік басқару жүйелеріне тоқталып, монархиялық (абсолюттік), конституциялық басқару формаларын түсіндіруде оқулық мәтінін немесе картаны пайдаланып, оқушылардың қойылған сұрақтарға жауап беруін ұйымдастырады:

1. Еуропа мемлекеттерінде басқарудың қандай түрлері болды?
2. Франция, Швейцария, Сан-Марино сияқты елдердің басқару жүйелерінің әрқилы болуының идеологиялық өміріне тигізген әсері болды ма?

Сұрақтарға оқушылардың жауап берген соң мұғалім төмендегі кестені толтыруға тапсырма береді.

*Кестенің үлгісі № 2*

#### Еуропа мемлекеттеріндегі биліктің түрлері

№	Абсолюттік	Парламенттік монархия	Республика
1.	Австро-Венгрия	Ұлыбритания,	Франция, Швейцария,
2.	Ресей	Норвегия, Швеция,	Сан-Марино
3.	Германия	Бельгия, Нидерланды	

Еуропа мемлекеттерінің дүниежүзін бөліске салудағы қайшылықтары мен қақтығыстарын түсіндіруде тақтаға тарихи жылдарды (1898, 1908, 1911 жж.) жазып, оқулық мәтіні бойынша оқушылардың өз бетімен жауап беруін ұйымдастыруына болады. XX ғасырдың басында пайда болған саяси ағымдардың мән-мағынасын түсіндіруде оқушыларға бірнеше сұрақтар қойылады:

1. Халықаралық аренада қандай саяси ағымдар пайда болды? Олардың ерекшеліктері.
2. Ресейде абсолюттік монархия билігінің сақталуы билік үшін күресте қандай қозғалыстың дамуына алып келді?

Мұғалім қойылған сұрақтар бойынша оқушыларды сұхбатқа тарта отырып, Еуропа мемлекеттеріндегі негізгі идеологиялық бағыттың түрлеріне тоқталып өтеді. “Дүниежүзінің саяси картасын” қолданып әңгіме өткізуге болады.

“Жедел қарқынмен дамып келе жатқан Германия, АҚШ, Жапония сияқты мемлекеттер азғана отарларға ие болды, оны саяси картадан байқап отырмыз”, — деп, мұғалім лекциясын жалғастырады. “Ал Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Португалия сияқты ежелден келе жатқан индустриялды елдердің отарлары Азия, Африка, Мұхит аралдарына тарап жатты. Олай болса, Еуропа елдеріндегі милитаризм саясатының үстем болуы дүниежүзінде жаңа қайшылықтар мен қақтығыстарды туғызуы заңдылық болуы мүмкін бе?” — деп сұрақ қоя отырып, карта бойынша елдерді оқушыларға ататып, сұрақ-жауап түріндегі әңгімелесу әдісімен жалғастырады. Еуропа елдері экономикасының дамуына қосымша деректер беріледі. Мәселен, капиталдың АҚШ-та 60%-ы монополистердің қолына шоғырланса, Германияда Берлин банкісінің қолында байлықтың 83%-ы, ал Англияда 12 банкінің иелігінде 70%-ы жинақталды.

Мұғалім Еуропа елдерімен бірге Азия елдерінің де ғасыр басындағы саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін кіріктіре, жан-жақты байланыстыруды ескеруі керек. Азия елдерін де Еуропа елдерімен карта бойынша (Дүниежүзінің саяси картасы) таныстыра отырып, төмендегі кесте бойынша қоғамдық-саяси дамуы түсіндіріледі.

Оқушылар оқулық материалындағы мәліметтер бойынша осы салалардағы жаңа өзгерістерді тауып, кестені толтырулары қажет.

*Кестенің үлгісі № 3*

**Азия елдерінің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы**

Идеология	Саясат	Экономика



*Протекторат, доминион, бос жер, модернизация* сөздерінің мағынасы түсіндіріледі.

*Өркениет* ұғымын түсіндірумен бірге оқулықтағы қарастырылған Қытай, Үнді, ислам өркениеті тақырыпшаларына тоқталып, ерекшеліктерін атап өтеді. Еуропалық отаршылармен күрестегі сәтсіздіктерінен кейін Азия және Африка елдерінің еуропалық өркениеттің жетістіктерін игеруге тырысқан әрекеттерінің ойдағыдай нәтиже бермеуіне мысалдар келтіріп, Жапония елінің тәжірибесін үлгі есебінде алуының себептеріне тоқталып кетуге болады. Оқушыларға тақырыптың соңында берілген сұрақтарға көңіл бөліп, жауап беруге дайындалып келуге тапсырма беріледі.

## **§ 2. XX ғасыр басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші дүниежүзілік соғыс**

Сабақтың барысында оқушыларға соғыстың себептерін, сипатын, әскери соғыс қимылдарының жүргізілу стратегиясы мен тактикасын түсіндіріп кету қажеттігі ескеріледі.

**Базалық білім:** соғыстың адамзат үшін аса қауіптілігінің нақты картинасын беру. Соғыста шешуші рөл атқаратын әскери-соғыс техникасы туралы, екі жақ күштің арасалмағы жөніндегі берілген нақты дәлелдер, фактілер, көрсеткіштер арқылы білім негізін қалыптастыру қарастырылады.

Соғыс әділетті, әділетсіз болады. Соғыс салған жараның орны еш уақытта да толмайды. “Соғыс — қайшылықтарды шешудің басты құралы” деп қараудан аулақ болу керек деген тәрбиелік мәні баса айтылады.

Сабақты жүргізудің әдіс-тәсілдерін ойластырып, мұғалім сұрақтар дайындап, оқушылардың шағын хабарламаларын (оқушылар күнібұрын дайындаған) тыңдауды ұйымдастырады.

Оқулықпен жұмыс түрлерін жүргізіп, картаны, сызба кестені, картина, техникалық құралдарды пайдаланып, сабақты әрі қарай жалғастырады.

Сабақтың барысында оқушылардың назарын өтілетін тақырыпқа аударып, үй тапсырмасына қысқаша шолу жасап, өткен сабақты оқушылар оқу процесінде толық меңгерген жағдайда екі-үш сұрақтың көлемінде өткен сабақты қайталауды аяқтауға болады. Мұғалім оқушылардың ұғымдар мен терминдерді қаншалықты игергендігіне көңіл аударады.

## Сабақтың үлгі жоспары

1. Ірі елдердің бәсекелестігінің салдарынан әскери-саяси одақтардың құрылуы.
2. Үштік одақ пен Антанта соғыс одақтарының құрылуының басты себептері.
3. Балқан соғыстары.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, барысы және аяқталуы.
5. АҚШ-тың соғысқа кіруінің себебі, нәтижесі.

Мұғалім Балқан соғыстары туралы кесте түріндегі мәліметтерді оқушылардың назарына ұсынып, қорытынды жасап кетеді.

*Кестенің үлгісі № 4*

### Балқан соғыстары

Балқан соғыстары	Соғыс қимылдары	Нәтижелері мен салдары
Бірінші Балқан соғысы	1912 ж., қазан	Сербияның ықпалы артты. Түркия мен Австро-Венгрияның әсері әлсіреді.
Екінші Балқан соғысы	1913 ж., маусым	Болгария жеңілді. Болгария Түркиямен келісімге келді. Ресей Болгарияны жақтады.

Оқушылардан екінші Балқан соғысының аяқталуына байланысты Бухарест келісімшарты бойынша мемлекеттер арасындағы бөлінген иеліктерді оқулықтан тауып, картадан көрсетуі талап етіледі.

“Балқан соғысы Еуропаның “жарылғыш қоймасы” болуының себептері не? Балқан соғысын Бірінші дүниежүзілік соғыс себептерінің бірі деп қарастыруға бола ма?” — деп, мұғалім сабағын әрі қарай жалғастырып кетеді.

2. Балқан соғыстары.
3. 1914—1915 жж. соғыс қимылдары.
4. Соғысушы елдердегі саяси-әлеуметтік дағдарыстар.
5. 1916 жылғы соғыс қимылдарының ерекшеліктері.
6. 1917—1918 жж. соғыс қимылдары соғыстың аяқталуы.


Мұғалім әңгімелесу барысында сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, ХІХ ғасырдың 80—90-жылдарындағы халық-

аралық жағдайдың шиеленісуі екі әскери одақтың құрылуына алып келгендігіне көңіл аударады.

“1916 ж. “Үш император” одағы Англияға қарсы бағытталса, 1882 ж. Францияға қарсы бағытталды”, — деп, мұғалім әңгімесін жалғастырады.

XX ғасырдың бас кезіндегі халықаралық жағдайдың одан әрі шиеленісуінің себептеріне тоқтала келіп, екі соғыс одағының қалыптасуы туралы мәліметті тақтаға сызба түрінде жазып, оқушыларға түсіндіреді.

*Кестенің үлгісі № 5*



Кестеде берілген мәліметтерді оқушыларға түсіндіру кезінде оларды өткен сабақтармен байланыстырып, оқушылардың білім деңгейлерін тереңдетуге арналған тапсырмалар түрінде жүргізуге болады.

1870—1871 жж. Франция-Пруссия соғысынан кейін Германия мен Францияның қарым-қатынасының шиеленісуінің себептері туралы сөз еткенде: “Не себептен Балқан халықаралық шиеленістің орталығы болды?” — деп сұрақ қойып, 1908—1909 жж. Босния дағдарысы туралы әңгімелеп беруге болады. Бұдан әрі: “Австро-Венгрия мен Ресейдің қарым-қатынасы неге өзгерді?”, “Ресейдің Балқан саясатына араласуының мақсаты қандай?”, “Ресей Балқан соғысында қандай рөл атқарды?” деген сұрақтар қойылады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептерін осы сұрақтар арқылы анықтау жеткілікті деп қараған жағдайда, мұғалім соғыстың басталуы себепін оқулық материалы көлемінде баяндайды немесе оқулықтан оқушылардың қарап келуіне тапсырма береді. Оқушыларға қосымша тапсырма ретінде 1914—1915 жж. соғыс қимылдарының барысы туралы кесте толтыру тапсырылады. Негізгі мәселе — соғысқа көптеген елдердің тартылуы. Германия билігінің соғыс

жоспарының күйреуі. 1914 ж. Марнадағы шайқас. 1915 ж. Ресей әскерінің шығыс майдандағы герман әскеріне соққысы. Соғыстың “қауырт соғыстан” “қорғаныс соғысына” көшуі. 1916 ж. орыс әскерінің шығыс майдандағы шабуылдары. 1914—1915 жж. соғыстың қорытындылары туралы қысқаша мына төмендегі мәліметтерді оқушылар дәптерлеріне жазып алады:

*Кестенің үлгісі № 6*

**1914—1915 жж. соғыстың қорытындылары**

Антанта	Үштік одақ
1. Өндірістің соғыс жағдайына сай қайта құрылмауы	1. Киль каналы қызметінің жақсаруы
2. Францияның Бельгиямен екі арадағы шекарада бекінісінің болмауы	2. Неміс артиллериясының күш қуатының артуы. Крупн зауыттарында зеңбіректердің жаңа түрлерінің шығарылуы
3. Құрлықтағы әскердің әлсіздігі	3. Германияның “қауырт соғысқа” дайындалуы
4. Әскери-теңіз флотының дайындығы едәуір жақсы болды	4. Неміс армиясының сан жағынан артықшылығы. Австро-Венгрияның әскери қуатының артуы

Мұғалімнің міндеті — оқушыларды тарихи оқиғалар мен құбылыстарды терең игеруге, оқиғаның желісін әсерлі баяндап беруге баулып, оқиғаларды суреттегенде, көрнекі құралдарды тиімді пайдалана отырып, олардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту.

Мұғалімнің дәрісі бойынша оқушылар кесте толтыруды одан әрі жалғастырады. Шығыс майдандағы сәтсіздіктер Ресейді Галиция мен Польшаны, Латвияның бір бөлігін және Белоруссияны тастап кетуге мәжбүр етті. 1915 жылғы соғыстың қорытындылары туралы Түркияның Австро-Венгрия-Германия әскерімен қосылуының себептері туралы мұғалім әңгімелеп береді.

1916 жылғы соғыс қимылдары: Верден, Сомма түбіндегі шайқасты түсіндіруде картина, оқулық материалдары пайдаланылады. Батыс және Шығыс майдандардағы соғыс қимылдарының нәтижелерін тақтаға мына сызба-кесте түрінде жазып, оқушылардың назарына ұсынуға болады:

1916 ж. Германия мен Ұлыбританияның теңіздегі шайқастары болды. Ұзаққа созылған соғыс Антантаның әскери-экономикасын әлсіретті.

*Кестенің үлгісі № 7*

**1916 жылғы соғыс қимылдары**

Батыс майдан	Шығыс майдан
1916 ж., 24 ақпан — Верден шайқасы. 1916 ж. — Сомма өзеніндегі шайқас. Екі жақтың да ауыр шығынға ұшырауы. Германияның батыс майдандағы белсенді күштерінен айырылуы	1916 ж., 5 маусым — генерал Брусиловтың Буковина, Галицияны алуы. 1916 ж., тамыз — Румынияның Антанта жағына шығуы. 1916 ж., желтоқсан — Румынияны неміс әскерінің басып алуы

*Кестенің үлгісі № 8*

**1917 жылғы соғыс қимылдары**

Батыс майдан	Шығыс майдан
1917 жылдың күзінде Италия жеңіліске ұшырады. Германия 16—60 жас аралығындағы ерлерді әскерге шақырды. 1917 ж. фельдмаршал фон Гинденбургтің жаңа жоспарын бекітті. Германияның батыс майдандағы күші әлсіреді	1917 жылдың 6 сәуірінде АҚШ Германияға соғыс жариялады. 1917 жылы Бразилия Үштік одаққа соғыс жариялады

*Кестенің үлгісі № 9*

**1918 жылғы соғыс қимылдары**

Батыс майдан	Шығыс майдан
Германияның 1918 жылдың шілдесіндегі сәтсіз шабуылы. 1918 жылдың 18 шілдесінде неміс әскерінің Марна түбіндегі жеңілуі. 1918 жылдың 29 қыркүйегінде Болгария бірлестігіне қол қойылды. 1918 жылдың қазанында Түркия тізе бүкті. 1918 жылдың 3 қарашасында Австро-Венгрия Антантамен бітімге қол қойды	1918 жылдың наурызындағы Германиямен Брест-Литовск келісімі. Ресей Украинаның бір бөлігі мен Белоруссияның Брест, Белосток жерлерінен айырылды. 1918 жылғы ақпанда неміс әскерлерімен шайқаста жеңіске жетіп, бітім сұрады

Германия одақтастарынан айырылған соң амалсыздан бітім сұрауға мәжбүр болды.

1918 жылғы 11 қарашада Компьен орманында бітімге қол қойылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс осымен аяқталды.

Кең көлемді тақырыпты оқытып-үйретуде терең де тиянақты білім беру, түсіндіру үшін, мұғалімнің кәсіби іскерлігі мен шеберлігі қажет. Карта, картина, сызба-кесте, оқушылардың хабарламалары мен сұрақ-жауап, әңгімелесу әдіс-тәсілдері арқылы сабақта дәріс беруді өз деңгейінде жүргізіп, ұйымдастыру керек. Сабақты жүргізудің екінші нұсқасын проблемалық сабақ түрінде қарастырып отырмыз. Оқулықтың мәтінін пайдаланып, өз бетімен жұмыстың түрлерін де ұйымдастыруға болады. Соңында тест және сұрақтар арқылы оқушылардың білік-дағдыларын тексеру жұмыстары қарастырылады.

Мұндай әдіс-тәсілдердің тиімділігі: оқушылардың белсенділігін арттырып, пікірлерін еркін айтуға үйретіп, ойланып, өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік береді, басқалардың пікірі мен көзқарасын сыйлауға тәрбиелейді.

## II тарау. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДҮНИЕЖҮЗІ

### § 3. Версаль-Вашингтон жүйесі

*Сабақтың мақсаты.* Сабақта халықаралық қатынастардың типтерін, атқаратын қызметі мен міндеттерін уақыт талабына сай тарихи тұрғыдан түсіндіру міндеті қарастырылады.

Мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөле отырып, жеке хабарламалар дайындауға, тарихи үдерістер туралы көзқарастары мен пікірлерін қысқа да ұтымды түрде айтып беруге, кейбір афоризмдерді орынды қолданып, нақты әрі дәлелді жауап беруге үйретеді.

Сабақтың семинар және зертханалық жұмыс жүргізу әдісімен құруға болады. Бұл орайда карта, техникалық құрал (кодоскоп), сызба-кесте, картина, суреттер қолданылады.

#### I. Үй тапсырмасын тексеруде:

1. Екі әскери-саяси одақтарға кірген мемлекеттерді картадан көрсетіп, мақсаттары туралы қысқаша айтып берулері сұралады.
2. 1914—1915 жж. әскери соғыс қимылдары туралы кесте бойынша негізгі оқиғаларға шолу жасап, қорытынды жасау талап етіледі.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының қорытындылары туралы жалпы шолу жасалады.

II. Жаңа сабаққа дайындықта семинар сабағының сұрақтары оқушыларға алдын ала беріледі. Мұғалімнің нұсқауымен оқушылар қосымша деректер, сызба-кесте, мәліметтер, хабарламалар дайындап келеді. Керекті көрнекі құралдар мен деректі материалдар тарих кабинеті мен мектеп кітапханасында қаншалықты дәрежеде жеткілікті екендігін мұғалім қосымша тапсырмалар бергенде оқушылардың естеріне салып отыруы керек.

Семинар сабағында оқушылар жекелеген топтарға бөлініп, қосымша деректер дайындайды. Кейбірі Вудро Вильсон (АҚШ), Ллойд Джордж (Ұлыбритания), Жорж Клемансо (Франция) аттарынан әр елдің көздеген мақсаттары туралы баяндап береді.

Оқушылар оқулық пен қосымша материалдардан үзінділер келтіріп, суреттерді пайдаланып, аталған мемлекет басшыларына сипаттама береді.

Келесі оқушылардың 2-3-еуі картадан Париж конференциясына келген елдерді көрсетіп, Ресей мемлекетінің қатыспау себебіне қысқаша тоқталады. Қалған оқушылар Париждің айналы Версаль сарайын суреттеп, әңгімелеп береді.

Семинар сабағында оқушыларды түгел қатысуын, әрқайсысының белгілі бір тапсырманы орындауын ұйымдастыру қажеттігі қарастырылады.

*Семинар сабағын жүргіздің екінші бір әдісі:* оқушыларды екі топқа бөліп, конференцияда қаралған маңызды мәселелер мен шешімдерді анықтау болып табылады.

Бірінші топтың оқушылары (4-5 оқушы) АҚШ президенті В. Вильсонның 1918 ж. 18 қаңтарда жолдаған 14 пунктін баяндайды.

Оқушыларға 14 пунктті оқулық хрестоматиясынан оқып шығуға немесе сол кезеңге сәйкес жерлерін ғана қарастыру еркі беріледі.

Екінші топтың оқушылары (4-5 оқушы) пункттің сұрақтарын қағазға жазып, тақтаға іледі немесе кодоскоп арқылы экранға түсіріп, негізгі мәселелерін айтып береді.

Оқушылар Париж конференциясының шешімдерін кезекпен картаны, өздері дайындаған сызба-кестені, картина, суреттерді пайдалану арқылы баяндай алады. Қалған оқушылардың сұрақ қойып, қосымша деректерді айтып, әңгімелеп беруіне мұғалім басшылық жасайды.

Париж бітім конференциясының маңызы сұрақ-жауап арқылы оқушылардан сұралады.

Мұғалім оқушыларға: “АҚШ-тың конференцияда Франция, Бельгия туралы ұстанымдарының мәні мен маңызы неде?” деген сұрақ қойып, тақтаға “*жаңа дүниежүзілік тәртіп*”, “*ашық есік*”, “*тең мүмкіндік*” деген сөздерді жазып, осы сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп өтеді. Оқушылардың осы сөздерді дәптерлеріне жазып алуын қадағалап, тарихи ұғымдағы сөз тіркестерін, жаңа терминдерді есте қалдыруы үшін жаздыру, қайталау сияқты әдістемелік тәсілдері қолданылады.

“Еуропа мемлекеттері Париж конференциясында дүниежүзін қайта бөлісу саясатын жүргізді деген көзқарасқа қалай қарайсыңдар?” — деп сұрақ қойып, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа мемлекеттерінің шекарала-



рындағы өзгерістер туралы 1-2 оқушыдан сұрауына болады. Оқушылар картаны пайдаланып өз пікірлерін айтып береді.

Мұғалім Еуропа елдеріндегі Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі түбегейлі өзгерістерді Түркия және Араб елдеріндегі оқиғалармен байланыстырып, салыстырмалы түрде қарауға көңіл аударуы қажет.

Оқулық мәтінін пайдалана отырып, мұғалімнің көмегімен №10-кестені толтыруға болады.

*Кестенің үлгісі № 10*

**Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттер**

	Жылдар	Оқиғалар
1.	1918 ж., көктем	Финляндия Республикасы жарияланды
2.	1918 ж., 12 қараша	Австрия Республикасы жарияланды
3.	1929 ж., қаңтар	Югославия корольдігі құрылды. (Құрамына: Черногория, Сербия, Хорват, Словен кірді)
4.	1920 ж.	Чехословакия Республикасы құрылды
5.	1920 ж., сәуір	Түркияда М.Кемал пашаның басқаруымен парламенттік Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы құрылды
6.	1921 ж.	Йемен мемлекеті, Сауд Арабиясы корольдігі құрылды
7.	1922 ж.	Литва парламенттік республикасы құрылды
8.	1922 ж.	Украинада, Белоруссияда, Өзірбайжанда, Арменияда, Грузияда кеңестік республикалар жарияланды
9.	1923 ж., 29 қазан	М.Кемал Ататүрік Түркия республикасының тұңғыш президенті болып сайланды
10.	1926 ж., мамыр	Польшада Ю.Пилсудскийдің басшылығымен мемлекеттік төңкеріс жасап, “сауықтыру”— “санация” тәртібін енгізді
11.	1934 ж., наурыз	Эстонияда К.Пятстің диктаторлық режімі орнады
12.	1934 ж., мамыр	Латвияда К.Ульманистің режімі орнады

Кесте бойынша бірнеше сұрақтар қойылады. Аталған мемлекеттердің қайсысында демократиялық және авторитарлық басқару билігі орнады? Украина, Белоруссия, Өзірбайжан, Армения, Грузияда құрылған республикалардан Финляндия Республикасының айырмашылығы бар ма? Мұғалім көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат, журналист, педагог, Сауд Арабиясында жеті жыл кеңестік дипломат қызметін атқарған Нәзір Төреқұлов жөнінде мағлұмат беріп, оқушыларға келесі сабаққа шағын хабарлама немесе реферат жазып келуді тапсыруына болады.

Вашингтон конференциясы туралы “ашық есік”, “тең мүмкіндік”, “Тоғыз державаның шарты”, “Бес державаның шарты” деген ұғымдар мен түсініктерге тоқталып, сабақты аяқтауға болады. Үй тапсырмасына жұмыс дәптерлеріне жазып алған мәліметтерге қарай отырып, ұғымдар мен жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп беруге дайындалып келулеріне нұсқау беріледі.

Версаль-Вашингтон жүйесінің баянсыздығы туралы мұғалім түсінік беріп, картаны (“Дүниежүзінің саяси картасы”) пайдаланып, шолу жасауына болады.

“Рур дағдарысы”, Локарно конференциясы, “Рейн кепілдік пактісі” деген тарихи оқиғаларға сипаттама беріп, оқушылардың дәптерлеріне жазып алуларына мүмкіндік беру қажет.

#### **§ 4. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсеңдеуі**

*Сабақтың мақсаты.* Сабақта Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықтың тұрмысы нашарлап, үлкен өзгерістердің пайда болғандығы туралы айтылады.

20-жылдардағы демократиялық қозғалыс өзінің шыңына жетіп, кейбір елдерде фашизмнің пайда болуы мен фашистердің өкімет басына келуінің себептері түсіндіріледі.

Сабақтың негізгі мәселелерін түсіндіруде төмендегі әдіс-тәсілдерді ұсынып отырмыз.

Мұғалім сабақты ауызша баяндау әдісімен проблемалық сұрақтар қойып, сурет бойынша әңгімелесу әдісін қолдана отырып, оқулықпен жұмыс түрлерін жүргізуді ұйымдастырса болады.

Карта, қосымша деректер, жаднама, “Буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық революциялар туралы” көрнекіліктерді пайдалану ұсынылады.

I. Өткен сабаққа карта бойынша шолу жасай отырып, “Версаль-Вашингтон” жүйесінен кейінгі еуропалық мемлекеттердің аумағындағы өзгерістер туралы айту. Жерінен айырылған елдерді атап, себептерін түсіндіру. “Қандай елдер аумақтарын кеңейтуге мүмкіндік алды?” деген сұрақтар қойып, қорытынды жасап кетуге болады.

### Сабақтың үлгі жоспары

1. Бұқаралық қозғалыстардың жиілеуі.
2. Дамудың екі жолы.
  - 2.1. Революциялар.
  - 2.2. Веймар Республикасы.
3. Батыс елдеріндегі реформалар.
4. Демократиялық қозғалыстар табыстарының төмендеуі.
5. Жұмысшы және социалистік қозғалыстың жіктелуі.
6. Экономикалық өрлеу.
  - 6.1. Компартиялар ықпалының төмендеуі және социал-демократияның нығаюы.

Бұл сұрақтарды бағдарлама бойынша да қарап, оқушыларға таныстыруға болады. Оқушылардан Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындыларын еске түсіріп, фактілер келтіру сұралады. Сұрақтарға ауызша жауап беру қарастырылады. Соғыстың материалдық шығындары туралы мәліметтер беріледі.

Мұғалім Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі материалдық шығынның орасан зор болғандығына, соғыстың әкелген ауыртпалығына, адамдардың көңіл күйінің өзгеруіне, яғни соғыстың Төрттік одақ елдеріндегі халықтар жағдайының нашарлап, ал, керісінше, Антанта елдерінің ішіндегі АҚШ, Франция, Ұлыбритания халықтарының тұрмыс дәрежелерінің жақсаруына алып келгеніне, соғыста жеңілген елдерге оқушылардың назарын аударып, картадан аталған елдердің ішіндегі Германияға келіп тоқталады.

Келесі қарастыратын мәселе — Германия. Германияны қандай тағдыр күтіп тұрды? Ол дамудың екі жолының — революциялық және ескі тәртіпті өзгерту жолының қайсысын таңдады? Себебі неде? Германияның тағдыры соғыстан кейін өзіне тәуелді болды ма? Ресейдегі революция мен Ресейдің ең үлкен отары Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азат-

тық қозғалысының дүниежүзілік соғыстың барысына әсері қандай болды? Жалпы Ресейдегі құрылған большевиктердің өкімет басына келуінің жеңілген елдер ішіндегі Германияға, Венгрияға әсері болды ма? деген сауалдар мен жаднамадан буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық революциялар мен Германиядағы революцияның сипатын анықтайтын сұрақтарға жауап беру оқушылардан сұралады. Әдістемелік құралдың соңында берілген жаднаманың сұрақтарына жауап береді.

Германиядағы революцияға байланысты тақырыптан үзіндіні тауып оқуларына тапсырма беріліп, әрі қарай оқушылармен әңгімелесу барысында мұғалім Германиядағы оқиғалар мен Веймар Республикасы туралы қысқаша тоқталып, қандай мәселелерге көңіл аудару қажеттігі туралы тезис түріндегі сұрақтар ретінде мыналарды оқушыларға ұсынуына болады:

1. Киль теңізшілерінің көтерілісі.
2. 1918 ж. өкімет басына социал-демократ Фридрих Эберттің келуі.
3. Император II Вильгельмнің тағдыры.
4. Берлинде 1918 жылы 18 қарашада екі партияның өкілдерінен уақытша үкімет — Халық өкілдері кеңесінің құрылуы.
5. Құрылтай жиналысын шақыру.
6. “Спартак” қозғалысының рөлі.
7. “Бүкіл өкімет билігі кеңестерге берілсін” деген Ресейдегі ұранның Германияда күн тәртібіне қойылуы.
8. Қарулы көтеріліс жасау әрекетінің сәтсіздікке ұшырауы.
9. “Спартак” қозғалысы басшыларының өлтірілуі.
10. Веймар Республикасының құрылуы.
11. Веймар Республикасының тұңғыш президенті.
12. Бавария Кеңестік Республикасы.
13. Берлиндегі бүлік, Бавария Кеңестік Республикасының құлауы.

Бұдан әрі жеңген елдерді атап берумен бірге, ол елдерде халық тұрмысының жақсару себептерін, АҚШ, Франция, Ұлыбритания мемлекеттерінің алдында қандай міндеттер тұрғандығына, Швеция елі Конституциясының басқа елдерден өзгешелігі неде екендігіне тоқталып, осы сұрақтардың жауабын оқулықтан тауып келуге тапсырма беріледі.

Реформалардың сипатты белгілеріне төмендегі кестені толтыруға болады.

## Реформалар

Елдер	Реформалардың көріністері	Әр елде реформалардың жүзеге асуының өзіндік ерекшеліктерін сәйкестендіру
1. Ұлыбритания 2. Франция 3. Норвегия 4. Швеция 5. Нидерланды	а) 8 сағаттық жұмыс күні ө) ер адамдармен теңқатарлы әйелдердің сайлау құқығы б) кәсіподақтың жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу құқығы в) соғыста қаза тапқан азаматтардың отбасына мемлекеттік көмек беру г) зейнетақы төлеу д) арзан пәтер құрылысын салу шаралары	

“Бірінші дүниежүзілік соғыс халықаралық жұмысшы қозғалысына да елеулі өзгеріс енгізді. Социалистік және жұмысшы қозғалыстары болып, II Интернационал екіге бөлінді”. II Интернационалды кім, қашан құрғандығын білесіңдер, жұмысшы және социалистік қозғалысқа басшылық беретін халықаралық ұйым құру қажеттігі неден туындады?” деген сұрақтармен қатар III Интернационал (коммунистік) деп аталған (қысқаша — *коминтерн*) халықаралық ұйымның Мәскеуде құрылуының себебі, II Интернационалдың біріншіден айырмашылығы, негізгі ұраны, мақсаттары қандай болды?” деген сұрақтарға жауап беріп кетеді.

“Кеңестік Ресей жазушысы М. Шолоховтың “Тынық Дон” романында бастауыш партия ұйымының хатшысы Нагульнов ағылшын тілін не үшін оқып-үйрену керек деп ойлады?”, “Коммунистердің дүниежүзілік революция туралы қиялдары неге толығымен жүзеге аспады?”, “Кеңес үкіметі дүниежүзілік социалистік революцияның болмайтындығын қай кезде түсінді?” Нақты сұрақтарға оқулықтан, қосымша материалдардан, ал проблемалық сұрақтарға жауап беруді мұғалімнің қалауымен оқушылардың білім дәрежелеріне сәйкес кейінірек курстың аяқ кезіне қарай қалдыруына да болады.

## **II. Жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтардың үлгілері**

1. Дамудың екі жолы дегеніміз не?
2. Веймар Республикасының сипаты қандай?
3. Батыс Еуропа елдеріндегі реформалардың сипаты қандай?

## **III. Үйге берілетін тапсырмалардың үлгілері**

2-сұрақтың 1-2 тақырыпшаларына арналған тезиске жауап дайындау.

1. Дамудың екі жолы.
2. Соғыстан кейінгі Германияның тағдыры.
3. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының дүниежүзілік соғыстың барысына әсері.

## **§ 5. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы**

*Сабақтың мақсаты.* Тақырыптың ауқымдылығын ескере отырып, оқушылардың назарын негізгі мәселелерге аударып, кеңестік большевиктер үкіметінің орнауы, алғашқы кеңестік декреттердің мәні мен сипатын ашып көрсету.

Азамат соғысы мен интервенция, КСРО-ның құрылуы, Шығыс мәселесі, Кеңес үкіметінің азамат соғысы мен соғыстан кейінгі экономикалық саясатын, Сталиндік индустриаландыру мен ұжымдастыру саясатының салдары мен қуғын-сүргін саясатының құрбандарымен таныстыру, олардың тағдырлары туралы және Кеңес Одағының сыртқы саясатындағы дипломатиялық қатынастарының табыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Саяси режимнің түрлерін ажыратуға үйрету. Қосымша тарихи әдебиеттерді қолдана отырып, оқулық мәтінін өз бетімен саралап, талдау дағдыларын одан әрі дамыту.

*Сабақтың көрнекілігі:* карта: “КСРО 1918—1919 жж. азамат соғысы мен интервенция жылдарында”, “КСРО 1919—1920 жж. азамат соғысы мен интервенция жылдарында”, портреттер мен сұлбалар, кесте.

Сабақты өткізудің әдістемелік екі жолын ұсынып отырмыз.

*Бірінші әдістемелік жолы:* лекция, баяндау, сұхбат әдісін қолдана отырып, карта және кесте арқылы түсіндіру. Тарихи оқиғалар мен мемлекет басшылары және қолбасшылардың портреттері немесе суреттері арқылы таныстырып, шағын сипаттама беру, олардың тарихтағы рөлін түсіндіріп кету. Азамат соғысының кезеңдерін оқулықтан оқытып, әр

кезеңіне сипаттама беру. Мұғалімдер өз тәжірибелеріне сүйеніп отырып, азамат соғысының майдандарына тоқталып, негізгі соғыс қимылдарын лекция арқылы баяндап, сол бойынша оқушылардың кесте толтыруы қарастырылады. Азамат соғысы ұғымы оқушылармен әңгімелесу барысында түсіндіріледі.

*Екінші әдістемелік жолы:* “1917 жылғы екі революция” атты фильмінен үзінді көрсетіп, оқушылардың пікірлерін тыңдап, пікірталас ұйымдастыруға болады.

Пікірталастың үлгі тақырыптары:

1. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы — В. И. Ленин.

2. В. И. Ленин — тарихта бетбұрыстың жаршысы.

Азамат соғысы мен шетел интервенциясы картасын қолдана отырып шолу жасағаннан кейін, Кеңес үкіметінің соғыс кезіндегі әскери коммунизм және соғыстан кейінгі жаңа экономикалық саясаты жөнінде оқулықпен жұмыс жүргізуге болады. Тақтаға сұрақтар жазып, оқушылардың сұрақтарға жауап беріп, өз бетімен төмендегідей кестені толтыруына тапсырма беріледі.

*Кестенің үлгісі № 12*

#### Азамат соғысы мен шетел интервенциясы

Соғысушы елдер майдандары	Соғыс қимылдары	Кеңес үкіметі майдандарының әскери қолбасшылары
1	2	3
Германия әскерлерінің шабуылы	1918 ж., 18 ақпан, Балтық бойы	Солтүстік Батыс, Балтық флоты, Қызыл әскер бөлімдері
Неміс-венгр әскерлері	Белоруссия, Украинаның бір бөлігі, Ростов, 1918 ж., көктем	Батыс, Оңтүстік Батыс майдандар: Н.А.Щорс, Г.И.Котовский, М.Н.Тухачевский, А.Я.Пархоменко
Ағылшын-жапон әскерлері	Қиыр Шығыс, Владивосток	Қиыр Шығыс майданы, Қызыл әскер бөлімдері
Ағылшын-американ әскерлері	Архангельск, Мурманск	Солтүстік майдан: Е.А.Миллер
Чехословак корпусы, Дутов әскері	Еділ бойы, Сібір, Урал, 1918 ж.	Шығыс майдан: С.С.Каменев, В.И.Шорин, М.В.Фрунзе

1	2	3
Деникин әскері	1919 ж., жаз. Қырым, Оң жағалық Украина	Оңтүстік майдан: А.И.Егоров, С.М.Буденный. Революциялық кеңес мүшелері: И.В.Сталин, Г.К.Орджоникидзе
Врангель әскері	Кубань, Қырым, Перекоп, Чонгар	М.В.Фрунзе

Әскери коммунизм және жаңа экономикалық саясат тақырыптарын төмендегідей үлгі тақырыптар ұсыну арқылы түсіндірген жөн.

1. Әскери коммунизм саясаты қашан енгізілді? Мақсаты.
2. Жаңа экономикалық саясат қашан қабылданды? Мақсаты.
3. Еңбекке көзқарас.
4. Өндіріске басшылықтың сипаты.
5. Ауыл шаруашылығының жағдайы.

Үлгі тақырыптарды төмендегі кесте арқылы толықтырып, оқушыларға мазмұндап беруге болады.

Кестенің үлгісі № 13

Рет саны	Әскери коммунизм	Жаңа экономикалық саясат
1	2	3
1.	1918 ж. барлық күшті жауға қарсы жұмылдыру, бір орталықтан басқару.	1921 ж. наурыз. Ашаршылықтан, дағдарыстан шығу. Өндірісті қайта қалпына келтіру.
2.	Жаппай еңбек міндеткерлігі (1920 ж.) туралы 29 қаңтардағы ХКК-нің декреті.	Жалдамалы еңбек. Еңбек міндеткерлігінің жойылуы.
3.	Салғырт саясаты.	Салғыртты салықпен алмастыру.
4.	Жалақының орнына азық-түлік талоны, теңгермешілік принципінің болуы.	Еңбегіне қарай төлем төлеу. Пәтерақы, көлікке, коммуналдық қызметке ақы төлеудің енгізілуі, тауар ақша қатынасының дамуы.



1	2	3
5.	Тұрғын үйге, көлікке, коммуналдық қызметке төлем-ақыға тыйым салу.	
6.	Өнеркәсіптің барлық түрін мемлекеттік меншікке айналдыру. Шектен тыс орталықтандыру үрдісі.	Ұсақ, орта кәсіпорындарды жеке кәсіпкерлерге жалға, шетелдерге концессияға беру. Шетел инвесторларын тарту. Ақша реформасы. Шаруашылық есепке көшу. Әйтсе де өнеркәсіптің көп бөлігі, сауда мемлекеттің қолында қалды. Нақты салық салынды. Өнімінің бір бөлігін шаруа өз керегіне жарата алды. Кеңес үкіметі шаруаларға бет бұру арқылы билікті сақтап қалу мақсатын көздеді. Егіс көлемі артты. Салықтың көлемі отбасындағы адамдардың саны мен малдарының санына қарай белгіленді.
7.	1918 ж., 2 желтоқсан. Кедей комитеттерінің таратылуы, 1919 ж., 11 қаңтар. Астық пен ауылшаруашылық өнімдеріне салғырт Декреті. Артық өнімді мемлекетке өткізу. Азық-түлік диктатурасы. “Кедейден — ештеңе, орташадан — шамамен, байлардан — бәрін”.	

**Қорытынды.** “Әскери коммунизм” саясаты әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің қалыптасуына түрткі болды. Экономикалық дағдарыс басталды. Қала мен деревня арасындағы байланыс үзілді. Ашаршылық пен індет етек алды. Халық бұқарасының Кеңес үкіметіне қарсы наразылығы күшейді.

Төменде берілген мәліметтер кесте түрінде тақтаға жазылып, жаңадан салынған құрылыстар жайында әңгімеленеді.

*Кестенің үлгісі № 14*

#### Бесжылдықтар кезеңдері

Бесжылдықтар	Өнеркәсіп өнімі
Бірінші бесжылдық — 1928—1932 жж. Екінші бесжылдық — 1933—1937 жж. Үшінші бесжылдық — 1938—1942 жж.	Ауыр өнеркәсіп — 2,8 есе, мәшине жасау — 4 есе. Бүкіл өнеркәсіп өнімі 2,2 есе. 1928 ж. салыстырғанда, 4,5 есе. Өнеркәсіп өнімінің 80 пайызын жаңадан салған кәсіпорындар берді. Стахановшылар қозғалысы еңбек өнімділігінің артуына себепші болды. Стахановшылар еңбек нормасын 7 т. орнына 102 т-ға өсірді. Айлық жалақылары 700 сомнан 2000 сомға дейін көтерілді.

“Алаш” партиясы мен дербес мемлекеттік бірлестік — Алашорда үкіметі туралы мұғалім Қазақстан тарихынан оқушылардың кеңінен танысатындығын ескертіп, атап кетсе болады.

Мұғалімнің оқушылардың назарын ерекше аударуға қажетті мәселесінің бірі — индустрияландыру мен ұжымдастырудың салдары мен Сталиндік зобалаңның құрбандары туралы. Бұл мәселелерді оқытып-үйретуде төмендегі әдіс-тәсілдердің бірін ұсынбақпыз.

Лекция, зертханалық жұмыс, оқушылардың жұмыс дәптеріне мұғалімнің көмегімен негізгі оқиғаларды жазып алуы.

Мұғалім кіріспе сөзінде социалистік индустрияландыру мен ұжымдастырудың мақсаттары мен уақытына тоқталып өтеді.

**Лекция.** “Кеңес үкіметінің ең басты мақсатының бірі — экономиканы дамыту мәселесі 1925 жылы партияның XIV съезінде қарастырылды. Оның негізгі мақсаты айқындалды. Елдің техникалық-экономикалық артқақалушылығын жою; экономикалық тәуелсіздікке жету; мықты қорғаныс экономикасын құру; өнеркәсіптік отын, металлургия, химия, мәшине жасау сияқты негіздер қалау. Индустрияландыру көп шығынды қажет етті. Егер капиталистік мемлекеттер қажетті қаражатты отарларын қанау арқылы тапса, Кеңес үкіметі “ішкі қанау” арқылы шаруалардың есебінен жүргізуді ойластырды” деп, тақтаға 1928—1932; 1933—1937; 1938—1942 жылдардағы бесжылдықтардың жылдарын жазып қояды. Оқушыларға сұрақ қойылады: “Не себепті Кеңес үкіметі жаңа экономикалық саясаттан бас тартып, елді индустрияландыру мен ұжымдастыру бағытына көшірді?”, “Кеңес үкіметі елді индустрияландыру мен ұжымдастыру арқылы негізгі мақсатына жетті деп ойлайсындар ма?”. Сұрақтарға жауапты лекцияның соңында немесе сабақты қайталау кезінде алуға болады. Тақтаға индустрияландырудың бесжылдықтардағы орындалу барысы туралы сандық мәліметтер кесте түрінде тақтаға жазылып, жаңадан салынған құрылыстар картадан көрсетіледі.

Кеңес үкіметі 30-жылдардың соңында өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша дүниежүзінде екінші орынға шықты. Ауыр өнеркәсіпті дамыту үшін Кеңес үкіметі қандай құрбандықтарға барды? Өнеркәсіп өнімінің жоғары болғандығына қарамастан халық тұрмысының төмен болуының себебі неде?

Мұғалім лекциясын жалғастыра отырып, Сталиннің 1929 ж. 7 қарашадағы “Правда” газетіндегі “Ұлы бетбұрыс” атты мақаласына тоқталып, ұжымдастыру дегеніміз — ресми құжаттарда: “Деревняда социалистік қайта құруларды жүзеге асыру” деген мақсаты түсіндіріліп кетеді.

Оқушылар оқулық пен қосымша деректерді қолдана отырып, ұжымдастырудың кезеңдерін атап, сипаттама береді. Мұғалім ұжымдастыру туралы толық мәліметтерді Қазақстан тарихынан қарастыруға болатындығын ескертіп, қорытынды жасайды.

КСРО-ның 20—30-жылдарындағы дипломатиялық қатынастар орнатқан елдері карта бойынша жылдары тақтаға жазылып түсіндіріледі.

Мұғалім сабақта кездескен ұғымдарды оқушылардың дәптерлеріне жазып алуын қадағалайды.

*Үйге тапсырма.*

1. Азамат соғысы туралы карта бойынша әңгімелеуге дайындалып келу.

2. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық ретінде:

а) Әскери революциялық комитет;

ә) Жалпыресейлік II съезд;

б) Бүкілресейлік орталық атқару комитеті;

в) “Жер туралы декрет” комитеті;

г) “Әскери коммунизм” саясаты;

д) Алашорда үкіметі;

ж) “Алаш” партиясы;

з) Автономиялық Қырғыз (қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасы;

и) Түркістан Социалистік Кеңестік Республикасы;

к) жаңа экономикалық саясат;

л) коминтерн деген сөздің мағыналарын айтып беруге дайындалып келуге тапсырма беруге болады.

## **§ 6. АҚШ: “Жаңа бағыт” саясаты және Латын Америкасы елдері**

Бұл параграфты түсіндіруде мұғалімге тақырыптың ерекшелігіне орай әдістемелік тәсілдердің екі жолын ұсынып отырмыз.

1) сұрақ-жауап, әңгімелесу;

2) лекция.

*Сабақтың мақсаты.* Ф.Д. Рузвельттің “жаңа бағыт” саясаты мен Латын Америкасы елдерімен қарым-қатынасына сипаттама беру.

Ф.Д. Рузвельттің кезіндегі сыртқы саясаттың бағыттары.  
*Жаңа сөздер:* “жаңа бағыт”, “тату көрші саясаты, “ағайындық көмек”.

*Сабақтың барысы.* Үй тапсырмасын тексеруде 10—15 минуттық жазба жұмысын алу. Жазба жұмысын тарихи диктант, тест немесе шағын шығарма түрінде беруге болады.

Мұғалім тақырыпты Г. Гувердің президенттікке келуі туралы сұрақ-жауаптан бастауына болады.

“Не себепті дүниежүзілік экономикалық дағдарысты АҚШ бірінші болып басынан кешірді?”

*Жауаптың үлгісі:* АҚШ ең дамыған индустриалды держава еді. Өнеркәсіптің жаңа салалары ең жоғарғы даму сатысына жетті. Сондықтан да бұған дейінгі экономиканың дамуының үдерістері АҚШ үшін дағдарыстың ерекше ауыр болуына алып келді.

“Дағдарыстан шығудың саяси идеологиялық бағыты қандай болды?”

*Жауаптың үлгісі:* Өз күшіне сену. Еркін сауда мен кәсіпкерлікті дамыту. Бұл идеологиялық көзқарас дағдарыстан шығуда кедергі келтірді.

*Мұғалімнің қосымша мәліметі.* Дағдарыс Г. Гувер кезінде кең етек алды. Г. Гувер мемлекеттің экономикаға араласуына мүлде қарсы адамның бірі болды. Шын мәнінде Г. Гувер елді дағдарыстан шығару үшін ештеңе де істемеді.

Оқушыларға оқулықта берілген Ф. Д. Рузвельттің өмірбаянымен танысуға 2 минуттай уақыт беріледі.

Мұғалім лекциясын жалғастырып, кейбір мәліметтерді баяндайды. 1933 жылы наурыз-маусым айларында президент Рузвельт конгресс арқылы бірнеше заңдарды қабылдады. Бірінші қаңтарда жұмыссыздыққа қарсы күрес мәселесі болды. Роберт Вагнердің “Еңбек қатынастары” туралы заңы бойынша қоғамдық жұмыстарға тарту, кәсіподақ ұйымдарына кіру, келісімшарт жасау қарастырылды. Жұмыссыз жастар үшін еңбек лагерьлері құрылды. Жастар ағаш егумен, суландырумен, арықтар қазумен айналысты. Мемлекеттің араласуын қажет ететін *НИРА* заңы қабылданды. *Ұлттық өнеркәсіпті қалпына келтіру заңы* әділ бөсеке мәселесін көтерді.

*Мұғалімнің сұрағы:* Соңғы заңның мақсаты қандай?

*Жауабы:* Ауылшаруашылық өнімдерінің бағасына бақылау орнату.

1935 жылы Жоғары соттың шешімі бойынша, НИРА және ААА заңдары жойылды. Оқушылармен әңгіме, сұрақ-жауаптарды жалғастыра отырып, келесі сұрақтар қойылады:

— Ф. Д. Рузвельттің реформаларына кімдер қарсы болды? (Республикашылдар, бұқаралық ақпарат құралдары, ірі сауда иелері).

— Ф. Д. Рузвельт өз саясатын кімнің экономикалық теориясына сүйеніп жүргізді? (Дж. М. Кейнс).

“Кейбір қарсыластарының пікіріне қарамастан Ф. Д. Рузвельт 1936 жылы президент сайлауында тағы да жеңіске жетті”, — деп, мұғалім АҚШ-тың сыртқы саясаты мен Латын Америкасы елдері туралы түсіндіруді жалғастырады.

Оқушыларға бірнеше сұрақтар қойылады:

— АҚШ-тың 1930 жылдардағы сыртқы саясаты қандай үрдістерге негізделді?

— АҚШ-тың Латын Америкасы елдеріне қарасты саясаты қандай болды? АҚШ-тың “қайырымды көрші” саясатының Латын Америкасы елдерінің ішкі істеріне араласпауының салдарын оқулық материалынан үзінді оқып, түсіндіріп беріңдер.

АҚШ пен Латын Америкасы елдерінің арасында теңқұқылық саясаты болуы мүмкін бе?

Үйге тапсырмаға параграфтың жоғарғы сот реформасы, АҚШ-тың “жаңа бағыт” саясатының маңызын қарап келу тапсырылады.

АҚШ-тың ХХ ғасырдың 20—30-жылдарындағы экономикасы дамуының сипатын, мемлекеттің тарапынан араласу — “жаңа бағыт” саясатының мәні мен маңызын түсіндіру.

АҚШ-ты экономикалық дағдарыстан шығаруда демократиялық партияның өкілі Ф. Рузвельттің рөлін көрсету. Қызметіне саяси көшбасшы, қайраткер ретінде баға беруді қарастыру.

Оқушылардың экономикалық дағдарыс, еңбек заңдары, әлеуметтік саясат жөніндегі түсініктерін одан әрі дамыту.

Сабақта шағын хабарламаларды оқушылардың көмегімен ұйымдастыруға болады.

“Вагнер заңы”, “Солға ығысу” деген ұғымдардың мәнін түсіндіруге көңіл бөлінеді.

Өткен сабақты сұрау, сұрақтарды ұтымды, оқушылардың білім деңгейлерін толықтыратындай етіп қоя білу мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, білім дәрежесінің кемелдігіне байланысты. Мұғалімнің мақсаты — оқушылардан өткен сабақты толық, жан-жақты игеруін талап ету.

Лекцияға арналған жоспар.

### Сабақтың үлгі жоспары

1. 1929—1932 жж. АҚШ-тағы дағдарыстың көріністері:
  - а) өндіріс үдерісінің баяулауы;
  - ә) фермерлер күйзелісі;
  - б) жаппай жұмыссыздық.
2. Ф. Рузвельт пен оның жақтастарының “жаңа бағыт” саясатының мәні, сипаты.
3. Үкімет саясатындағы “солға ығысу”.
4. “Жаңа бағыт” саясатының маңызы.
5. Латын Америкасы елдерінің АҚШ-пен қарым-қатынасы.

*Кестенің үлгісі № 15*

### АҚШ-тың 1929—1932 жж. дағдарысының көріністері

АҚШ экономикасының дамуы туралы	Оқулық материалы бойынша статистикалық мәліметтер келтіру
Өндірістің құлдырауының айрықша белгілері	
1) Фермерлердің қайыршылануы	
2) Жаппай жұмыссыздықтың басталуы	

Басты себептерінің бірі — әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің болмауын анықтау. Бұл оқушылармен өңгімелесу барысында анықталады. Мұғалім экономиканы реттеуді тұнғыш ұсынған, 1932 ж. сайланған демократиялық партияның өкілі Франклин Рузвельттің “жаңа бағыт” бағдарламасының шарттарымен таныстырып, оқушылардың дәптерлеріне жазып алуын талап етеді. Тақтаға алдын ала дайындалған техникалық құрал арқылы бағдарламаның шарттарын кодоскоп немесе бейнетаспа арқылы түсіріп, оқушыларға түсіндіріп береді.

Бағдарламаның маңызды жақтарына баса назар аударылады. Мұғалім 933-інші заң бойынша фермерлерге, өндірістің қысқаруына байланысты ауылшаруашылық өнімдерін реттеу үшін төлем төлеуінің қандай тиімді жақтары болған-

дығына көңіл бөледі, өндіріс орындарының барлық салаларында жалақы мөлшерінің бірдей дәрежеде болуы мен жұмыс уақытының біркелкі болу себептерінің мәнін түсіндіреді. Оқулық материалы бойынша қосымша АҚШ-тың “Алтын қоры” жөніндегі банк реформасын, әділетті бөсеке мәнін, мұқтаж адамдарға көмек көрсету туралы мәліметтерді оқушылардың өз беттерімен оқуына тапсырма береді.

**Вагнер заңы.** Еңбек қатынастары туралы, әлеуметтік қамсыздандыру, жалдамалы жұмыс және әлеуметтік теңсіздік туралы баяндап, балалар еңбегін пайдалануға тыйым салынғандығы және еңбек жалақысының төменгі мөлшері мен жұмыс күнінің ұзақтығының шегін реттеуге мүмкіндік берген бағдарламаның маңызы туралы төмендегі қорытындыларды айтып кетуге болады:

1. “Жаңа бағыт” бағдарламасының енгізілуі АҚШ тарихындағы бетбұрыс болды.

2. Алғаш рет мемлекет американдық халықтарын әлеуметтік жағынан қорғау кепілдігі рөлін өз міндетіне алды.

3. Демократиялық бағыттағы либералдық-демократиялық бағыттың одан әрі дамытылуы азаматтар құқықтарының кеңеюіне алып келді.

4. Мемлекеттің экономикаға араласуы дағдарыстан келісімпаздық жолмен шығуға болатындығын көрсетті.

АҚШ-тың сыртқы саясатына сипаттама беруде бір-екі сұрақтың көлемінде қарастырып, қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасымен экономикалық дағдарыс уақытындағы байланысына да тоқталып өтіп, оқушылардың бұқаралық ақпарат құралдарынан алған мәліметтері бойынша өңгіме ұйымдастырса да артық болмайды.

Үй тапсырмасын беруге 2 мин уақыт бөлінеді. Ф. Рузвельттің қызметіне баға беруде оқулық материалы мен қосымша деректер пайдалану ұсынылады. Қосымша деректердің тарих кабинетінде немесе мектеп кітапханасында болуы ескеріледі. Латын Америкасы елдері туралы өз бетімен оқып келуге тапсырма беріледі. Сонымен қатар Л. Карденас, Мачадо, Р. Грау Сан-Мартиндердің жүргізген саясаттарына шағын сипаттама беруге дайындалып келу.

## § 7. Ұлыбритания

*Сабақтың мақсаты.* Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін елде саяси және экономикалық жағдайлар өзгерістерге

ұшырап, дәстүрлі екіпартиялық басқару жүйесінің дағдарысы басталды. Ұлыбританияның тарихында бірінші рет құрылған лейбористік үкімет билік басында азғана уақыт болды.

Англияның тарихындағы ең ірі жұмысшылар ереуілі парламенттік сайлаудың барысына өз ықпалын тигізді.

Сабақты әңгімелесу әдісімен оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыруы арқылы жүргізуге болады.

Атлас, “Шетелдердің дүниежүзілік тарихы” мен оқулық материалдарын пайдаланып, Ұлыбританияның соғыстан кейінгі дамуына сипаттама беруіне болады.

### Сабақтың үлгі жоспары



1. Ұлыбританияның соғыстан кейінгі экономикалық жағдайы.
2. Екіпартиялық басқару жүйесінің дағдарысы.
3. Саяси күштердің арасалмағы. Р. Макдональд.
4. 20-жылдардағы экономикасы дамуының сипаты.
5. Қоғамдық құрылысты демократияландыру үшін болған күрес.
6. Ұлыбританияның сыртқы саясаты.

Англияның XVII ғасырдан бергі мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгермей келе жатқан белгісі қандай? Дәстүрлі парламенттік басқару жүйесінің қоғам үшін маңызы неде болды? Мұғалім осы сұрақтардың мәнін ашады.

XVIII ғасырдан бастап Англияда заңдарға премьер-министрдің қолынсыз корольдің ұсыныстары заңсыз болып келді. Англияда дәстүрлі парламенттік басқару жүйесінің Конституция шеңберінен шықпай, елдегі тұрақтылықтың маятнігі сияқты тыныштықты сақтап келуі, соғыстан кейінгі экономикасы сөз болады.

1. “1920—1921 жылдардағы дағдарысты басынан кешірді. Диаграммаға қарап, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикасының дамуы дәрежесіне сипаттама беріндер, оқулық материалынан қажетті үзінділер алып, ойларыңды дәлелдеңдер. Экономикалық дағдарыстан шығуының Ұлыбританиядағы ерекшеліктерін атаңдар.

1) 1932 жылғы өнеркәсіп өнімі 1929 жылмен салыстырғанда,

Германия, Италияда	Ұлыбритания, Франция елдерінде
 50—30% түсті	 30—10% төмендеді.



## 2) Жұмыссыздық (мың адам)

Англия, Германия,  
АҚШ, Италияда (1864)

а) Англияда (1262)

ә) Германияда (1892)

б) Италияда (301)



1929 ж.

АҚШ-та (13182),

Англияда (2847),

Германияда (5575),

Италияда (1006),

Францияда (308).



1932 ж.

№ 1-, 2- диаграммалар бойынша мұғалім:

Жұмыссыздық деңгейі, әсіресе қай елдерде жоғары болды? Себебі неде? Жұмыссыздықты экономикалық дағдарыстың бір ерекшелігі деп қарауға бола ма? деген мәселелерге оқушылардың назарын аударады. Оқушыларға 1929 жыл мен 1932 жыл аралығындағы жұмыссыздардың санын салыстырып, салдарының сипатын оқулықтан тауып келуге тапсырма береді.

Диаграммадан Ұлыбританияның соғыстан кейінгі экономикасының дамуы қай жылдарда болғандығын атауға тапсырма беріледі. Оқушылар 1923, 1926, 1928 жылдарды атауы керек.

2. 1923 жылғы экономиканың көтерілуінің 1924—1925 жылдардағы өркелкілігі, яғни төмендеуі елде қандай саяси дағдарыстың тууына алып келді? Оқушыларға оқулықтан себептерін тауып жауап берулері талап етіледі.

3. Өткен курстың материалдары негізінде либералдық партияның лейбористік партиядан айырмашылығы сұралады. Лейбористердің үкімет басына келуін анықтауда деректер келтіріледі.

Лейбористер 1918 — 1923 жж. 4,3 млн дауысқа ие болды. Бұл 1910 ж. салыстырғанда 11 есе көп. Бұл фактілер бойынша: 1) Лейбористердің рөлі қандай болды? 2) Лейбористердің үкімет құру мүмкіндіктеріне жол ашылды ма?

1924 ж. 23 қаңтардағы оқиға Ұлыбританияның тарихына қандай өзгеріс әкелді?

3.1. Р. Макдональдқа сипаттама беру.

№ 2 жаднаmanın “Тарихи қайраткерге сипаттама мен баға беру” деген 3-, 5-сұрақтарына жауап беру. Макдональдтың мемлекет қайраткері ретінде күшті және әлсіз жақтарын ашу.

4. “Дәстүрлік экономиканың салалары — кеме жасау, көмір өнеркәсібі тоқырау жағдайында болды. Ұлыбритания экономикасының әркелкі дамуының сыртқы саясатына әсері қандай болды?” — деп сұрақ қойып, мұғалім өңгімесін әрі қарай жалғастырады.

5. 1926 жылы Англияның тарихында жұмысшы табының бүкіл елді қамтыған ереуілі орын алды. Стачканың бойкөрсетуінің кезекті парламент сайлауына ықпалы жоғары болды. 1929 ж. лейбористер партиясы қауымдық палатада консерваторлар партиясына қарағанда көбірек дауысқа ие болып, өздерінің екінші үкіметін құрды.

### **Жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтардың үлгілері**

1. Ұлыбританияның екіпартиялық жүйесін АҚШ-тың екіпартиялық жүйесімен салыстырып айтып беріңдер.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Ұлыбританияда лейбористік партия, АҚШ-та республикалық партия мемлекеттік аппаратты күшейтуде қандай өзгерістер жасады?
3. Ұлыбританияның конституциялық монархиялық басқаруының әдісі мен АҚШ-тағы республикалық президенттік басқарудың белгілерін салыстырып айтып беріңдер.
4. Ресми түрде Ұлыбритания қалай деп аталады?

Үйге тапсырма ретінде берілген сұрақтарға жауап беруге дайындалып келуге, Ллойд Джордж бен Р. Макдональдтың Ұлыбританияның тарихындағы алатын орны мен көзқарастарындағы айырмашылықтары туралы жоспар құрып келуді қарастыруға болады.

## **§ 8. Франция мен Испания. Халықтық майдан**

*Сабақтың мақсаты.* Сабақта фашизмге қарсы күресу үшін құрылған Еуропадағы Халықтық майданның рөлін түсіндіріп, Испаниядағы буржуазиялық революциядан кейін үкімет билігі үшін фашизм мен демократия күресінің нәтижелері қарастырылып, фашистік демократияның ұзақ өмір сүруінің әлеуметтік қозғалысқа әсері туралы жазылған мәліметтер беріледі. Ұлтшылдықтың адамзатты басып-жаныштаудағы қатыгездік сипатына қарсы адамды адамның сүюі, қадір-қасиетін сыйлауы, гуманистік көзқарастың артықшылығын алға қою сияқты тәрбиенің түрі қарастырылады.

Сабақта қартаны, оқулықты пайдаланып, өңгімелесу әдісімен проблемалық сұрақ-жауаптар арқылы өткізуге болады.

**I. Үй тапсырмасын тексеруге мына төмендегі сұрақтарды қарастырып талдау ұсынылады:**

- 1) Ллойд Джордж үкіметінің сыртқы саясатына сипаттама беріңдер.
- 2) Р. Макдональд құрған Ұлттық блок үкіметінің қызметі туралы айтып беріңдер.
- 3) Ұлттық үкімет, “трэд-юниондар туралы” заң, протекционизм ұғымдарының мән-мағыналарын түсіндіріп беріңдер.
- 4) Ұлыбританияның сыртқы саясатындағы Египет мәселесі.

**II. Жаңа сабақты түсіндіруге арналған сабақтың үлгі жоспары:**

- 1) Франция мен Испанияда Халықтық майданның құрылуы.
- 2) АҚШ-тың “жаңа бағыт” саясатынан Франциядағы “Халықтық майдан” саясатының айырмашылықтары мен ұқсастықтары.
- 3) Испаниядағы азамат соғысы, республиканың құлауы.
- 4) Матиньон келісімі. Франциядағы Халықтық майданның дағдарысы мен қызметінің маңызы.

Жаңа сабақ мұғалімнің кіріспе сөзінен басталады. 30-жылдарда Франция мен Испанияда Халықтық майдан үкіметтері құрылуының себептері мен сипатын оқушылармен бірігіп анықтап, мұғалім оқушыларға Халықтық майданның идеялары мен оның жүзеге асырылу жолдарын қысқаша түсіндіріп береді. Германиядағы коммунистер мен социал-демократиялық күштердің алауыздығынан фашистердің 1932 ж. рейхстагқа сайлау кезінде жеңіп шыққандығын айтып, оқушыларға: “Франция мен Испания бұдан қандай қорытынды шығарды?” деп сұрақ қойып, Франциядағы Халықтық майданның жеңіп шығу себептеріне қысқаша тоқталады.

Францияда 1936 ж. біріккен күштер парламенттік сайлауда үстем дауысқа ие болып, үкіметті социалист Леон Блюм басқарды. Мұғалім Леон Блюмнің қызметіне байланысты тарихи қайраткерге сипаттама беру үшін оқулық материалын пайдаланады.

Париж қаласындағы Матиньон сарайында өткен Матиньон келісіміне мұғалім түсінік беріп, еңбек мәселесі туралы қайшылықтарды шешуде жұмысшылардың талаптарын орындау үшін 1936 ж. Халықтық майдан үкіметінің бағдарламасына тоқталады.

№ 2 жаднаманың бесінші сұрағы бойынша: “Л. Блюмның ісі мен қызметіне қарап, қандай топтардың мүддесін

көздейтіндігіне баға беруге болады? Оқулық бойынша Л. Блюмнің ісі мен қызметі нәтижелерін атап шығыңдар”, — деп оқушыларға сауал қояды.

Оқулық аясында Франциядағы Халықтық майданы дағдарысының басталғандығы, алтын қорының кемуі, ұлттық валютасының құнсыздануы туралы мәліметтер айтылады. “Германия тарапынан қауіптің күшеюі Франция үшін одақтастар іздеу қадамын бастауға алып келді. Одақтастар ретінде КСРО және Англия қарастырылды”, — деп, мұғалім сөзін жалғастырады.

*Радикалдардың көзқарасы.* КСРО Германиямен тікелей шекаралас болмағандықтан Франция үшін тиімсіз еді. Сондықтан Бірінші дүниежүзілік соғыстағы одақтасы Англия болу керек. Франция үшін Англиямен жақындасу Испаниядағы азамат соғысын пайдаланып, Германия мен Италияның бүлікшіл фашистеріне көмек ұйымдастырып, өзінің соғыс саясатын Англияның қолдауына байланысты араласпау саясатына қосылу еді. Республикалық үкіметтің құрамындағы коммунистер Франциядан Испанияға ашық көмек көрсетуді талап етті. КСРО-ның Испанияға көмек беру саясатын қолдады.

Халықтық майдан үкіметінің ішкі жағдайының шиеленісуінен 1932 жылы Леон Блюмнің демалысқа кетуіне байланысты 1938 ж. Халықтық майдан өмір сүруін тоқтатты.

Халықтық майдан үкіметінің маңызын оқушылар оқулық материалы мен мұғалімнің түсіндірмесі бойынша анықтайды. Қысқаша төмендегідей қорытындыға келеді:

1. Халықтық майдан фашизмге қарсы күрес құралы болды.
2. Фашизмді түбегейлі жоймағанмен, фашистердің үкімет басына келуіне жол бермеді.
3. Фашизмге қарсы күрес экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздеумен бірге жүргізілді.
4. Болашақта “Рақатты мемлекет” құрудың негізін қалады.

Франциядағы Халықтық майдан үкіметінің басшысы Л. Блюм мен АҚШ-тағы Рузвельт саясаттарының ұқсастықтары және айырмашылықтары туралы фактілер келтіру немесе кесте құру мұғалімнің қалауы бойынша оқушыларға бекіту тапсырмасы ретінде қарастырылады.

4. Испаниядағы азамат соғысы әңгімелесу әдісімен баяндалады.

Сабақтың барысында: *фалангі, кортес, халықтық майдан, әскери хунта, Франко тәртібі (режімі), Испания фашизмі,*

*Интернационалдық бригадалар* деген сөздер мен ұғымдарды тақтаға жазып, түсінік береді.

1931 ж. Испаниядағы революцияның негізінде монархиялық құрылыс құлап, демократиялық республика орнады. 1934 ж. оңшыл күштер *Испан фалангисі* деп аталған фашистік топтарға біріксе, солшыл күштерге социалистер, коммунистер, солшыл республикашылдар мен басқа да саяси топтар кірді. 1936 жылғы кортеске (парламентке) сайлау кезінде солшыл күштер құрған Халықтық майдан жеңіске жетті. Оңшыл күштер әскери төңкеріс жасап, өкімет билігін әскери хунтаға беруге шешім қабылдады. Әскери бүлік Испания Мароккосында 1936 ж. басталды. Күзде хунта генерал Франциско Франконы мемлекет басшысы деп жариялады. Республикашылдардың хунтаға қарсы әрекеті азамат соғысының басы болды. Ф. Франко республикашылдарға қарсы күресте өзіне одақтастар іздестіріп, көпшілікке сүйеніп, монархияны қалпына келтіруге, католиктік шіркеу билігін күшейтуге уәде беріп, үкімет басына келуге бар күшін салып-ақ бақты.

Франко тәртібін қолдаушылар аристократтар, ірі капитал иелері, католиктік шіркеу иелері болды. Мұны тарихта *Испан фашизмі* деп атады. Герман фашизмі мен испан фашизмінің айырмашылықтарын анықтауға арналған мынадай проблемалық сұрақтар қарастырылады:

1. Герман, итальян фашизмдері сипатының испан фашизмінен айырмашылықтары туралы фактілер келтіріп, өз пікірлерінді дәлелдендер.
2. Герман фашизмінің қауіптілігі неде болды? Салдары қандай?
3. Картадан каталондықтар мен баскілер аумақтарын көрсетіп, “Халықтық майдан” саясатының бұл халықтар үшін маңызын айтып беріндер.

Халықтық майданның ең басты мақсаты — фашистік бүлікшілдерге қарсы күресті ұйымдастыру болды. Испанияға КСРО қару-жарақ, әскери мамандар мен әскери құралдар беріп көмектесті. Он мыңдаған интернационалдық бригадаға біріккен еріктілер келді. Не себепті Испаниядағы Халықтық майдан фашизмге қарсы тұра алмады? Франкшілердің республикашылдарға қарағанда әскери күшінің артықшылығы неде? Картаны, оқулықты пайдалана отырып оқушылар жауап береді.

Мұғалім: “1939 ж. 28 наурызда Франко Мадридке келіп кірді. Республика өмір сүруін тоқтатты. Франко 36 жыл бойы билік етті”, — деп лекциясын аяқтап, үй тапсырмасын нақты белгілеп, карта және оқулық бойынша оқушыларға тапсырмалар береді. Тапсырманың мақсаты — тарихи оқиғалардың сипатын ашып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыра білуге, фактілер мен көрнекі құралдарды орынды пайдаланып, дәлелдеу арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіріп, сөйлеу мәнерін дамытуға бағытталған болуы керек.

## § 9. Италия мен Германиядағы фашизм

*Сабақтың мақсаты.* Б. Муссолини мен А. Гитлердің өкімет басына келуінің себептерін анықтау, фашистік диктатураның орнауының сипаттамасына тоқталу.

Б. Муссолини мен А. Гитлердің сыртқы саясатының бағыттарын түсіндіру.

*Жаңа ұғымдар мен термин сөздер:* ұлтшылдық, нәсілшілдік, фюрер, дуче, антисемитизм, “қамқорлық”, “антикоминтерндік пакт”, гетто.

Сабақ барысында үй тапсырмасын тексеруге оқушыларға:

1) АҚШ-тың “жаңа бағыт” саясатынан Франциядағы “Халықтық майдан” саясатының айырмашылығы неде?

2) Испаниядағы Халықтық майданның күресі не себепті жеңіліске ұшырады? деген сұрақ-жауаптардан кейін Италия мен Германиядағы фашизмнің пайда болуы мен фашистік диктатураның құрылуының себептері мен өзіндік ерекшеліктеріне көңіл аударып, оқушылардан өз көзқарастарын білдіру сұралады. Сабақты түсіндіруді мұғалім Б. Муссолини мен А. Гитлердің оқулықта берілген өмірбаяндарын оқудан бастайды. Сабақтың жоспарын оқушылармен бірге құрастыруға болады. Мұғалім оқушылардың оқулық мәтінімен танысуына уақыт бөліп, қойылатын сұрақтар мен жаңа сөздерді тақтаға жазып қояды.

**Үй тапсырмасын қайталауға арналған сұрақтардың үлгілері**

1. Франция мен Испаниядағы Халықтық майданның құрылуы туралы әңгімелеп беріндер.
2. Испан фашизмінің өзіндік ерекшеліктері неде?

## Сабақтың үлгі жоспары

1. Фашизмнің сипатты белгілері.
  - 1.1. Фашизм дегеніміз не?
2. Фашистердің өкімет басына келуі.
  - 2.1. Тоталитарлық диктатураның орнауы.
3. Экономиканы милитарландыру.
  - 3.1. Экономиканы қайта құрудың аяқталуы. Антисемитизм.
4. Соғысқа дайындық.

— Германия мен Италияда саяси дағдарыстың күшеюіне себеп болған жағдайлар туралы не білесіңдер?

*Үлгі жауап:* Біріншіден, дүниежүзілік экономикалық дағдарыс. Екіншіден, Германия мен Италиядағы лаңкестік әрекеттің күшеюі.

— Фашистік отрядтар мен партияның құрылуында Гитлер мен Муссолинидің рөлі қандай?

*Жауаптың үлгісі:* Гитлер тамаша шешен болды. Муссолини де жігерлі адам болды. Гитлер нәсілшілдік идеяның негізін қалады. Соғыстан кейінгі Германия мен Италияның жағдайын өз мақсаттары үшін пайдаланды.

Мұғалімнің толықтыруы: Экономикалық дағдарыс Германияда билеуші топтардың ыдырауына алып келді. ГСДП оппозицияға кетті. Италияда король үкіметінің әлсіздігін пайдаланған Муссолини үкімет басына келді. Германиядағы әлемді жаулап алу идеясы шектен шыққан нәсілшілдікке алып келді.

Германия мен Италиядағы фашизмнің ерекшеліктері оқулық материалы көлемінде түсіндіріледі.

— Герман ұлтшыл социалистік жұмысшылар партиясы (ГҮСЖП) қандай ұрандар шақырды?

— Ұлтшылдарды қандай топтардың өкілдері қолдады?

— 1932 ж. ГҮСЖП халық арасындағы беделінен сайлаудың қорытындысында ығыстырылғандығы байқалды. “Бірақ соған қарамастан 1933 ж. ұлтшылдар не себептен өкімет басына келді?” — деген сұрақтар қойып, мұғалім оқушылармен бірге сұрақтарға жауап береді.

*Кестенің үлгісі № 16*

Сайлау қорытындысы

Партиялар	1928 ж. 20. V	1930 ж. 14. IX	1930 — 31 жж. VII	1932 ж. 6. XI
ГКП	11	13	15	17
ГСДП	30	25	22	20
ГҮСЖП	2,6	18	37	33

Италия мен Германияның сыртқы саясаты кесте түрінде қарастырылады.

Кестенің үлгісі № 17

### Италия мен Германияның сыртқы саясаты

Жылдары	Оқиғалары

*Сабаққа қорытынды.* “Берлин— Рим осі” Жапонияның қосылуынан “Антикоминтерндік” пактінің құрылуы Екінші дүниежүзілік соғыстың өртің жақындатты.

Германия соғысқа дайындалып, әскери авиация мен танк бөлімшелерін көбейтті. Германия мен Италия Еуропадағы қауіпті одақтастарға айналды.

#### Бекіту сұрақтары

- Гитлердің Германияны милитарландыру саясатына не кедергі болды? (Версаль келісімшарты.)
- Не себепті Италия мен Жапония Германияның одақтасына айналды?
- Неміс агрессиясының бастапқы саясатының мақсаты неде болды?

Үйге оқулық материалын оқып, оңында берілген сұрақтарға жауап беруге дайындалып келу тапсырылады.

## § 10. Жапония. Қытай. Моңғолия

*Сабақтың мақсаты.* Оқулық материалдарының ауқымдылығын ескере отырып, уақытты үнемдеу үшін өткен тақырып бойынша бір-екі оқушының ауызша жауаптары тыңдалады немесе 12—15 минуттық тест жұмысы өткізіледі.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Италия фашизмінен Германия фашизмінің ерекшеліктерін атап беріңдер.
- Фашистік тоталитарлық режимнің көріністеріне мысал келтіріңдер.
- Неміс экономикасын қайта құрудың нәтижелері қандай болды?
- Антисемитизм саясатының зардаптары туралы не білесіңдер?

Жауаптарыңды дәлелдендер.



Жаңа тақырыпты әңгімелеудегі негізгі мақсаттың бірі — Жапон милитаризмінің сипатын ашып көрсету, Қытай мен Моңғолиядағы қозғалыстар мен соғыстардың себептері мен нәтижелерін оқушыларға таныстыру.

*Сабақтың жүргізілу әдісі.* Топтық жұмыс. Мұғалімнің баяндауы. Сұрақ-жауап.

Топтарға сабақ барысында оқулық, қосымша әдебиет, тапсырма-карточкалар қажет. Топтық жұмыстың міндеті тақтаға жазылып қойылады.

а) Кеңесшілер тапсырма-карточкаларды алады;

ә) Оқулықпен, әдебиетпен жұмыс 20 мин.;

б) Әңгіме құрып, талдауға 10 мин.;

в) Топтардың шығып сөйлеулеріне 5—7 мин беріледі.

Келесі сабақта топтардың жауаптары бойынша сынып оқушылары дәптерлеріне төмендегі кестені толтырады.

*Кестенің үлгісі № 18*

Мемлекеттер	Оқиғалар	Нәтижелер
Жапония Қытай Моңғолия		

Сынып оқушылары 4 топқа бөлініп, әр топтың міндеті, тапсырмалары түсіндіріліп, жеке тапсырма-карточкалар беріледі.

*Бірінші топтың тапсырма-карточкасы*

Жапония туралы оқулық мәтінін оқып шығып, төмендегі тапсырмаларға жауап дайындаңдар:

- 1) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның дамуына сипаттама беріңдер.
- 2) 20—30-жылдардағы Жапониядағы оқиғалардың себептері мен нәтижелеріне мысалдар келтіріңдер.

*Екінші топтың тапсырма-карточкасы*

- 1) Сунь Ятсен ілімінің негізгі қағидаларының маңызы?
- 2) Өдістемелік нұсқаудың соңында берілген № 2 Жаднама бойынша №5 сұрағына жауап беру. Ісі мен қызметіне қарап, қандай топтардың мүддесін көздейтіндігіне баға беріңдер.
- 3) Қытайдағы 20—40-жылдардың аралығындағы тарихи оқиғалардың хронологиялық реті.

### *Үшінші топтың тапсырма-карточкасы*

- 1) Моңғолияның 1914—1945 жылдардағы саяси-экономикалық даму жолдарына сипаттама.
- 2) Моңғолия мен КСРО арасындағы қарым-қатынастардың өзіндік ерекшеліктері.
- 3) Моңғолияның 40-жылдарда социалистік құрылыстың негізін қалауға бет бұруының себептері.

### *Төртінші топтың тапсырма-карточкасы*

1. Париж бейбітшілік конференциясының Қытай мәселесіндегі көзқарастарының әділетсіздігі неде?
2. Қытайдағы “4 мамыр” қозғалысының маңызы қандай?
3. Чан Кайши үкіметінің ішкі саясатында Батыс елдерінің саясатына ұқсастығы болды ма?

*Бекіту сұрағы:* жапон империализмінің өзіне тән ерекшеліктерін атап беріңдер.

Топтық жұмыстардың нәтижелері тексеріліп, бағаланады. Үйге жаңа сөздерді қайталап, түсініктемесін оқиғалармен байланыстырып беру тапсырылады.

*Жаңа сөздер:* гоминьдан, боғдыхан, хурал, лама, араттар, “халықтың үш қағидасы”, тугрик, “үштік пакті”.

## **§ 11. Үндістан және Азия елдері**

*Сабақтың мақсаты.* Тарихи оқиғаларды есте сақтауға дағдыландыру. Тарихи ұғымдар мен термин сөздерді орында қолдана біліп, тарихи білімдерін толықтыру, жеке адамдар мен қайраткерлердің қоғам алдындағы атқарған қызметіне баға беруге, көшбасшылыққа тәрбиелеу.

Материалды қаншалықты дәрежеде игергендіктерін тексеру.

*Сабақтың көрнекілігі:* географиялық “Үндістан”, “Азия елдерінің саяси картасы”.

*Ұғымдар мен термин сөздер:* свадеші, свараджа, “күш қолданбай қарсыласу”, хартал, сатьяграха, “ахимса”, метрополия, мархаэндер, шахривар, бачайо-сакао, ашар салығы, этатизм, Ататүрік.

*Сабақты жүргізудің әдістемелік тәсілі* — викторина (сұрақ-жауаптар ойыны), топтық жұмыс, жарыс түрінде өткізіледі.

Оқушыларға барлық материалдармен танысуға 15 минуттай уақыт беріледі. Сынып оқушыларын алты топқа бөліп,

жекпе-жек командалар жеребе бойынша анықталады. 6-топ 3 жекпе-жек командаға бөлінеді. Үш ойынның қорытындысында екі команда сөреге шығу керек, ал жартылай финалда екі команда, соңында бір команда 6 ұпай жинап, бірінші орынға шығады. Команда мүшелеріне “5” деген баға қойылады. Мұғалім қойған сұрақтарға жауап беруге 1 мин ғана уақыт беріледі. Қай команда бірінші болып жауап берсе, сол команданың ұтқаны болады.

### **I ойын сұрақтары**

1. Азияның оңтүстігінде орналасқан ең үлкен отар ел (Үндістан)
2. Свараджа дегеніміз не? (Жеке билік, өзінді-өзін биле)
3. Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне әсер еткен өркениеттер (Қытайлық – конфуциялық, үнді – буддалық)
4. “Мархаэнизм” теориясының басты міндеті (Отарлық бұғауды жою үшін бірігудің қажеттігі)
5. Кеңес үкіметі Ауғанстанның тәуелсіздігін қашан мойындады? (1919 ж., 27 наурыз)

### **II ойын сұрақтары**

1. Үндістанның саяси-әкімшілік бөліктері қалай аталады? (Британдық Үндістан князьдіктері)
2. “Құш қолданбай қарсыласу” кімнің саясаты? (М. К. Ганди)
3. 1927 ж. Индонезия Ұлттық партиясы кімнің басшылығымен құрылды?
4. Түркия Республикасының тұңғыш президенті кім? (М.Кемал паша)
5. Этатизм дегеніміз не? (Мемлекеттік саясат)

### **III ойын сұрақтары**

1. Англия 1905 ж. Үндістанға вице-корольді қандай мақсат үшін сайлады? (Ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін)
2. М.К. Гандидің негізгі қағидасы қалай аталады? (Сатьяграха)
3. Англия парламентінің Үндістанды басқару туралы заңы (1935 ж. Үндістан Конституциясы)
4. 1917 ж. Иран жері қандай мемлекеттердің қолында болды? (Ағылшын, Ресей, түрік-неміс)
5. Үндіқытай елдеріне жататын мемлекеттер (Вьетнам, Лаос, Камбоджа)

**Жартылай финалға шыққандар үшін сұрақтар (11 сұрақтан тұрады).**

### **Жартылай финал сұрақтары**

1. Иранда 1924 ж. мемлекеттік төңкеріс жасаған полковник (Реза хан)

2. Шахривар оқиғасы дегеніміз не? (Иранның солтүстігіне КСРО-ның оңтүстігіне ағылшын әскерінің енгізілуі)
3. Иран Екінші дүниежүзілік соғыста қай блокта болды? (Антигитлерлік)
4. Үшінші Ауған соғысы қашан болды? (1919 ж. ағылшындардың басып кіруіне байланысты)
5. Ауғанстан елінің 1923 ж. Конституциясы қалай аталады? (Негізгі заң)
6. Бачайо-сакао дегеніміз не? (Тәжік, түрікмен тайпаларының бүліншілігі)
7. Бачайо-сакао бүліншілігін басып, таққа келген Ауғанстан патшасы? (Нәдірхан)
8. Түркияда қашан халифат жойылды? (1924 ж.)
9. Түркияда латын алфавиті қашан енгізілді? (1925—1928 жж.)
10. М. Кемалға қашан, қай жерде Ататүрік деген халықтық атау берілді? (1934 ж. Түркияның Ұлы Халық жиналысында)
11. Түркиядағы экономика саласындағы саясат қалай аталады? (Этатизм)

#### **Соңғы жарыстың сұрақтары**

1. КСРО үкіметінің кеңес-түрік бейтарап-келісімшартын бұзуының салдары қандай болды? (Кеңес-түрік қатынастарының ұзақ уақыт бұзылуына әкеліп соқтырды)
2. 1936 жылы Монтре қаласында өткен халықаралық конференцияның Түркия үшін ықпалы неде? (Босфор, Дарданелл бұғаздары Түркияға қайтарылды)
3. Кемализм идеологиясының басты қағидалары? (Республикалық, ұлтшылдық, халықшылдық, этатизм, лаицизм, революциялық)
4. Аманолла ханның реформаларының басты міндеті (Құлдықты жою туралы заң жарияланды)
5. Филиппинге қандай оқиғадан кейін Американың үстемдігі орнады? (1898 —1901 жж. АҚШ — Испания соғысы нәтижесінде)
6. Иранны мекендеген тайпалардың негізгі кәсібі қандай? (Көшпелі мал шаруашылығы)
7. Гилян провинциясында азаттық күрестің басшысы кім болды? (Көшек хан)
8. Үндістандағы 1942 ж. тамыз революциясының басшылары? (М. Ганди, Дж. Неру, В. Патель)
9. “Роуллет заңының” мәні неде? (Үндістан халқына үстемдік орнату)
10. Хартал дегеніміз не? (Жаппай ереуілге шығу)
11. Бүкіләлемдік кәсіподақтар конгресі қашан құрылды? (1920 ж., мамыр. Бомбейде)

**Жеңімпаз команданың мүшелерін бағалағаннан кейін мұғалім параграф соңында берілген сұрақтарға оқушылардың жауап жазып келулеріне тапсырма береді.**

## §12. Араб елдері. Африка құрлығындағы мемлекеттер

Өткен сабақ бойынша жекелеген қайраткерлерге сипаттама беріп (мұғалімнің не оқушылардың қалауы бойынша), аталған елдердегі тәуелсіздік қозғалыстарының нәтижелерін ғана еске түсіріп кетсе жеткілікті болады. Азия мен Африка елдерін түсіндіруде елдерді топқа бөліп қараудың тиімділігін, әдіс-тәсілдерін қарастырып отырмыз.

*Сабақтың мақсаты.* Азия мен Африка елдерінің Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайының сипатын түсіндіру; Еуропа елдерінің, әсіресе Англия, Франция, Ресей мемлекеттерінің бұл елдерге ықпалдарын күшейтуінің себептерін қарастыру. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін де Африка елдері Еуропа елдерінің отары болып қала беруінің себептерін айта келіп, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Азия, Африка елдерінің соғысқа қатысуына тоқталу.

*Негізі мазмұны:* Бірінші дүниежүзілік соғыстың Таяу Шығыстағы араб елдерінің тағдырына әсері. Солтүстік, Солтүстік Батыстағы Африка халықтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарының ерекшеліктері. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Азия, Африка халықтарының соғысқа көзқарасы. Оңтүстік Африкадағы нәсілшілдіктің көріністері.

*Сабақтың көрнекілігі:* “Дүниежүзінің саяси картасы”, “Екінші дүниежүзілік соғыс — 1939 — 1945 жж.”

*Сабақтың жүргізілу барысы:* карта бойынша шолу жазау, статистикалық материалдарға талдау ұйымдастыру, жеке тұлғаларды таныстыру, баға беру. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі араб елдерінің жағдайына сипаттама беру.

*Сабақта қолданылатын әдістемелік тәсілдер:* лекция, сұхбат, сұрақ-жауап, оқулық материалдарымен жұмыс.

Мұғалім өткен сабақты қорытындылап, оқушылардың жауаптарын бағалайды. Жаңа тақырыптың мазмұны көлемді болғандықтан, оқушылардың назарын ең күрделі және маңызды мәселелерге аударып, сабақты түсіндірудің тиімді әдістерін қолдану қажет.

Мұғалім карта бойынша Арабтық Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерінің алып жатқан орны мен геостратегиялық, геоэкономикалық жағдайына оқушылардың назарын аударады. Бұдан әрі қамтылған сұрақтар бойынша мұғалімнің лекциясы мен оқулық материалдары пайдаланылып сабақ түсіндіріледі.

*Сұрақтар* : Сендер өткен курстардан Африка, Азия елдерінің ХХ ғасырдың басына дейін Еуропа елдерінің: Англия, Франция, Италия, Германия, Португалия, Бельгияның отарлары болып келгенін білесіңдер. Бірінші дүниежүзілік соғысының Осман империясы мен Таяу Шығыстағы араб елдерінің тағдырына әсері болды ма? Не себепті отарлық державалар сақталып қалды деп ойлайсыңдар?

*Жауаптың үлгісі:*

XVI ғасырдан бастап Африка жеріне келе бастаған еуропалықтар алғашқы кезде христиан дінін уағыздап, жай танысса, кейін қоғамдық құрылысының арттақалушылығын пайдаланып, халқын құлдыққа сатып байыды. Байлығын тонады. Отарлық иеліктеріне айналдырды. Халықтың азаттық күресін әртүрлі жолдармен басып-жаныштап отырды. Шығыстағы араб елдерін Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Англия, Франция, Ресей мемлекеттері бөліске салды. Ассимиляциялау арқылы Африка халықтарының ұлттық сана-сезімін жоюға тырысты.

#### **Сабақтың үлгі жоспары**

1. ХХ ғасырдың басындағы араб елдері.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері.
3. Арабтық Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өріс алуы.
4. Сирия.
5. Палестина.
6. Ирак.
7. Марокко.
8. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері.
9. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Африка.
10. Әлеуметтік-экономикалық даму.
11. Африка елдеріндегі саяси жағдайлар мен ұлт-азаттық қозғалыстар.
12. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Тропиктік және Оңтүстік Африка.

Оқулықта берілген сұрақтарды төменде көрсетілген үлгі бойынша жүйелеп түсіндіруге болады.

№ 19 кестені пайдалана отырып, 1, 2-сұрақтарға жауап ұйымдастырылады.

Англия мен Францияның және басқа да елдердің иеліктерінің жер көлемі мен халық саны туралы мәліметтер қосымша деректер мен карта бойынша толықтырылады.

## Еуропа мемлекеттерінің отарлық иеліктері

Еуропалық мемлекеттер	Африкадағы иеліктер	Арабтық Шығыстағы иеліктері	Отарлардағы жер көлемі мен халық саны	Тәуелсіз мемлекеттер
1	2	3	4	5
Англия	Египет, Судан, Сомали, Оңтүстік Африка одағы	Арабия түбегі, Аден	Жердің 38 пайызы, халықтың 77 млн-ы	
Франция	Алжир, Тунис, Марокко, Гвинея (Кот-д, Ивуар), (Буркина - Фасо), Догомея (Бенин), Мавритания, Нигерия, Сенегал, Мали, Мадагаскар		43%. 51 млн халық, жер көлемі — 2,5 млн шаршы шақырым, халқы 13 млн	
Германия	Африканың шығысында, батысында, оңтүстік-батысында			Эфиопия, Либерия, Оңтүстік Африка Одағы (доминион)
Португалия	Мозамбик, Ангола, Гвинея, Бисау, Жасыл мүйіс аралдары			
Бельгия	Конго			
Италия	Сомали Эритрея			

1	2	3	4	5
Испания	Батыс Сахара, Марокконың солтүстік-батыс бөлігі			
Османдық Түркия		Иран, Сирия, Ливан, Йемен, Арабия түбегінің бөлігі		

3, 4, 5, 6, 7-сұрақтарға Арабтық Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өріс алуы тақырыбына да кесте түрінде жауап қарастыруға болады.

Кестенің үлгісі № 20

**Арабтық Шығыс елдері. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін және Екінші дүниежүзілік соғыс кездерінде**

№	Елдер	Саяси жағдайлары	Саяси көшбасшылар
1	Сирия		
2	Палестина		
3	Ирак		
4	Йемен		
5	Сауд Арабиясы		
6	Марокко		

Мұғалім лекциясын жалғастырып, Бірінші дүниежүзілік соғыс пен одан кейінгі Арабтық Шығыс (Таяу Шығыс) бөлігіндегі ұлт-азаттық қозғалыстарына тоқталып, қиындықтары мен нәтижелеріне, басшыларына сипаттама береді.

Халықтың азаттық күресін пайдаланған Англия, Франция, Ресейдің көздеген мақсаттарына да тоқталып өтеді.

Тәуелсіздігін алған елдер (тақтаға жазылады).

Египет — 1920 ж. Король үкіметі құрылды.

1923 ж. Конституциясы қабылданды.



Иран — 1924 ж. 23 тамыз. Фейсал үкіметі.

Йемен, Сауд Арабиясы корольдігі.

Трансиордания әмірлігі — 1920 жылдың басы.

Сирия, Ливан, Палестина — 1920 жыл.

Мұғалім: “Бұл елдер тәуелсіздігін алғанмен, Англия мен Францияның бақылауында болды”, — деп атап кетеді. Иран мемлекетінің шекарасын белгілеу мәселесінің қиындығы туралы оқушыларға оқулықтағы мәтінді оқып, тапсырма береді. “Солтүстік Африкадағы Екінші дүниежүзілік соғыс оқиғаларымен кейінірек толық танысасыңдар”, — деп ескертіледі. Оқулық материалы бойынша Африка халықтарының Бірінші дүниежүзілік соғыс және Екінші дүниежүзілік соғыс уақытындағы саяси, ұлт-азаттық қозғалыстары туралы оқушыларға күнібұрын берілген шағын хабарламалары тыңдалады. Мұғалім қорытындылау сұрақтарын қояды.

1. Не себепті кейбір матсуанизм сияқты діни ағымдар отаршылдыққа қарсы күресте ерекше рөл атқарды?
2. Негр жұмысшыларының халықаралық комитеті қандай талаптар қойды?
3. Саяси тәуелсіздік үшін Африканың тропиктік, оңтүстік бөліктерінде тағы қандай қозғалыстар басталды?
4. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Италия фашистермен күресте Эфиопия, Эритрея, Сомалиге қандай ел көмектесті? Мақсаты неде?
5. Жергілікті халықтарға Еуропа демократиясы үшін күресінің қандай пайдасы тиді?

Сұрақтарға жауапты оқушылар оқулық мәтіні бойынша қарастырып, толық жауап беру үй тапсырмасы ретінде беріледі.

### § 13. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы

*Сабактың мақсаты.* Екінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы халықаралық жағдайдың шиеленісуінің басты себептеріне тоқталу. Еуропа мемлекеттерінің дүниежүзіне төнген қауіпті жете бағаламауының салдарынан адамзатқа қарсы дайындалып жатқан қылмысты тоқтатуға мүмкіндіктің болмағандығын ұғындыру.

Еуропа мен Шығыстағы соғыс ошақтарының ауқымы туралы айту. Германия мен Кеңес үкіметінің арасындағы “келісім саясаты” туралы қазіргі және өткен кездердегі көзқарастарының саясаты мен мәні туралы түсіндіру.

### *Сабақтың барысы:*

Өткен сабақты қайталауды жаңа сабақты түсіндіру барысында пысықталады.

Жаңа тақырыптың негізгі мәселелерін мұғалімнің кесте сызу арқылы тақтаға не плакатқа немесе кодоскоп арқылы экранға түсіріп, төмендегіше баяндауына болады.

Кесте арқылы шолу жасау әдісін өткен сабақты қайталау үшін де пайдаланады.

Төменде тезис түріндегі жаңа сабақтың сұрақтары беріліп отыр.

#### *Германияның сыртқы саясаттағы негізгі міндеттері.*

- Версаль жүйесін бұзу — Германияның Еуропадағы беделін көтеру.
- Халықаралық аренада Германияның дүниежүзіне билік жүргізу үшін күресі.
- Германияның арийлік ұлттың мыңжылдық рейхін құру мақсаты.
- Берлин.
- Рим (1936—1940).
- Еуропа мен шығыста жаңа тәртіп орнатуға арналған әскери-саяси одақ.
- Англия мен Францияның сыртқы саясатының бағыттары.
- Еуропада қауіпсіздік жүйесін құру.
- Ағылшын — Француз — Кеңес Одағы келісімдері.
- Германиямен агрессиялық қауіптен сақтану үшін және Шығысқа қарай бағыттауға негізделген келісімге келу.
- 1938 жылдың қыркүйегінде Германия мен Италияның, Францияның, Англияның Мюнхен келісіміне қол қоюы.
- 1939 жылғы кеңес-герман келісімі. Молотов-Риббентроп пактісі.
- 1940 жылдың күзіндегі Германия және КСРО. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германияның Польшаға басып кіруі. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы.
- Италияның Эфиопияны жаулауы.

#### **Қосымша деректер:**

1935—1936 жж. ел ішінде фашистік тәртіптің орнауынан кейін Италия Эфиопияны жаулап алып, Эритрея мен Сомали отарларына қосуды мақсат етті.

1935 жылдың 3 қазанында Эритрея мен Сомалидегі итальян әскерлері Эфиопияға шабуылын бастады.

200 мыңдық итальян әскеріне қарсы тұратындай эфиопиялықтардың жағдайы жоқ еді. Молотов пен Риббентроп арасындағы Кеңес-Герман пактісі туралы қазіргі кезең мен бұрынғы көзқарастарды салыстыра отырып сұрақтар қойылады.

1. Кеңес Одағы соғысқа дұрыстап дайындалу үшін уақыт ұтуға бағытталған саясат жүргізді.

2. Кеңес-Герман келісімі Польшаны бөліп алуға негізделген қадам болды.

Осы көзқарастарға қатысты фактілерді келтіре отырып қорытынды жасауға болады. Ұлттар лигасы да ешқандай көмек көрсете алмады. Эфиоп халқының патриоттық күресіне қарамастан, соғыс тағдыры итальяндықтардың пайдасына шешілді. 1936 жылдың 2 мамырында фашист әскерлері Эфиопияның астанасы Аддис-Абебаға кірді.

Эфиопияның Италияға тәуелділігін фашистік мемлекеттермен бірге Англия мен Франция да қолдады.

1936 жылдың 1 маусымында Италияның королі III Виктор Эммануилдің декретімен жаңа итальян мемлекеті Шығыс Африкадағы Эритрея, Сомали, Эфиопия жерлерін құрамына кіргізу арқылы құрылды.

Италия фашистерінің істеген қатыгездіктері жергілікті халықтарға аса ауыр тиді. Соның бірі — Эфиопия аумағына 500 мың итальяндық отбасыларын қоныстандыру болды. 1937 жылдан бастап қарсыласу қозғалысы өрледі. Оның құрамында әйелдер мен дін иелері де болды. Бұл қозғалыс өз нәтижесін берді. 200 мыңдық итальян әскерінің кейбір қалаларды ғана бақылауға алуға мүмкіндіктері болды.

1940 жылдың маусымында Англия мен Францияға Италия соғыс жариялады.

1941 жылдың қаңтарында Африкадағы соғыс қимылдары кезінде ағылшын әскерлері ағылшын отарларындағы африкалықтар әскерінің негізгі құрамы болды. Эфиопиядағы Италияның фашистік әскерлеріне қарсы батыл ұрыс қимылдарын жүргізді.

1941 жылдың сәуірінде Эфиопияның астанасы Аддис-Абебаға партизандар азат етуші әскермен бірге кірді.

1942 ж. Италияның әскері Эфиопиядан біржолата қуылды. Италияның отарлау саясаты кезінде 760 мыңдай эфиоптықтар өліп, 525 мыңдайының үйлері бүліншілікке ұшырады.

1942 жылдың 1 қаңтарында Эфиопия антифашистік коалицияға кірді.

1943 ж. ол АҚШ-пен дипломатиялық қатынас, ал батыс елдерімен қатар Кеңес үкіметімен де байланыс орнатты.

Испанияда фашистік тәртіптің орнауы; Берлин — Рим — Токио басқыншылық одағының құрылуы; Мюнхен

келісімі — деген тақырыпшаларға “1936—1939 жылдардағы Испаниядағы буржуазиялық революция” тарихи картасы және мұғалімнің оқулық материалдары аясындағы түсіндірмесі қарастырылады.

1936 жылы генерал Франконың әскери төңкеріс жасауы Испан Республикасының күйреуінің басы болса, Германия мен Италияның Франко басқарған фашистік күштерге көмегі республика үшін екінші соққы болды. Англия мен Франция сияқты елдердің “араласпау” саясаты Испания Республикасының біржолата күйреуіне алып келді деп қорытындылауға болады.

Мюнхен келісімі бойынша Чемберлен мен Даладьенің әлем алдындағы опасыздықтары баса айтылып, Чехословакияның тағдыры баян етіледі.

**Қосымша.** Дүниежүзілік соғыстың қарсаңы Испанияда фашистік тәртіптің орнауы Кеңес үкіметін қатты аландатты. КСРО еліне оқшауланып жалғыз қалу қаупі төнді. Риббентроп-Молотов пактісі КСРО елін соғыс өртін “тұтандырушылар” қатарына қосып қойды. Германия әскерінің 1939 ж. 1 қыркүйек күні Польшаға басып кіруінен Екінші дүниежүзілік соғысы басталды. Оқушыларға оқулық бойынша дайындалып келуге тапсырма беріледі. “Соғыс қарсаңында КСРО-ның жүргізген сыртқы саясатын қалай бағалайсындар?” деген сұрақ бойынша жарыссөзге дайындалып келуге қосымша тапсырма беруге болады.

## Ш т а р а у. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939—1945 жж.)

### § 14. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның КСРО-ға шабуылы. Тынық мұхит соғысы

#### Тақырыпты оқытып-үйрету үшін берілген сұрақтардың үлгілері

1. Кіріспе.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстың ауқымы мен соғыс қимылдарының сипаты.
3. Германияның Польшаға шабуылы.
  - 3.1. Одақтастардың Францияға шабуылы. КСРО-ның Финляндиямен соғысы, Балтық жағалауы елдерін басып алуы.
4. Африка мен Балқандағы соғыс.
5. Үштік пакті елдері. Жапонияның соғысқа кіруі.
6. Ұлы Отан соғысының басталуы.
8. Антигитлерлік коалицияның (одақтың) құрылуы.
9. У. Черчилль және И. В. Сталин, Г. К. Жуков.
10. Шығыс майдандағы соғыс қимылдары. Кеңес-герман майданы.
11. Тынық мұхиттағы соғыс қимылдары және Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары.

Сабақтың басында сабақтың жоспарын қарастырмастан бұрын кесте немесе статистикалық мәліметтер беріледі.

Әлемдік проблемалардың бірі — соғыс.

Жер бетінде б.з.д. 3500 жылдан бастап 14300 соғыс болған екен. 292 жыл ғана адамдар соғыссыз өмір сүріпті.

XVII ғ. — 3,3 млн;

XVIII ғ. — 5,5 млн;

XIX ғ. — 16 млн.

Бірінші дүниежүзілік соғыста 10 млн адам қаза тапқан. 14 елдің аумағында соғыс қимылдары жүргізілді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басты оқиғалары жөнінде кесте толтырып отыру ұсынылады.

## Екінші дүниежүзілік соғыстың барысы

Германияның жүргізген соғыстары	КСРО-ның жүргізген соғыстары	Басқа аумақтардағы соғыс қимылдары
1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаға шабуылы.	1939— 1940 жж. кенес-фин соғысы. Прибалтикаға Қызыл Армияның кіруі. 1939.17.IX Польшаға кіруі.	Жапонияның 7.XII. 1941 ж. Перл-Харборға шабуылы. Қалған аумақтарды картадан қарап, оқушылардың өздеріне қорытынды жасатады.

Оқушыларға атласты пайдаланып соғыс қимылдарының жүрген аумақтарын бақылап отыру тапсырылады.

Мұғалім: “Не себепті Екінші дүниежүзілік соғыстың басы Германияның Польшаға басып кіруінен басталды?” — деп сұрақ қойып, әрі қарай: “Екінші дүниежүзілік соғыстың барысын лекция бойынша танысып білесіңдер”, — деп, кесте толтыру жұмысын одан әрі жалғастырады. Германияның 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаға басып кіруінен кейін Англия мен Франция 3.IX.1939 ж. Германияға соғыс жариялады. Сөйтіп, Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Африкада ағылшын әскеріне қарсы неміс-итальян әскерлері Тобрукке қарай соғыс қимылдарын жүргізді. Солтүстік Африкада — Ливиядағы итальян армиясында 1940 ж. қыркүйекте 215 мың адам, 3600 ұшақ болды. Италияға қарсы соғыс әрекетін ағылшын командованиясі Египет-Ливан шекарасында генерал О.Коннордың басқаруындағы Ніл армиясы болып біріккен екі дивизия мен екі бригада шайқасты. Мұғалім оқиғаларды баяндай отырып, тарихи даталарды, соғыс күштері туралы мәліметтерді тақтаға жазып отырады. Картадан соғыс қимылдарының картинасын сипаттап, бастырманы да пайдаланып (жалаушалармен), түсіндіреді. Ағылшын әскерінің 36 мың адамы болды. Египет пен Польшада әуе-соғыс күштерінде 205 ұшақ соғысты. Картада Ұлыбританияның кішкене жалауын Египет, Палестина бағытына қадайды. Ал генерал Грацианың басқарған 5-итальян әскері 13 қыркүйекте Ливиядан Египетке басып кірді деп Италия жалауының суреті бар бастырманы қадайды.

Ал енді Еуропадағы соғыс қимылдарына тоқталайық. “Германия 1939 жылғы 1 қыркүйекте Польшаға басып кірді

деп айтқан болатынбыз, енді Германияның соғыс қимылдарын ойша бақылайық”, — деп, тақтаға Германияның Польшаға шабуылының бағыттары сызылады.



деп, екі жақ күшінің арасалмағы тақтаға 4-ке бөлініп жазылады.

I бөлігі — екі жақ күштің арасалмағы уақыты;

II бөлігі — тарихи даталар, адам аттары;

III бөлігі — соғыс қимылдарының бағыттары;

IV бөлігінде күштердің арасалмағы қарулардың түрлері жазылу керек. Жазу үлгісі төмендегі кестеде көрсетілген.

*Кестенің үлгісі № 22*

Германия	Польша
Екі жақ күшінің арасалмағы	
65 дивизия, 11 танк моторлы дивизия, 41 жаяу әскер дивизиясы, 280 танк, 2 мың ұшақ, 100-ден астам соғыс кемесі.	36 жаяу әскер дивизиясы, екі моторлы бригада, 11 атты әскер бригадасы, 82 жеңіл танк, 420 ұшақ, 12 соғыс кемесі.

Мұғалім мәліметтерді тақтаға жазып, оқушыларға сұрақ қояды. “Екі жақтағы күштің арасалмағына қарай отырып, соғыстың кімдердің пайдасына шешілетіндігін айтпай-ақ түсінуге бола ма?” “1939 жылғы 8 қыркүйекте неміс әскері Варшаваны алды, үш апталық ұрыстан кейін қарсыласу тоқталды. Польша өз алдына мемлекет болудан қалды. Мұның аяғы Польша халқы үшін қандай қасірет әкелді?”

Жоғарыда берілген жоспардың сұрақтарын топтап, 1-, 2-, 3-, 5-сұрақтарды бірге қарастыруға болады. Ал Ұлы Отан соғысының басталуымен антигитлерлік коалицияның құрылуын, екінші майдан проблемасын, соғыстағы бетбұрыстың басталуын бірге қарап, қалған тақырыпшаларды жоспар бойынша өткізуге болады.

Германияның батыстағы соғыс қимылдары туралы оқушылардың назарына кодоскоп арқылы экранға түсірілген дайын кесте ұсынылады.

*Кестенің үлгісі № 23*

**Германияның соғысқа дайындығының барысы**

Германияның батыстағы әскери күштері	Батыс елдерінің Германияға қарсы әскери күштері
135 дивизия, 1 бригада, 3500 ұшақ, 2600 танк, қару-жарақты өндіру 54%-ға өсті	143 дивизия, барлығы 102 дивизияны қарсы қойды. Голландия — 10 дивизия, Франция — 99 дивизия, Англия — 10 дивизия, Бельгия — 22 дивизия, 3 мың танк, 2700 ұшақ

Кесте бойынша сұрақтар қоюға болады. “Бұл фактілерді Германияның дүниежүзіне билік етуге дайын болғандығының дәлелі, көрінісі деп айтуға бола ма? Әлде қарулы күштерден басқа факторлар соғыстың тағдырын шеше ме? Сөйтiп, Германия 1940 ж. Дания, Норвегияны, 1940 жылғы 10 мамырда Бельгия, Голландия, Люксембургті 1940 жылғы 6 қарашада Францияны басып алды”, — деп, карта бойынша шолу жасалады.

Кеңес Одағының Финляндиямен соғысы, Прибалтиканы басып алуы туралы қысқаша ғана айтылып, картадан көрсетіледі. Оқушыларға КСРО тарихынан толығымен таныссындар деп ескертіліп, “Тарихта саясатшылардың 1939 ж. КСРО төрешілдік рөл атқарса, 1940 ж. Германияның одақтасы ретінде болды деген пікірін қалай түсінуге болады?” деп сұрақ қойып, жауап алғаннан кейін, 1940 жылғы 27 қыркүйекте Үштік пактіге Германия, Жапония, Италия бірігіп, үш жақты шартқа қол қойып, Кеңес Одағына қарсы ашықтан-ашық соғыс одағының құрылғандығы айтылады. Кеңес Одағына Германияның 1941 жылы 22 маусымда басып кіргендігі, кеңес халықтары үшін бұл тарихтағы Ұлы Отан соғысының басталуы екендігі және Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде дүниежүзілік тарихта қаралатындығы айтылады. Сонымен Екінші дүниежүзілік соғыс өрті Кеңес үкіметін де шарпыды, кеңес әскерінің соғыстың бастапқы кезеңіндегі орасан зор шығындармен кейін шегінуі Африкадағы соғыс қимылдарының табысты болуына әсерін тигізді. Сабақтың басында итальян армия-



сын басқарған генерал Грацианың ағылшынның соғыс-теңіз базасы Александрия мен Суэц каналын басып алу мақсатымен шығысқа қарай қозғала бастағандығына тоқталғанбыз. Ағылшындар Ливия-Египет шекарасына қарай 200 шақырым жердегі Мерса-Матрух аймағына шегінді. Италия Грекияға шабуыл жасауға дайындық үстінде еді. “Ағылшындар Грекиядағы соғысқа сөзсіз қатысады” деп ойлап, Египеттегі соғыс қимылдарын тоқтатып тастады. Алайда итальяндықтардың бұл ойлары жүзеге аспай, ағылшын әскері 1941 жылы Тобрук пен Бенгази порттарын алып, 1942 жылғы 21 ақпанда Александриядан 100 шақырым жердегі Эль-Аламейн шебіне жетті. 1941 жылғы 7 желтоқсанда Жапония өуе күштері Гавай аралдарындағы американың соғыс-теңіз базасы Перл-Харборға тұтқиылдан соққы беріп (картадан қарап табу), АҚШ-тың Тынық мұхит флотын қатты жеңіліске ұшыратып, 18 ірі кораблін жойып жіберді. Сөйтіп, миллиондаған адамдарды тартқан соғыс Тынық мұхит алабына да жайылды. Осы күні Жапония Таиландқа, Малайзия, Бирмаға шабуыл жасады. Өрі қарай оқушылар оқулық материалы мен картаны пайдаланып, Жапонияның басып алған жерлерін атап береді. Мұғалім 1942 жылға дейінгі Екінші дүниежүзілік соғыстың барысына қорытынды жасауға арналған сұрақтар қойып, толықтырады. “Гитлердің КСРО-ға 1941 жылы соғысты бастап кетуінің қандай салдары болды?” “Қателесуі неде?” “Үштік пакт елдерінің 1942 жылдың жазына дейінгі табысты қимылдарының нәтижелері туралы не айта аласыңдар?” Жауаптың үлгісін оқулықтан тауып айтуларына болады.

Үштік пакт мемлекеттері агрессиясының күшеюі, майдан шебінің ұлғаюы, әскерді қамтамасыз етудегі жолдың біртіндеп қашықтауы антигитлерлік коалицияның қалыптасуына, соғыс жағдайының өзгеруіне әсер етті. Германияның КСРО-ға шабуылы 1941 жылғы 12 шілде айында кеңес-ағылшын келісіміне қол қоюға, 24 маусымда АҚШ-тың Кеңес үкіметін қолдайтындығы туралы мәлімдемесі 1941 жылғы 1 қазанда үш жақты келісімге КСРО, АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттерінің қол қоюына алып келді. 1941 жылғы тамызда Рузвельт пен Черчилль Атлант хартиясына қол қойды. 1942 жылы 1 қаңтарда 26 ел Атлант хартиясына қосылатындығы жөнінде Біріккен Ұлттар Декларациясына қол қойды. Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихында Англия өзіндік рөл атқарды. Мюнхендік келісім-

нің басшысы Д. Чемберленге халықтың ашу-ызасы күшейгендіктен, ол демалысқа кетуге мәжбүр болды да, әлемге, адамзаттың өміріне қандай қауіп төніп тұрғанын терең түсінген У. Черчилль үкімет басына келді.

Екінші дүниежүзілік соғыс “Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы: 1941 ж. маусым — 1945 ж. мамыр” картасы бойынша мұғалім кеңес-герман майданындағы Смоленск, Мәскеу шайқастары туралы, Ленинград қоршауы мен Севастопольдегі кеңес жауынгерлерінің ерліктеріне тоқталады. “Герман әскерінің “Оңтүстік” армия тобы Сталинградқа соққы беруге дайындалып, Севастополь жауға берілгеннен кейін Кавказға шықты”, — деп 1942 жылғы 28 шілдеде жоғарғы Бас қолбасшы, Халық комиссариатының “Бір адым кейін шегінбеу” атты № 227-бұйрығының мәнін түсіндіріп береді. Бекіту сұрақтары:

1. Мәскеу түбіндегі шайқастың маңызы неде болды?
2. Мәскеу түбіндегі қазақстандықтардың ерліктері туралы әңгімелеп беріндер.

Үйге оқулық материалдарын қарап келу тапсырылады. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық ретінде төмендегі тарихи ұғымдар мен оқиғаларды баса айтып, оқушылардың үйден қайталап келулеріне және әрқайсысының мән-мағынасын түсіндіріп берулеріне тапсырма беріледі.

1. Соғыстың бірінші және екінші кезеңдері.
2. КСРО мен Финляндия арасындағы бейбітшілік шарт.
3. “Қауырт соғыс” (“блиц-криг”) жоспары.
4. Франция — Германия арасындағы 1940 жылғы 22 маусымдағы келісім.
5. “Теңіз арыстаны” операциясы.
6. Болгарияның Үштік пактіге қосылуы.
7. Мемлекеттік қорғаныс комитеті.
8. “Жалпыға бірдей әскери міндеткерлік туралы” Заң.
9. “Тайфун” операциясы.
10. АҚШ-тың “масқара күні”.
11. “Эдельвейс” операциясы.
12. “Шөл дала түлкісі”.

## **§ 15. Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. БҰҰ-ның құрылуы**

*Сабақтың мақсаты.* Екінші дүниежүзілік соғыстың кезеңдеріне сипаттама беру. Басты майдандармен шайқастар туралы әңгіме сұхбат ұйымдастыру.

*Сабақтың көрнекілігі:* Карта “1939 — 1945 ж. Екінші дүниежүзілік соғыс”.

*Сабақтағы әдіс-тәсілдер:* лекция, зертханалық жұмыс.

Қаралатын мәселелер: “Екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы ең маңызды шайқастар, олардың нәтижелері”. Тегеран, Қырым, Потсдам конференцияларының шешімдері.

Сабақтың барысында кесте толтыру әрі қарай жалғастырылады. Мұғалім антигитлерлік коалицияның құрылуын баяндайды. Антигитлерлік коалицияның анықтамасын сөздіктен біліп келу тапсырылады.

Соғыс барысындағы үлкен өзгеріс Сталинград және Курск шайқастары туралы мұғалімнің лекциясы бойынша оқушылар кесте толтырып, шайқастардың маңызы мен нәтижелері туралы өз пікірлерін айтады. Мұғалім қажет болған жағдайда қосымша деректер мен толықтырулар енгізеді.

*Кестенің үлгісі № 24*

**1943 ж. Кеңес-Герман майданындағы соғыс қимылдары**

№	Сұрақтар	Сталинград шайқасы	Курск шайқасы
1	Уақыты	1942 ж., 19 қараша 1943 ж., 2 ақпан	1943 ж., 5 шілде, тамыз 50 күнге созылды
2	Шайқас алдындағы екі жақ күштің арасалмағы	Адам күші 1 — 1 Зеңбіректер: миномет 1,3 — 1 танкілер 1,4 — 1 ұшақтар 1,2 — 1	
3	Кеңес-герман әскери-стратегиялық операцияның аты	“Уран”	“Цитадель”
4	Әскери қолбасшылар	Г. К. Жуков	К. Конев, Н. Рокоссовский
5	Нәтижелері	Немістер 800 мың адамнан, 2 мың танк, зеңбіректерінен, 3 мың ұшағынан айырылды	
6	Маңызы	Стратегиялық белсенділік кеңес әскерінің қолына көшті	Немістер 500 мың солдатты мен офицерінен, 1,5 мың танкісінен, 3,7 ұшақтан айырылды. Кеңес үкіметі аумағын азат ету басталды

Конференциялардың шешімдері мен маңызы туралы оқушыларға оқулық материалы бойынша төмендегідей кестені толтырып, үйде аяқтап келуге тапсырма беріледі.

Кестенің үлгісі № 25

Конференция	Қатысқан мемлекет басшылары	Шешімдері
Тегеран конференциясы		
Қырым конференциясы		
Потсдам конференциясы		

1. Азияда Жапонияға қарсы қозғалыстың басталуы.
2. Германияның ұзақ соғысқа дайын еместігі, экономикасының құлдырауы.
3. Партизандық қозғалыстың басталуы. Сөйтіп, фашизмге қарсы барлық күштің бірігуі.

Соғыста бетбұрыстың басталуы фактілерін айтумен бірге, оқушылар ең маңызды фактілерді іріктеп алуға тиісті.

Шығыс майдандағы соғыс қимылдары Кеңес үкіметі өскерінің Румынияға кіруі, Антонескуді тұтқындап, Германияға соғыс жариялауымен аяқталды. Румыния Бессарабия мен Солтүстік Буковинаны КСРО-ға беруді біржолата шешті. Біртіндеп Венгрияны, Югославияны Қызыл әскерлер фашистерден азат етуге кірісті. Сонымен қатар КСРО АҚШ пен Ұлыбританиядан Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропаға ерекше мүдделі екендігін білдірді. “Азат етілгеннен кейін Польшада қандай үкімет билігі орнауы тиіс?” деген мәселеде одақтар арасында келіспеушіліктер басталды.

Қырым конференциясы туралы оқулықпен жұмыстың түрі қарастырылады (тезис түріндегі жауаптың үлгісі). Қырым конференциясында Үлкен үштік басшыларының соңғы кездесуі болды.

И. В. Сталин КСРО беделінің өскендігін қандай мақсат үшін пайдаланды? Не себепті Ф. Рузвельт пен У. Черчилль келісім беруге мәжбүр болды? Германияның тізе бұғуі КСРО тарихы бойынша толық қарастырылады, Г. К. Жуковтың Берлин операциясы кезіндегі рөліне тоқталып, Германияның тізе бұғуінің актісі сипатталады. Еуропадағы соғыстың

аяқталып, фашистік Германияны талқандаудың маңызы фашистік апаттан адамзатты құтқарып қалған елдер мен халықтардың жанқиярлық ерліктерінің нәтижесі екендігіне қысқаша тоқталып, қорытындыланады.

Оқушылардан ядролық қару туралы, И. В. Сталин, Г. К. Жуков, У. Черчилль туралы қандай мәліметтерді білетіндігі оқушылардан сұралады. Г. К. Жуковтың “Ойлар мен толғамдар” атты кітабын оқуды ұсынуға болады немесе қысқаша мінездемелер мен сипаттамалар беруге дайындалып келу тапсырылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы басты мәселелердің бірі — екінші майданды ашу туралы болды. Оқушыларға: “Не себепті КСРО үнемі екінші майданды ашуды талап етті? Екінші майданды ашу туралы қандай көзқарастар мен пікірлер болды? Екінші дүниежүзілік соғыстағы басты майдан қай майдан болды?” деген сұрақтар беріледі.

Соғыс барысындағы бетбұрыстың бірнеше фактілері оқушыларға ұсынылады.

1. Тынық мұхиттағы Мидуэйдегі шайқас.

Жапонияның басып алу жоспарының жүзеге аспай, ірі күштерінен (4 ірі, ең жақсы кемесінен) айырылуы мен қаруланған әскер шабуылдарынан бұдан былай бас тартуы, Жапонияның бұдан арғы шабуылдарын АҚШ пен Англияның тоқтатуы.

2. Африкадағы неміс-итальян әскерінің тізе бүгуі. Солтүстік Африкада ағылшын әскерлерінің шабуылға шығып, генерал Монтгомеридің Эль-Аламейн түбінде неміс-итальян әскерін талқандауы. Д. Эйзенхауэрдің басшылығымен Мароккоға америкалықтардың десант түсіруі, неміс-итальян әскерлерінің 1943 жылғы 13 мамырда тізе бүгуі. Муссолини төртібінің Италияда құлауы.

3. Кеңес-герман майданындағы бетбұрыс — Сталинград, Курск шайқастарындағы неміс әскері мен сателлиттерінің ірі жеңіліске ұшыраған жері.

4. Қарсыласу қозғалыстары әскери жағдайдың одақтас-тардың пайдасына өзгеруіне себін тигізді. Германия, Италия, Жапония басып алған жерлерде тәуелсіздік жойылды, “жаңа төртіп” орнауы, нәсілшілдік саясатының жүргізілуі, 1945 жылғы 2 қыркүйекте “Миссури” линкорының бортында Жапонияның тізе бұғу актісіне қол қоюымен Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғандығын айту.

Соғыстың қорытындылары туралы кесте толтыруға тапсырма беру, Екінші дүниежүзілік соғыстың кезеңдеріне сипаттама беру. Чехословакияның астанасы Прага қаласын азат етуде 72 гвардиялық Сталинград дивизиясынан басқа Қазақстанда жасақталған 88-, 118-, 314-атқыштар дивизиялары қатысты. Еуропа елдерін бұғаудан құтқаруға асқан ерліктері үшін 150 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Тақтаға “Білімпаздарға арналған” деген жазуы бар конверт бекітіліп, конверттегі сұрақтарға жауап беру әдісі қарастырылады.

#### Сұрақтардың үлгісі:

1. Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевпен бірге Қостанай қаласынан Илья Яковлевич Сьянов та болды. Берлинді алуда ерлік көрсеткен тағы қандай жерлестерімізді білесіңдер?
2. 1945 ж. Жапонияны талқандаудың себептері қандай?
3. Не себепті Италияға одақтастардың ескерін кіргізу екінші майданның ашылуы болып есептелмеді?
4. Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі майдандарын және олардың маңызын атап беріңдер.

Үйге оқулықтың материалын қарап келу тапсырылады. Жоғарыда берілген тапсырмалар ескеріледі.

Славян ұлттары да жаппай қырғынға ұшырады. Кейін басқа ұлттардың да қолға түскен тұтқындары Освенцим, Майданек, Треблінка, Дахау, Бухенвальд, Заксенхаузен, Маутхаузен, т.б. өлім лагерьлерінде жантүршігерлік қорлықты бастарынан кешірді. Бұл адамзат тарихындағы қайғылы оқиғалар ретінде сақталып қалды. Бұдан әрі Нагасаки мен Хиросима туралы айтып, мұғалімнің оқушыларға хабарламалар дайындап келу үшін тапсырма беруіне болады.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа арналған сұрақтардың үлгісі:

1) “Ленд-лиз” заңы, Ұлттар ұйымының мәлімдемесі, “Торг” (факел) іс-қимылдары, “Цитадель” операциясы, “Керзон шебі” “Оверлорд” операциясы, “Яско-Кишинев” операциясы, Думбартон-Окс конференциясы, “Арденн” операциясы.

## IV тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

### § 16. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем

Мұғалім сабақты Екінші дүниежүзілік соғыстың апатты соғыс болғандығына көз жеткізу үшін адам шығыны туралы кестені оқушыларға таныстыра отырып жалғастыруына болады.

*Сабақтың мақсаты.* Екінші дүниежүзілік соғыста антигитлерлік коалицияның жеңістерінің қайнар көзі мен тағылымдары туралы оқушылардың түсініктерін одан әрі жетілдіру.

*Сабақтың негізгі мазмұны:* КСРО мен одақтастар арасындағы келіспеушіліктің басталуы. Азия, Африка құрлығындағы ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуі.

*Сабақтың көрнекілігі:* “1939 — 1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыс”.

*Сабақтың барысы:* Зертханалық талдау.

#### Сабақтың үлгі жоспары

1. Париж бітім конференциясы. ГДР мен ГФР-ның құрылуы.
2. Экономикалық тұрақтылық.
3. БҰҰ-ның құрылуы.
4. Ірку саясаты.
5. Шығыс Еуропа елдерінің социалистік даму жолына түсуі.
6. Шығыс елдері: а) Қытай; ә) Жапония.

Соғыстан кейінгі соғысушы елдердің жағдайына № 16 кесте сұрақтарына жауап бергеннен кейінгі жағдайларды саяси карта “1939—1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыс” атты карта және оқулық материалы көлемінде оқушыларға түсіндіріп кетуге болады. Ірку саясатына оқулықтағы үш негізгі қағиданы оқушылардың назарына ұсынып, бірігіп талдау қажет.

КСРО мен Қытай және Жапония арасындағы қарым-қатынастарға тоқталу барысында Жапонияның соғыстан кейінгі экономикасының дамуының кереметтігінің себептері түсіндіріледі.

Мемлекеттер	Өлгендер саны	
	млн есебімен	%-ға шаққандағы сол елдердің халық санының қанша бөлігі
КСРО	26,3	13,6
Германия	6,5	9,3
Польша	6	17
Қытай	5	шамамен 1
Жапония	2,5	шамамен 3
Югославия	1,7	11,3
Франция	0,6	1,5
Италия	0,5	1,1
Румыния	0,460	2,8
Венгрия	0,420	4,5
АҚШ	0,407	0,3
Грекия	0,4	5,4
Ұлыбритания	0,370	0,7
Қазақстан	0,600	0,7

*Кесте бойынша оқушыларға сұрақтар.* Кеңес үкіметінің материалдық шығындарымен қатар адам шығынының көптігі туралы қандай пікір айтар едіңдер?

Қазақстандықтардың майданға аттанғандары 1 млн 200 мың болса, соңғы мәліметтерде өлгені 600 мың деп, ал кейбірінде 350 мың деп беріліп жүр. Қазақстан халықтарының соғыста көп шығынға ұшырауының себептері неде деп ойлайсындар? Осындай сұрақ Польшаға да қатысты. Өз пікірлеріңді дәлелдендер.

Мұғалім бұдан әрі Потсдам конференциясындағы одақтас-тар қарым-қатынастарының шиеленісуіне тоқталады. Карта бойынша шекаралық өзгерістер айтылып, Париж бітім конференциясының шешімдерінің де, аумақтық өзгерістері



туралы мәселелері де картадан көрсетіледі. Оқушыларды БҰҰ-ның қызметімен таныстырып, Қазақстан Республикасының да мүше болған уақыты еске түсіріліп кетеді. Соғыстан кейінгі құрылған әскери-саяси одақтарды оқулықтан тауып оқуға тапсырма беріледі.

Ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің 2-3-еуіне сипаттама беруге оқушылардың қалауы бойынша үйге тапсырма ретінде реферат жазып келуге ұсыныс жасауға болады.

## **§ 17. “Қырғиқабақ соғыс”. НАТО және Варшава одағы. Дүниежүзілік саясат циклдері**

Мұғалім Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі державалардың мақсатын түсіндіріп, халықаралық саясаттың негізгі бағыттарына тоқталады. “Қырғиқабақ соғыстың” мән мен сипатын түсіндіре отырып, КСРО мен АҚШ арасындағы әлемдік біріншілікке таласу саясаттарының қайшылықтарға толы тарихи даму үдерісіне тоқталып, салдарын айтып өтеді.

Карта, тарихи көркем әдебиетті пайдалануға болады. Мүмкіндік болып жатса, фильмдерден үзінді қарауды ұйымдастырып, техникалық құралды (кодоскопты) пайдаланып, сабақ жүргізуге болады. Оқушылар мұғаліммен бірлесіп көрнекіліктерді дайындауға қатысады.

Плакатқа жазылған жаңа сабақтың жоспарын тақтаға бекітіп немесе ауызша айтып, дәптерлеріне жазып алуға тапсырма береді.

### **Жаңа тақырыптың үлгі сұрақтары:**

1. “Қырғиқабақ соғыс” дегеніміз не? Шығу себептері?
2. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дүниенің екіге бөлінуі. Париж бейбіт конференциясы шешімдерінің негізсіздігі.
3. Трумэн доктринасы, АҚШ-тың оқшаулануының аяқталуы.
4. Соғыс одақтарының құрылуы. Ядролық монополияның жойылуы.
5. “Қырғиқабақ соғыс” саясатының дүниежүзілік тарихи даму процесіне әсері. КСРО мен АҚШ-тың тарихи процесітегі рөлі. “Қырғиқабақ соғыс” саясатының салдары.

Проблемалық сұрақтарға жауап түрлерінің бірі — зерттеу әдісін пайдалану. Мәселен, КСРО-ның соғыстан кейінгі халықаралық беделінің өсуіне не себеп болды? КСРО мен АҚШ-тың экономикалық жағдайларының көрсеткішін

ауызша немесе кодоскоп арқылы экранға мәліметтерді түсіру, баяндау арқылы талдау.

АҚШ-тың бұған қарама-қарсы экономикалық күшқуатының артықшылығы қарастырылады.

*Кестенің үлгісі № 27*

**КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстағы шығындары**

Материалдық шығындары	Моральдық шығындары
32 мың өнеркәсіп, 65 мың теміржол жүйелері істен шығып, жылқы 50%-ға, ірі қара 20%-ға, шошқа 65%-ға азайды. 1710 қала, кент, 70 мың ауыл қирады. Соғыстың шығыны 2 триллион 600 млн сом болды	27 млн адам қаза тауып, 25 млн адам баспанасыз қалды

КСРО мен АҚШ ықпалының күшеюі дүниежүзілік біріншілікке таласу саясатындағы “қырғиқабақ соғысының” себептерін өткен сабақпен байланыстыру арқылы мынадай тарихи көзқарасты ұсыну:

- 1) Еуропа мен Азия елдерінен Америка әскерлерінің шығарылуы.
- 2) Коммунистердің билікке келуі.
- 3) Еуропада КСРО-ның әскери күштерін топтауы.

Оқушылардан өздері білетін тарихи мәліметтерді келтіру талап етіледі. Париж бейбіт конференциясының шешімдерімен оқушылар өз беттерімен карта бойынша жұмыс істеу әдісі арқылы оқып танысады.

Статистикалық мәліметтерді пайдалану арқылы Трумэн доктринасы мен АҚШ-тың оқшаулануының аяқталуы сипаттамасын түсіндіріп, қысқаша қорытынды жасау.

*Проблемалық сұрақтар:*

1. КСРО мен АҚШ арасындағы қайшылық — тоталитаризм мен демократияның қайшылығы.
2. Еуропаның екі жікке бөлінуі, Германияның тағдырын шешкен тарихи үдеріс немесе Германияның екіге бөлінуі. Еуропаның жікке бөлінуінің басы — Батыс пен Шығыс — екі қарама-қарсы күштің жарысы.

“Қырғиқабақ соғыстың” көріністері, әскери саяси соғыс одақтарының құрылуы, екі дүние бәсекелестерінің “ыстық

соғысқа” дайындалуы, жаппай қырып-жоятын қару түрлерін көбейту, экономиканы милитарландыру, ядролық қоқан-лоққы саясаты, әскери-өндірістік кешендердің құрылуы туралы, бірақ бұл күшті екі жақтың да еш уақытта да қолдануға батылдарының жетпегендігінің себептерін мұғалім сурет, иллюстрация, қосымша деректер мен кино кадрларды пайдалана отырып қысқаша әңгімелеп береді.

Тыңшылық романдар мен кинофильмдер шығарудың дәстүрге айналуы да “қырғиқабақ соғыс” саясатының салдары болды. Бұл романдар мен кинофильмдерді қаншалықты білетіндіктері мен көргендерін оқушылардан сұрап, бірнеше роман мен кинофильмдердің аттарын атату керек.

“Қырғиқабақ соғысты” тоқтатудың мүмкіндіктері бар ма? Бұл күшті еш уақытта да бір-біріне қарсы қолданбауының сыр-сипаты неде?

Жоғарыда айтылған мәліметтерді сынып оқушыларын екі топқа бөліп сұрау қарастырылады. Кестені толтырғанда, оқушылардың жауаптары әртүрлі дәрежеде болуы мүмкін. Себептері: оқушылардың дайындығы, білім дәрежелері, қосымша деректер мен оқу материалын игере білуі.

Ұй тапсырмасына сабақта кездескен ұғымдар мен терминдердің анықтамаларын жазып, біліп келуге: БҰҰ рөліне сипаттама берумен бірге, КСРО мен АҚШ арасындағы “қырғиқабақ соғыстың” негізгі кезеңдері туралы тезис құрастырып келуге тапсырма беріледі.

АҚШ пен КСРО арасындағы қатынастардың шиеленісуі жаңа соғыс ошақтарын туғызғандығы болып табылады. Сондықтан соғыс ошақтарының аймақтық қайшылықтарына тоқталып, жылымық кезеңінен Вьетнам соғысына дейінгі қақтығыстардың себептерін ашуға көңіл бөлінеді. Бәсеңдік жылдарының қорытындылары мен “қырғиқабақ соғыстың” аяқталуының басты себебін фактілер мен деректер негізінде оқушылармен бірігіп талдау мәселесі қаралады.

Лекция, проблемалық сұрақтар, әңгімелесу әдістерін қарастыруға немесе мұғалімнің өз қалауы бойынша жүргізуіне болады.

Кесте, карта, атлас, “Дүниежүзі елдерінің қазіргі заман тарихының” 22-, 23-, 24-, 25-беттері, техникалық құрал, т.б. пайдалану ұсынылады.

“Соғыстан кейінгі ұлы державалардың арасындағы саясатқа “қырғиқабақ соғыс” деп сипаттама беріледі”, — деп

бастап, оқушылардың көңілін сабаққа аударады. Лекцияны ынтамен тыңдауға, оқиға желісін бақылап, есте жақсы сақтаулары үшін конспектілетіп, кесте толтырта отырып мұғалім әңгімесін жалғастырады.

*Сызба-кестесінің үлгісі*

Кеңес-американ қатынастарының шиеленісуіне әсер еткен оқиғалар	Кеңес-американ қатынастарының реттелуіне әсер еткен оқиғалар

Жаңа сабақтың жоспарын ауызша немесе жазбаша түрде оқушыларға былайша айтқызып, жаздыруға болады:

1. Бірінші қарама-қарсы тұрулар.
  - 1.1. Корея соғысы (1947—1953 жж.)
  - 1.2. Таяу Шығыс мәселесі.
  - 1.3. Үнді-Пәкстан шиеленісі.
  - 1.4. Үндіқытайдағы соғыс.
2. Жылымықтың басталуы (1953—1960 жылдар).
  - 2.1. Ғарышты игерудің басталуы.
3. Берлин дағдарысынан Вьетнам соғысына дейін.
  - 3.1. Берлин дағдарысы.
  - 3.2. Куба оқиғасы.
  - 3.3. Вьетнам соғысы.
  - 3.4. Таяу Шығыстағы соғыстар.
  - 3.5. Кеңес-Қытай қатынастары.
  - 3.6. Азия, Африка ұлт-азаттық қозғалыстарының нәтижелері.
4. 1969—1979 жж. бөсеңдік кезеңі.
  - 4.1. Стратегиялық қаруларды шектеу.
  - 4.2. Еуропадағы бөсеңдік.
  - 4.3. Үнді- Пәкстан соғысы.
  - 4.4. Араб-Израиль соғысы.
5. Соңғы айқас (1979—1985 жж., 1985—1991 жж.)
  - 5.1. Орта қашықтықтағы зымырандарды ұшыру.
  - 5.2. Ауған соғысы. Кеңес Одағы үшін оның салдары.
  - 5.3. “Қырғиқабақ соғыс”.

Мұғалім атластан (оқулыққа қосымша) кеңес әскерлері мен американ әскерлерінің Кореяны азат еткен аумағын тауып, 1948 ж. оңтүстігі мен солтүстігіндегі құрылған мемлекеттердің атаулары мен уақыттарына көңіл бөліп, осы екі мемлекеттің арасындағы 1950—1953 жылдардағы соғыстың себептерін сұрайды. Оқушылардың жауаптары толық-

тырылады. Таяу Шығыстағы кикілжің жағдайға себепшілердің бірі — Палестина туралы шолу жасалады.

1947 ж. Палестина аумағында екі Араб мемлекетін құру туралы БҰҰ-ның шешіміне наразы болған 7 Араб елі Израильге қарсы 1948 ж. шабуыл бастады, бірақ соғыс 1949 ж. нәтижесіз аяқталды. Кореяның екіге бөліну тағдыры Шығыстағы тағы қай елдің тарихына ұқсас немесе қай елдің тарихында қайталанды?

Бұл елдің аумағында екі мемлекеттің құрылуы бұрынғы иесі Францияға қанағаттандырмады. Вьетнамға түгел бақылау орнатуға тырысқан Францияға Вьетнам Демократиялық Республикасы тарапынан қарсылық көрсетілді. 1946 жылы соғыс қимылдары басталды. Хо Ши Миннің Кеңес Одағынан көмек алуына байланысты соғыстың барысын өзгертуге мүмкіндік алды.

Соғыстың нәтижесі туралы картаны пайдаланып, оқушылармен бірлесіп қорытынды жасалады.

Үнді-Пәкстан оқиғасының жылдарын мұғалім тақтаға жазып, сабақтың барысында толығырақ тоқталатындығын ескертеді.

Жылымық жылдардың басталуын мұғалім кеңірек баяндайды. Қосымша деректер ретінде кинокадрларды немесе фотосуреттерді пайдалануға болады. Жылымық жылдардың шарықтау шегі — 1959 жылы Н. С. Хрущевтің Америкаға барған сапары, 1954 жылы Үндіқытай мәселесін шешудегі Женева конференциясы, Австриядан Америка мен Кеңес әскерлерінің шығарылуы, 1955 ж. Женевада Англия, АҚШ, КСРО, Франция басшыларының кездесуі сияқты оқиғалармен сәйкес келеді. Жылымық кезеңінің соңы Кеңес Одағының Африка, Азия елдері алдындағы беделінің өсуімен сипатталады. Солтүстік Африкада — Египет, Оңтүстік Шығыста — Үндістан КСРО-ның жаңа одақтастары болды.

КСРО-ның Солтүстік Африка мен Оңтүстік Азиядағы жаңа одақтастарының пайда болуы.

Мұғалім: “Бұл жағдайдың АҚШ-пен екі арадағы қарым-қатынасқа қандай әсері болуы мүмкін?” деген сұрақ қойып, 1957 ж. КСРО-ның ғарыштағы табыстарын физика және т.б. пәндерден алған білімдерінің негізінде оқушылар еске түсіріп, мәліметтер келтіреді. Батыс Берлин проблемасы Берлин қаласының мәртебесін өзгерту жөніндегі Н.С. Хрущевтің 1961 ж. Венада Д. Ф. Кеннедимен арада болған мәселеден басталды. Америкалықтар ГДР-дегі

кеңестің әскери бөлімшелеріне ядролық соққы беру жоспарын жасады. Бұл оқиғаның бейбiт жолмен аяқталуы “қырғикабақ соғыс” кезеңіндегі ядролық соғыс қаупін туғызған Кариб дағдарысына ұласты. Кубада болған оқиғаны түсіндіре отырып, проблемалық сұрақтар қоюға немесе карта мен деректі материалдарды пайдаланып түсіндіріп беруге болады. Оқушыларға: “Кеңес Одағы құлағаннан кейін, социалистік даму бағытын жалғастырған елдер туралы не білесіңдер? Кубаның қазіргі жағдайы туралы қандай мәліметтер белгілі?” деген сұрақтар қойылады.

1959 жылы Кубада төңкеріс болып, АҚШ-тың үстемдігі құлатылды. Фидель Кастро басқарған үкімет құрылды. Кубада айырылғысы келмеген АҚШ 1961 ж. Куба аумағына әскерін түсірді. Ф. Кастро КСРО-дан көмек сұрады. Н.С.Хрущев пен Ф. Кастро жасырын түрде орта қашықтықтағы зымыранды Кубада орналастыруға келісті. Куба АҚШ-тан 90 мильдей қашықтықта орналасқан еді. АҚШ мемлекеті зымырандар туралы әскери бақылаудың мәліметтері арқылы біліп қойды. Президент Джон Кеннеди Кубаны теңіз жағынан қоршауға алғандығын жариялады. Американың соғыс кемелеріне кеңестік кемелерге бақылау орнатып, тексеруге бұйрық берді. Әскери соғыс кемелерінің соқтығысы болған жағдайда Үшінші дүниежүзілік соғыстың шығып кету қаупі сөзсіз еді.

1962 жылғы 24 қазанда кеңестің 5 соғыс кемесі қоршау аумағына жетіп тоқтады. Екі күннен кейін Н. С. Хрущев егер Кеннеди қоршауды тоқтатса, кемелерін алып кететіндігіне уәде берді. 28 қазанда екі жақ келісімге келді. Бірінші рет Кремль мен Ақ үйдің арасында тікелей телефон байланысы орнады.

Кариб дағдарысы 1963 ж. 15 тамызда ядролық қаруды су астында, ауада, ғарышта қолдануға тыйым салу туралы келісімге қол қоюмен аяқталды, әйтсе де мұнымен бақталастық әлі тоқтаған жоқ еді.

Кариб дағдарысы салдары туралы оқушылардың пікірін білгеннен кейін, мұғалім Кариб дағдарысынан кейінгі жағдайлармен толықтырады: “Аумақтық соғыстардың бірі — Оңтүстік Вьетнамның Солтүстік Вьетнамға соғысы кезіндегі АҚШ-тың Оңтүстік Вьетнамды қолдауы, Солтүстік Вьетнамның КСРО мен Қытайдан көмек алуы, 1967 ж. Израильдің Египет, Иордания, Сирияны талқандауы 60-жылдардың соңында екі ұлы державаны әбден қалжырат-

ты”, — деп, картаның 23-, 24-беттеріндегі соғыс қимылдары туралы әңгімелесу барысында оқушылардан Израильдің Сириядан, Палестинадан алған жерлерін көрсетуді талап етеді. Египеттен тартып алынған аумақтарды картадан қарап, шартты белгісінен қай кезеңде Египетке қайтарғандығын, қандай келісім жасалғандығын, келісімге қол қойған елді мекеннің қай елдің аумағында екендігін анықтатады.

Мұғалім әрі қарай: “Олай болса, ендігі тарихтың бетін қандай оқиғалармен ашуға болады? Қайшылықтардың шиеленісуінен кейін қандай жағдай қалыптасатын еді? Себебі неде?” деген сұрақтар қоя отырып, “қырғиқабақ соғыстың” бәсеңдеу процестерін оқулықтың материалынан фактілер келтіре отырып, оқиғаларды баяндап береді. Оқулықта кездескен жаңа ұғымдарды оқушылар мұғалімнің көмегімен анықтайды.

Паритет, стратегиялық қаруларды қысқарту, зымыранға қарсы қорғаныс, Еуропадағы бәсеңдеудің көрінісі, Хельсинкидегі 33 мемлекеттің қорытынды Актіге қол қою процесінің тұрақсыз болғандығы туралы, Үнді-Пәкстан соғыстарының нәтижесінде тәуелсіз Бангладеш мемлекетінің құрылғандығы мен Үндістанның күшеюі туралы, КСРО-ның бұл оқиғаны өз жеңісіне санаған саясаты туралы кейінгі сабақтарда толық қарастырылатындығы оқушыларға ескертіліп, тақырыпшаларын ғана атап кетеді. Оқулықта берілген Араб-Израиль соғысынан Египеттің Суэцті қайтарып алу мәселесі ғана қарастырылады. Картаның 24-бетіндегі мәліметтен 1982 жылы Израиль мемлекеті әскерлерінің Синай түбегінен АҚШ-тың араласуымен шығарылғандығын оқушылардың өздері оқып танысады. 1979—1985 жылдарды мұғалім тақтаға жазып: “Бұл жылдар сендерге қандай оқиғаларды еске түсіреді? Дүниежүзінде, КСРО мемлекетінде қандай тарихи процестер жүріп жатты?” сұрақтары бойынша кейбір түйінді пікірлер мен ұғымдарды пайдаланып, тарихи оқиғалар жөнінде сөйлем құрауға тапсырма береді. Тапсырма сабақта жүргізіліп, кейін үй тапсырмасы ретінде беріледі.

Сөйлем құруға арналған ұғымдар мен жаңа сөздерді мұғалім тақтаға жазып қояды.

1) “Интернационалдық көмек.”

2) Бәсеңдеу кезеңінен бас тартып, Американы қайтадан қаруландыру идеясы.

3) Стратегиялық қорғаныс бастамасы, жұлдызды соғыстар бағдарламасы.

4) 70-жылдардың соңындағы КСРО-ның беделіне соққы болған жағдай.

5) М. С. Горбачевтің жаңаша ойлау саясаты.

6) Орта қашықтықтағы зымырандарды жою келісімі.

7) Қытаймен арадағы қарым-қатынасты реттеудің басталуы.

8) Германияның бірігуі, ГДР-ді жою.

9) КСРО-ның құлауы, “қырғиқабақ соғыстың” аяқталуы.

Жаңа сабақты бекітуде жоғарыда көрсетілген сұрақтарға сөйлем құрап жазудың үлгісін мұғалім оқып береді. Бірер сұраққа жауаптың көлемінде ғана үлгі жауап беріледі. Сонымен қатар оқушылардың осы жауаптың өзге нұсқасын ойластырып жазуын көздейтін тапсырма, нұсқаулар беруге де болады.

#### **Үлгі жауап:**

1. Ауғанстанда басталған 1978 ж. азамат соғысы социалистік қайта құруларға қарсы жаппай өз ішінде қарсылық туғызды. Ауғанстан үкіметі КСРО-дан көмек сұрады. КСРО-ның үкімет басшылары академик А.Д. Сахаров сияқты беделді адамдардың ескертуіне қарамастан, “интернационалдық көмек” көрсетуді қажет деп тапты. Шын мәнінде, бұл КСРО тарапынан жасалған басқыншылық еді. Ауғанстанға әскер кіргізілді. Бұл жағдай тағы да екі державаның арасындағы қайшылыққа, яғни “қырғиқабақ соғыс” саясатының күшеюіне алып келді, т.б.

Оқушыларға сұрақтарда көрсетілген сөздерді міндетті түрде қолданып жазу қажеттігі ескертіледі.

“Қырғиқабақ соғыс” саясатының дағдарыс кезеңдері жөнінде сызба-кесте орындап келу тапсырылады.



## Ү т а р а у . АҚШ ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ (1945—2009 жж.)

### § 18. Батыстың даму үрдісі. Америка Құрама Штаттары. Латын Америкасы елдері

*Сабақтың мақсаты.* Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс елдерінің дамуының ерекшеліктерін, “қайырымды мемлекеттің” белгілерін түсіндіру. “Батыс деп АҚШ пен Батыс елдері, Шығыс дегеніміз — КСРО және Шығыс Еуропа мен Азия, Африкадағы, Кариб алабындағы Куба елдері” деген түсінікке тоқталып, демократиялық нарықтық экономика мен тоталитарлық жоспарлы экономиканың айырмашылықтарын талдау. “Қайырымды мемлекеттер” дамуының кезеңдерін қарастырып, не себептен барлық проблемаларды шешу бұл елдер үшін де мүмкін еместігіне оқушылардың назарын аударып, қосымша деректерді пайдаланып, сабақты пайымдау мәселесі қарастырылады.

Оқушылармен өз бетімен жұмыс түрін ұйымдастырып, білім дәрежелерін кеңейту; материалды саналы түрде терең игеруге, пәнге деген қызығушылықтарын оятып, дәлелдеп, түсіндіріп беруге дағдыландыру; кесте құру, жоспар жасау, диаграмма, сызу әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы сабақта білім берудің тиімді жолдары іздестіріледі.

*Көрнекі құралдар:* карта, оқулық, иллюстрация, т.б. көрнекіліктерді пайдалануға болады.

Сабақ барысында мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізуінің мақсатын, жұмыстың түрлерін, оқушылардың міндеттерін қысқаша түсіндіреді. Шығармашылық ізденіс сабағын 3 нұсқада өткізудің үлгісі беріліп отыр.

Жаңа сабақ оқушыларды топқа бөліп, тапсырма беруден басталады.

#### I нұсқаның сұрақтары

1. “Қайырымды мемлекеттер” дегеніміз қандай мемлекеттер? Мәнін, сипатын түсіндіріңдер.
2. Олардың ерекшеліктері неде? Факт, деректерді оқулықтан тауып, әлеуметтік реформалардың маңызын түсіндіріп беріңдер.
3. Еуропалық экономикалық одақтың құрылуының себептері неде? Мақсаты туралы айтып беріңдер. Бұл одаққа кірген

мемлекеттерді ретімен дәптерлеріне жазып алуларын мұғалім оқушылардан талап етеді.

4. “Қайырымды мемлекеттер” дамуының кезеңдерін атаңдар. Не себептен 70-жылдарды “гүлдену кезеңі” деп атайды?

## II нұсқаның сұрақтары

1. Азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Батыс елдерінің 50—60-жылдардағы экономикасының даму диаграммасын талдаңдар. Экономика дамуының басты себебі неде деп ойлайсыңдар? Мысал келтіріңдер.
3. *Сыртқы сауда, арзан мұнай, гүлдену, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі* деген ұғымдар мен сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Осы сөздерді пайдаланып әңгіме құрастырыңдар.
4. Еңбек қатынастарын реттеу дегеніміз не?

## III нұсқаның сұрақтары

1. Рим-Маастрихт келісімдері дегеніміз не? Қандай мақсаттар көздеді?
2. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, инфляция (құнсыздану), жұмыссыздық, “консервативтік толқын”, жекешелендіру, қатаң несие-қаржы саясаты, технологиялық революция дегеніміз не?  
Технологиялық революцияның символдық белгісі не? Компьютерлендірудің маңызы қандай? Пікірлеріңді дәлелдендер.
3. “Қайырымды мемлекет” — тоталитарлық мемлекеттің баламасы дегенді қалай түсінесіңдер? Айырмашылықтарын атаңдар.
4. “Қайырымды мемлекеттердің” экономикалық өрлеуінің көріністерін әңгімелеп беріңдер.

I нұсқаның сұрақтарына жауап беруде әңгімелеу әдісі көбірек қолданылады. Оқушылар өздерінің жауаптарын оқулық мәтіні бойынша әңгімелеп, мысал келтіреді.

II нұсқа сұрақтары диаграмманы пайдаланып талдауға негізделген. Оқушылар жауаптарының негізі жоспар не тезис құру, қысқаша әңгіме құрастыру (ұғымдар мен терминдерді пайдаланып) түрінде болады.

III нұсқа. Оқушыларға мұғалімнің қысқаша түсіндірмесінен кейін қазіргі кезеңдегі жаңалықтарды, мәліметтерді пайдалана отырып, қорытынды жасау әдісіне негізделеді. Өрбір нұсқаның сұрағына жауап беруге дайындыққа 15—

16 мин-тай уақыт бөлінеді. Сұрақтарды талдауға оқушыларды түгел қатыстыру ескеріледі. Қай нұсқаның сұрағына талдау жасалса, сол топтың белсенді жауап берушілері мен тыңдаушыларына тиісті талаптар мен міндеттер қойылады. Сабақтың мақсаты — оқушылардан оқулық көлемінде ғана жауап беруін талап ету емес, өз бетімен ізденіс жолдарын қарастырып, фактілерді тауып, талдап, қорытындыға келу біліктерін дамыту. Керекті материалдарды іріктеп алуға, басты мәселелерге көңіл бөлуге үйрету.

Сабақ нұсқаларын талдау барысында жүргізілгендіктен, үй тапсырмасына көбірек көңіл бөліп, түсіндіріп кету керек. Кейбір толық қарастырылмаған сұрақтарды оқушылардың естеріне салып, үйден қарап келуге тапсырса жеткілікті.

### **Америка Құрама Штаттары**

Сабақты әрі қарай саяхатты көрініс сабағы ретінде жалғастыру қарастырылады.

Сабақта оқушылар деректерден үзінді келтіреді. Әңгімелесу барысында зертханалық жұмыстар жүргізіледі. Мұғалімнің дәрісін тыңдап, жаңа ұғымдардың анықтамаларын сөздіктен оқып, дәптерлеріне жазып алады.

Тақырыпты оқып-үйренуде төмендегі сұрақтарды қарастыруға болады.

1. АҚШ-тың соғыстан кейінгі жағдайы (картамен жұмыс).

2. Басшылардың ауысуы мен республикашылар ықпалының артуы (оқулықтың материалымен жұмыс). Бұл орайда оқушылармен әңгімелесу әдісі қарастырылады.

3. Трумэн стратегиясы (мұғалімнің лекциясы).

4. Еңбек қатынастары: “қырғиқабақ соғыс” және тыңшылық әрекеттердің өсуі (деректермен жұмыс).

5. Д. Эйзенхауэр өмірі мен қызметі туралы.

6. Кеннеди саясаты. Адамзаттың құқығы үшін қозғалыс (деректермен жұмыс). Линдон Джонсон туралы хабарлама дайындап келу.

7. Жастар қозғалысы. Екпінді 60-жылдар (Жазып түсініктеме беріп кету).

8. “Уотергейт жанжалы”. Никсон саясаты. Д. Картер (оқулықпен жұмыс).

9. Рейган саясаты. 90-жылдардағы АҚШ. Дж. Буш, Б. Клинтон, Кіші Дж. Буш (лекция). Мұғалімнің баяндауы бойынша түсіндіріледі.

10. Азия, Африка елдері тәуелсіздік алғаннан кейін, қандай проблемаларды шешу қажеттігі тұрды?

11. Даму дәрежесіне қарай қандай топтарға бөлінеді?

Сабақтың барысында оқушылар үй тапсырмасына байланысты сұрақтарға жауап береді. Ол үшін төмендегі сұрақтарға тоқталуға болады.

1. “Қайырымды мемлекеттер” деген қандай мемлекеттер? Олардың белгілерін атаңдар.

2. Еуропа интеграциясы туралы не білесіңдер?

Оқушылар оқулық материалдарын пайдаланып, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа елдерінің тұрмыс жағдайларымен салыстырғанда, Шығыс Еуропа мен Кеңес Одағы тұрғындарының тұрмыс дәрежелерінің төмен болуының себептеріне тоқталып, әңгімелеп береді.

Сабақты жалғастыра отырып, АҚШ мемлекетіне ойша саяхат жасауды бастауға болады. АҚШ-тың солтүстік батыс бөлігінде орналасқан Аляскі түбегіне көз жіберейік. Ресей мемлекетінен Беринг бұғазы арқылы бөлініп тұр. Бағзы бір кезеңде, дәлірек айтқанда, Ресейдің патшасы II Екатерина АҚШ-қа 100 жылға жалға берген екен. Аляскі Америка Құрама Штаттарының 49-штаты болып саналады. Жер бетін қалың мұз басқан бұл өлкеде ақ аюлар емінеркін өмір сүреді. Түбек қазба байлықтарға бай.

Тынық мұхиттың ортасына таман Гавай аралдары орналасқан. Ол — АҚШ-тың 50-штаты. Мұнда АҚШ-тың соғыс базасы орналасқан.

АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыстан экономикасы дамыған ең қуатты мемлекетке айналды. Дүниежүзі капиталистік елдерінің өнеркәсіп өнімінің жартысынан көбі АҚШ-тың үлесіне тиеді. Әлемнің көптеген жерлерінде АҚШ-тың 500-ден астам әскери базалары орналасқан.

Өздерің білетін (оқушыларға бағыттап айтады) атом қаруына бірінші болып ие болған да — АҚШ. Екінші дүниежүзілік соғыста фашизмді талқандауда елеулі үлес қосқан Америка президенті Ф.Рузвельт 1945 жылы қайтыс болды. Оқулық материалы бойынша: “Ф. Рузвельт АҚШ-тың тарихында қандай рөл атқарды? Өткен тарих курсымен байланыстырып, “жаңа бағыт” бағдарламасының негізгі мақсаты қандай еді?” деп сұрақ қойып, жауап алғаннан кейін лекцияны әрі қарай жалғастыруға болады.

Ф. Рузвельттің өлімінен кейін орнына келген Г. Трумэн: “Өлем алдындағы жауапкершілікті өз мойныма аламын”, — деп жар салды. Бұл АҚШ-тың оқшаулану саясатының аяқталғандығы еді. Сол кезден бастап, АҚШ дүниежүзілік саясаттың белсенді орталығына айналды. Халқы көп үміт күткен Г. Трумэн АҚШ-тың сыртқы саясаттағы стратегиясын айқындауға тиісті еді. Ал ішкі саясатта “жаңа бағыт” бағдарламасын жалғастыратынына уәде берді.

Г. Трумэн өкімшілігі соғыс экономикасын конверсиялауға кірісті (“конверсия” деген сөздің түсінігі беріліп, тақтаға жазылады). Өскерден босатылған солдаттарға жағдай жасау проблемасын шешу мақсатымен “Солдаттар құқығы туралы Билль заңы” қабылданды. Бұл заңның маңызы — білім беруге, несиелер алып, тұрғын үй сатып алуға, өз кәсіпкерлік ісін ашуға көмектескендігінде. 1946 ж. *Жұмыспен қамтамасыз ету заңы* қабылданды. Бұл заңның 1948 ж. күшіне енуіне байланысты жұмысшылардың төмен жалақысы көбейтілді. Арзан тұрғын үйлер салына бастады. Сыртқы саясатта “қырғиқабақ соғыс” саясатының басы болған 1947 ж. ақпан айында өткен конгресте Трумэн Еуропаны құтқарудың шаралары туралы бағдарлама ұсынды.

Еңбек қатынастарын реттеу үшін 1947 ж. *Тафт-Хартли заңы* қабылданды. Оқушыларға мына төмендегідей кесте толтыру ұсынылады.

Кестенің үлгісі № 28

Сұрақтар	Вагнер заңы	Тафт-Хартли заңы
Жұмыспен қамтамасыз етуде		
Өлеуметтік қамсыздандыру мәселесінде		
Ереуілдер туралы		

Кестені толтыру үшін оқушылардың оқулық материалы мен мұғалімнің лекциясын пайдаланады. Нәсілдік кемсітушілік, “Қу-клукс клан” ұйымы, тыңшылықтың өсуі туралы, Д. Маккарти, маккартизм, киноактер әрі кинорежиссер Чарли Чаплин туралы қосымша материалдарды айтып беруге болады.

Д. Эйзенхауэр туралы оқушының хабарламасын тындап, оқушыларға сұрақтар қойылады. Д. Эйзенхауэрдің АҚШ алдындағы қызметі туралы тағы қандай мәліметтер сендерге таныс?

5. Мартин Лютер Кингтің сегрегацияға қарсы күресі туралы оқушының біріне хабарлама дайындап (“сегрегация” түсінігін сөздіктен қарау) келуге тапсырма беру. Атлас картасынан АҚШ-тың оңтүстік штаты Арканзасты тауып, Д. Эйзенхауэрдің Литтл-Рокта солдаттарының көмегімен б. қара түсті баланың ақ нәсілдер оқитын мектепке баруына көмектескендігі туралы әңгіме ұйымдастыруға болады.

Тақтаға оқушылар (оқушылардың біріне жаздырады) Америка президенттерінің өкімет басында болған уақыттарының көрсететін хронологиялық уақыт кестесін жазады.

Г. Трумэн (1945 — 1951).

Д. Эйзенхауэр (1952 — 1956, 1956 — 1960).

Д. Кеннеди (1961 — 1963),

Л. Джонсон (1964 — 1968),

Р. Никсон (1969 — 1974),

Р. Рейган (1980 — 1984),

Джордж Буш (1988 — 1992),

Б. Клинтон (1992 — 1996).

Кіші Дж. Буш (1997 — 2000), — деп, әрқайсысының өмірінен сол кезеңдердегі бір оқиғаны баяндап берулеріне болады. Мұғалім хронологиялық кестені қолдану арқылы уақытты тиімді пайдаланумен бірге, президенттердің ауысуының АҚШ-тың ішкі, сыртқы саясатына белгілі бір дәрежеде әсері болғандығына оқушылардың назарын аударады.

6. Д. Кеннеди саясатын түсіндіруде ғарыш кеңістігін игерудегі жетістіктер туралы “Аполлон” бағдарламасы туралы американ ғарышкерлерінің Айға ұшып барған сапарларын оқушылардың физика, т.б. пәндерден алған білімдері негізінде әңгімелеп берулерін сұрауға болады. Президент Д. Кеннедидің өлімі туралы көзқарастар жөнінде пікірсайысын ұйымдастырып, бақылау органдарының қызметтері жөнінде айтуға болады.

Л. Джонсонның қайыршылықты жою бағдарламасының не себептен жүзеге аспағандығы туралы мәліметті оқулықтан оқып, танысады.

Нәсілшілдіктің қандай түріне болса да тыйым салу демонстрациясы туралы оқулық материалын пайдаланып әңгімелеп беру сұралады.

“Екпінді 60-жылдар”, Мартин Лютер Кинг туралы мұғалімнің әңгімесі қосымша деректер арқылы беріледі.

“Уотергейт ісі” дегеніміз не?”, “Америка демократиясының көрінісі туралы не айтар едіңдер?”, “Заң алдында адамдардың бәрі бірдей деген Конституцияның талаптарын орындау ісі қалай жүзеге асырылып отырады?”, “Тағы қандай президенттердің өмірінен мысалдар алуға болады?” деген сұрақтар қойылып, әңгімелесу барысында талданып, *импичмент* деген сөздің мағынасы түсіндіріледі.

Р. Рейганның СОИ бағдарламасының социализмге қарсы сипаты мен жаңадан шыққан қарулардың қауіптілігі туралы айтылып, Рейган саясатының аяқталуына тоқталып өтсе болады.

Жаңа сабақты оқып-үйренуде “Шетелдердің дүниежүзілік тарихы” картасынан Латын Америкасы елдерін көрсетіп, мұғалім оқушыларды әңгімеге тартып: “Өздерің көріп отырғандай, Азия, Африка елдерінің Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі азаттық күресіне тоқталдық, ал бүгінгі қарастырғалы отырғанымыз — Латын Америкасы елдерінің дамуының жаңа кезеңі. АҚШ-тың Латын Америкасы елдерінің экономикасына қатысты саясаты”, — деп айтып өтеді.

Әңгіме барысында жаңа сабақ сұрақтары оқушылардың назарына ұсынылады:

1. Латын Америкасы елдерінің Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дамуының ерекшеліктері.
2. Латын Америкасы мен АҚШ қарым-қатынастарының саяси мәні.
3. 50—60-жылдардағы экономикасы дамуының бағыттары. Дамудың екі жолы.
4. АҚШ-тың саясаты.
5. 80-жылдардағы демократиялық толқындар.
6. Кариб алабындағы елдер.

Жоғарыда берілген сұрақтарды сабақ барысында тағы да жеке тақырыпшаларға бөлуге болады.

Оқушылар мұғалімнің басшылығымен екі топқа бөлініп, бірінші топтың оқушылары 1-, 2-, 3-сұрақтарды, екінші топтың оқушылары 4-, 5-, 6-сұрақтарды бөліп алып, жауап беруге дайындалады.

Оқушылар картаны пайдаланып, деректі материалдар мен статистикалық мәліметтерді іздестіреді, оқулықтан қажетті үзінді, фактілерді тауып, жауап береді. Алдымен мәліметтер айтылып, соңынан сұрақтар қойылып отырылады.

1. География пәнімен байланыстыра отырып, Латын Америкасы елдерінің ең ірілерін атап, шығарылатын өнімдері туралы айту сұралады. Бразилия, Аргентина, Мексиканы картадан көрсетіп: “Оларда кофе, какао, ет-сүт өнімдері, Мексикада мыс, т.б. шикізат өнімдері шығарылады. Шығарылған өнімдерге бағаның жоғары болуы ұлттық буржуазияның шетел капиталын ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді. Аграрлық өнімдердің көптеп шығарылуының нәтижесінде ұлттық экономика тез дамиды” деген жауаптарды оқушылар оқулық материалын пайдаланып айтып берулері керек.

3. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық реформистік партиялар құрылды. Қозғалыстардың мақсаты — ұлтты экономикалық, әлеуметтік, прогресс жолындағы күресте бірлікке, елдің тәуелсіздігін нығайтуға шақыру еді. Бұл қозғалыс алдымен қай елде шықты? Қалай деп аталды? Басты ұраны қандай еді?

4. Мұғалім сұрақтарға жауап алғаннан кейін: “1946 жылғы ақпанда Аргентинада жалпыұлттық сайлау өткізілді. Перонға қарсы консерваторлардан коммунистерге дейін барлық партиялардың өкілдері бірікті. Бірақ Перонға халықтың 54%-ы дауыс беріп, президенттікке сайланды, — деп, сөзін аяқтап, қосымша: — Перонның жеңіске жетуінің сыры неде? Перон үкіметінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі қандай? Осы сұрақтарға жауап беріңдер. Бұдан әрі Перонның қарсыластарына 1955 ж. әскери төңкеріс ұйымдастыруға мүмкіндік туды.

50-жылдардың ортасында Перон үкіметінің биліктен кетуіне елдегі жағдайлар себепші болды.

6. Мексикада 40-жылдарда ұлттық-реформистік саясат орын алды. Ұлттық өнеркәсіп буржуазиясының мүддесін көздеген Л. Карденас үкіметі құрылды.

“Бұл үкіметті кімдер қолдады? Мұның салдарынан қандай басқару тәртібі орнады? Мексиканың басқа Латын Америкасы елдерінен өзгешелігі неде болды? Дәйек келтіріңдер”, — деп, мұғалім лекциясын жалғастыра береді.

7. Латын Америкасындағы Гватемала, Боливия, Никарагуа, Сальвадор соғыстан кейінгі проблемаларды шешу үшін революциялық әрекеттер жасауға тырысты.

Революцияның басты оқиғалары қай елдерде басталды? Нәтижелері қандай? Картадан аталған елдерді табыңдар.



8. Революциялық төңкерістің нәтижесінде Кубада Батиста диктатурасы құлап, революциялық үкімет орнады. Революциялық үкіметтің тұңғыш басшысы кім? Қайраткерлерге баға беруге арналған № 2 Жаднаманың 4-, 5-, 6-сұрақтарын пайдаланып, ісі мен қызметіне баға беріңдер.

9. 1957 ж. Бразилияда жаңа астананың құрылысы басталды. Бұл сәулетші Оскар Никмейераның басшылығымен салынған қазіргі кезеңдегі ең көрікті қаланың бірі — Бразилиа еді. Қаланы салуда қандай қиындықтар кездесті? Қаланы салғызғандағы көздеген мақсаттары қандай? Оқулықтан үзінді оқып беріңдер.

10. Мексика 1968 ж. өз астанасы Мехикода Олимпиадалық ойындар өткізуге қол жеткізді. Мұндай жете ойластырылмаған құрылыстар мен әрекеттердің салдарын айтып беріңдер.

11. Мемлекеттік бюджеттің орынсыз шығындалуы, мысалы, Бразилия крузейросы 1961—1964 жж. 5 есе арзандады. Ақшаның құнсыздануы өсті. Орынсыз шығындар қандай шығындар еді? Ол шығындар қандай мақсатқа жұмсалды? Кейін шығындардың орны толып, өзін-өзі ақтады ма? Пікірлерінді дәлелдендер. Пікірсайысын ұйымдастыруға да болады.

12. Латын Америкасы елдері дамуының екі жолы туралы екі топтың оқушыларына да кесте толтыру ұсынылып, сұрақтар сайыс түрінде өтіліп отырады.

*Кестенің үлгісі № 29*

#### Латын Америкасы елдері

Сұрақтары	Социализм құрылысы	Әскери хунта
Елдер		
Мақсаттары		
Нәтижелері		

Кестені сабақтың соңына дейін толтыру талап етіледі.

13. Фидель Кастродан Чилидің президенті Сальвадор Альенданың айырмашылығы — конституциялық заңдылықтың шеңберінде социализмді құруға тырысқандығында. Не себепті С. Альенданың реформалары нәтижеге жетпеді? Бұл сөтсіздікті кім өз мақсатына пайдаланды?

14. Саяси тұрақтылықтың болмауы 60—70-жылдарда Латын Америкасының Аргентина мен Боливия, Бразилия мен Гватемала, Гондурас, Чили мен Эквадорда әскери хунтаның үкімет басына келуіне жол берілді. Әскери хунтаның фашизмнен айырмашылығы неде? Мысалдар келтіріңдер. Аталған елдерді картадан көрсетіп, ол елдер туралы білетін мәліметтерінді айтып беріңдер.

15. АҚШ-ты соғыстан кейін толғандырған бір ғана мәселе — КСРО-ны Латын Америкасы елдеріне енгізбеу. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін АҚШ қандай шаралар жүргізді? Оқулықтан үзінді оқып беруге болады.

16. Латын Америкасы елдеріндегі революциялар мен демократиялық қозғалыстардың өрлеуі Ақ үй басшыларына бұл елдерге деген көзқарастарын өзгертудің қажет екендігін байқатты. АҚШ президенті Джон Кеннеди 19 латынамерикалық республикалармен 1961 жылы “Прогресс үшін одақ” бағдарламасына қол қойды. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен мақсаты қандай еді? Бағдарламаның орындалуы үшін АҚШ несиеге қанша қаражат бөлді? Қандай өндірістің салаларын дамытуға мүмкіндік туды? Фактілер келтіріңдер. Не себептен саяси өмірді демократияландыру саласында “Одақ” елеулі табыстарға жете алмады? Оқулық пен картаны пайдаланып жауап беру талап етіледі.

17. 80-жылдарда демократиялық басқару жүйесі қайтадан қалпына келе бастады. Кубадан басқа 1980 ж. Перуде, 1982 ж. Боливияда, 1985 ж. Бразилияда, Гватемала, Гондурас, Уругвайда, 1990 ж. Чилиде демократиялық тәртіп орнады. Осы аталған елдерді картадан көрсетіңдер. Не себепті 80-жылдарда бұл елдерде демократиялық тәртіп орнады? “Қырғиқабақ соғыс” саясатының аяқталуының әсері бар ма? Жауаптарыңды дәлелдендер.

18. 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында Латын Америкасы елдері елеулі табыстарға жетті. Инфляция 1992 ж. 41%-ға төмендеді. БҰҰ-ның өлшемі бойынша 1992 ж. 442 млн латынамерикалықтардың 46%-ға дейін халқы қайыршылық жағдайда өмір сүрді. Инфляцияның төмендеуі мен қайыршылықтың артуының арасында қандай байланыс бар? Негізгі себептері неде? Мұғалімнің басшылығымен талдап, қорытындылау.

19. 90-жылдарда Куба Республикасы өкімшіл-өміршіл жүйенің тиімсіздігін байқады. Тығырықтан шығу үшін Фидель Кастро мен оның төңірегіндегілер қандай шаралар

жүргізе бастады? Нәтижелері қандай? Баспасөз материалы мен теледидар хабарлары негізінде қазіргі кезеңдегі Куба туралы әңгімелеп беріңдер.

20. Латын Америкасы елдерінің Куба мен Гаитиден басқалары Англияның, Францияның, Нидерландының отарлары болды. 14-і өз тәуелсіздіктерін алды. Латынамерикалықтар негрлер мен үндістердің ұрпақтары, Латын Америкасы елдерінің көпшілігі не себепті ағылшын тілінде сөйлейді? Латын Америкасы және Кариб алабы елдері деп неліктен екіге бөлінеді? Ағылшын тілімен байланыстырып бұл сұрақтарға жауап беріп көріңдер.

Сұрақтарға жауап бекіту кезінде қарастырылады.

**Сабақты бекіту сұрақтары.**

1. 60-жылдардағы жастар қозғалысының себептері қандай?
2. Осы кезеңдегі америкалықтарды толғандырған мәселелер туралы не білесіңдер?

**Үйге берілетін тапсырмалардың бірнеше нұсқалары ұсынылады.**

1. Д. Кеннеди, Р. Рейган, Б. Клинтон туралы қосымша деректер негізінде хабарлама дайындап келуге тапсырмалар беруге болады.
2. Нәсілшілдікке қарсы күрестің маңызы туралы оқушының оқулықпен бірге қосымша материалдар көлемінде хабарлама дайындап келуін, Трумэн саясаты туралы қысқаша тезис құрып, жазып келуін, т.б. ұйымдастыру.
3. Латын Америкасы елдеріндегі демократиялық қозғалыстардың сипаты.

## **§ 19. Ұлыбритания. Франция**

Сабақты Ұлыбритания мен Франция мемлекеттерін салыстырмалы түрде қарастыру арқылы жүргізуге болады. Оқушыларды топқа бөліп, жеке тапсырмалар беріп, оны орындаудың әдістері түсіндіріледі.

Оқушылар параграфтағы оқиғаларды хронологиялық ретімен конспектілеп алып, сол бойынша кесте құрайды. Сол арқылы Ұлыбританияның соғыстан кейінгі лейбористік партиясының жүргізген экономикалық реформаларына тоқталып, оқулықтан мысалдар оқып береді.

*Кестенің үлгісі № 30*

**Ұлыбритания мен Францияның соғыстан кейінгі саяси даму барысы**

Ұлыбритания	Франция

2 топтың оқушыларына кестеге қарап, 4-республиканың ерекшелігіне тоқталып, саяси күштердің бірлігі мен күресі туралы, 4-республиканың дағдарысы туралы айтып беруге тапсырма береді.

Мұғалім екі топтың оқушыларына: “Қайырымды мемлекеттер” құру саясаты бағдарламасы мен президенттік республика құру идеясының толық қолдау таппау себептері неде?”, “Ұлыбритания мен Францияның ішкі саясатындағы негізгі айырмашылықтар қандай?” — деп сұрақтар қояды.

Мұғалім лейбористердің “Қайырымды мемлекеттер” құруға бет алуының себептері мен Франциядағы Шарль де Голль құрған төртінші республиканың негізгі мақсаттарын қысқаша түрде айтып береді. Ұлыбритания мен Францияның соғыстан кейінгі экономикалық дамуының диаграммасын ұсынады. Бұдан кейін кесте бойынша талдау жасалады.

Оқушылар кестедегі сұрақтарға оқулық бойынша жауап береді.

*Кестенің үлгісі № 31*

Сұрақтары	Ұлыбритания	Франция
Өнеркәсіп саласында	Мемлекет меншігіне алу: электр, энергетика, көлік, болат, көмір	Мемлекет меншігіне алу: авиация, автокөлік, Рено зауыты, көмір
Әлеуметтік салада	Әлеуметтік қамсыздандыру: тегін медициналық көмек, карточкалық жүйе сақталды	Карточкалық жүйе жойылды

Кестені толтырып болғаннан кейін, ауызша төмендегідей қорытынды жасауға болады:

50-жылдардағы экономиканың даму сипаты “ағылшын ауруы” деп аталды.

Экономика жоғарылады.



Оқушылар өз пікірін айтады.

**Ұлыбритания мен Францияның дамуы  
экономикасының дәуірлеу кезеңдері**

Ұлыбритания	Франция
1980 жылдардың ортасы жеке-меншік кәсіпкерлік дамыды; жекешелендіру, салықтардың азайтылуы, өнеркәсіпті жаңа әдіспен дамыту, ғылыми жетістіктерді пайдалану; 1952 жылы ядролық мемлекет болды	60-жылдары көпсалалы өнеркәсіптің түрін модернизациялау жүрді, қарыздардан құтылды, несие беруге көшті, шетке капитал шығарды; 60-жылдарда ядролық держава болды

Салыстырмалы түрдегі кестені мұғалім қысқаша түрде ауызша баяндап, оқушылардың дәптерлеріне жазып алуына мүмкіндік береді.

Ұлыбритания мен Францияның тарихындағы саяси көшбасшылардың рөліне баға беру ұсынылады немесе жеке оқушылардың хабарламаларын тыңдауға болады.

I топқа — М. Тэтчер                      II топқа — Шарль де Голль

Жаднаманы пайдаланып, саяси және тарихи қайраткерлерге сипаттама және баға беруге арналған 1-, 3-, 4-, 5-сұрақтар қойылады (сұрақтар әдістемелік нұсқаудың соңғы беттерінде берілген).

Оқушылар оқулық материалын, кабинеттегі қосымша деректер мен портреттерді пайдаланып, мына сұрақтарға жауап береді:

1-сұрақ. М. Тэтчерді не себептен “темір ханым” деп атап кетті? Оның саясатының негізгі бағыттары қандай болды?

2- сұрақ. Шарль де Голльдің француз халқының алдындағы қызметі неде? Ол мемлекеттік басқару ісінде қандай өзгерістер жасады? Голлизм дегеніміз не? 1968 жылы Шарль де Голль саясатына қарсы наразылықтың басталу себебі неде?

Сұрақтар талданып болғаннан кейін, мұғалімнің қосымша деректерге сүйеніп толықтырулар енгізіп, Ұлыбритания мен Францияның отарлары жөнінде карта бойынша шолу жасап өтеді. Африка, Азиядағы отарлары туралы мәліметтер, әсіресе Ұлыбританияның ең үлкен отары — Үндістан туралы, ал Францияның отары — Алжир жөнінде

әңгімелеп беруіне болады (не мұғалімнің әңгімесі түрінде немесе оқушылардың алдын ала дайындаған мәліметтері бойынша).

Жаңа сабақты тексеру барысында оқушылардың оқиғаларды салыстырмалы түрде қарастырып, талдау, ретімен баяндау, кесте мен деректерді орынды пайдалану, қорытынды жасап бағалауы сияқты қабілеттерін дамыту қарастырылады. Бұл елдерден тысқары материктер мен халықтар туралы, осы елдерге қатысты жағдайлары туралы оқушылардың түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында мұғалімнің бұл мәселеге көңіл бөліп отыруы ескеріледі.

Францияның экономикасы 1948 ж. соғысқа дейінгі дәрежесіне жетті. Бұл кезеңнің алғашқы жаңашаландыру мен қайта құрудың негізгі жоспарын жасаған Жан Моне болды.

Жан Моне “жаңашаландыру немесе құлдырау” туралы болжамының арқасында жоспарлаудың бас комиссары қызметіне дейін көтерілуге мүмкіндік алды. Бірақ та саяси тұрақсыздық, отаршылдық соғыстар мен сыртқы саясат мәселесіндегі көзқарастардағы алшақтық экономика мен әлеуметтік жоспарлардың біртіндеп жүзеге асырылуына кедергі жасады. 50-жылдарда әлеуметтік қайшылықтар шиеленісе түсті. Жұмысшы қозғалысының өрлеуі елеулі нәтиже берді. Ұжымдық келісімдер жасап, жалақыны көбейтіп, оның нақты төменгі мөлшерін белгілеуге (СМИГ) мүмкіндік берді. Шаруалар қозғалысының нәтижесінде салықтар азайтылып, шикізат өнімдерінің сатып алу бағасы артты. Б. Бужада деген ұсақ-түйек сатушысының басшылығымен қолөнершілер, кішігірім кәсіпкерлер парламентке қарсы оппозицияға бірікті.

1969 ж. Шарль де Голль демалысқа кеткеннен кейін Францияның жаңа президенті Жорж Помпиду болды. “Сабақтастық және сұхбат” бағытын ұсынды. Мұның мәні де Голльдің саясатын жалғастыру, екінші жағынан, оппозициямен жақындасу еді.

Үкімет құрамына “Тәуелсіз республикашылдар” қозғалысынан Валери Жискар д’Эстен шақырылды.

Сабақтастық мақсаты сыртқы саясатта бұрынғы бағытты жалғастырып, тәуелсіз сыртқы саясат бағытын нығайтуға мүмкіндік берді.

Еуропалық мемлекеттермен қарым-қатынастарды нығайтуда кейбір жеңілдіктерге барды. Мәселен, Англияның “Ортақ рынокқа” кіруіне қарсылығын тоқтатты.

Президенттер: В. Жискара д’Эстен, Ф. Миттеран, Ж. Ширак саяси либералдық бағыттың оңшыл және солшыл қанаттарының көзқарастарын біріктіріп ұстады.

1995 жылғы президенттік сайлауда оң қанаттың өкілдерінен Париж қаласының мэрі Жак Ширак жеңіске жетті. Ол 1997 ж. президент мерзімінен бұрын сайлау өткізуді Ұлттық жиналысқа ұсынды. Бірақ Ж. Ширақтың ойлағаны болмай, солшыл қанаттың өкілдері (социалистер, коммунистер, “жасылдар”) жеңіске жетті.

1970—1974 жылдарда Ұлыбританияның экономикалық саясаты капиталистік экономиканы қатаң түрде тиімді жүргізуді көздеді. Бұл саясатты алға қойған Э. Хит болды (премьер-министр). Оның кезінде Ұлыбритания “ортақ рыноктың” мүшелігіне кірді. “Табыс және баға саясаты” жүргізіліп, бүкіл елді қамтыған ереуілге алып келу қаупін туғызды. Сондықтан Э. Хит: “Жаңа парламенттік сайлау өткізуді белгілеу керек”, — деп шешті. Бұқаралық ақпарат пен билік иелері қолдайды деп сенді. 1974 ж. лейбористер жеңіске жетіп, Г. Вильсон үкімет басына келді. 1976 ж. оны Дж. Каллагэн ауыстырды. Жаңа үкіметтің басшысына енді амалсыздан “Баға және табыс” саясатын өзгертуге тура келді. Кәсіподақ күресі нәтижесінде жұмысшылардың жалақысын 5%-ға дейін көтеруге қолдары жетті. Бұл 1978 жылға дейін созылды. Өйткені нақты жалақының мөлшері төмендеген еді. Дағдарыстан шығудың жоспарын 1979 ж. сайлауға дейін консерваторлар өз бағдарламасында жасаған болатын. Консерваторлардың экономикадағы саясаты 1979—1997 жж. аралығында Ұлыбританияның премьер-министрі болған Маргарет Тэтчердің есіміне байланысты тарихта кейін “тэтчеризм” деп аталып кетті.

Үйге тапсырма ретінде Алжир дағдарысы туралы хабарлама дайындап келу. 1968 ж. мамыр дағдарысы туралы оқу. В. Жискара д’Эстен, Ф. Миттеран, Ж. Ширак туралы, олардың қызметтері туралы жоспар құрып келу.

Ольстер дағдарысы туралы, Ұлыбританияның сыртқы саясаты туралы оқулық материалы көлемінде қарап келу тапсырылады немесе мұғалімнің жоспары бойынша жүргізу қарастырылады.

## § 20. Германия Федеративтік Республикасы. Италия

*Сабақтың мақсаты.* Сабақта фашистік блоктың мүшелері болған Германия мен Италияның соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларының әртүрлі болуының себептері түсіндіріліп, ГФР-дің экономикалық ғажайыбы мен Италияның саяси дамуы тұрақсыздығының себептеріне мысалдар келтіріледі, жағдайлары қарастырылып, Италиядағы саяси реформаларға тоқталып, сипаттама беріледі.

Карта, кесте, кодоскоп, т.б. сияқты көрнекілік құралдарын ретіне қарай пайдалануды ұсынып отырмыз.

Сабақты үй тапсырмасын қайталаудан бастауға болады.

1. Ұлыбритания бойынша үйге берілген лейбористер мен консерваторлардың жүргізген реформалары туралы кестені талдау.
2. М. Тэтчер саясаты мен голлизм туралы айту.
3. Ж. Ширак саясатының М. Тэтчер саясатына ұқсастығы мен айырмашылықтарын салыстыру.

Сұрақтарға жауап алғаннан кейін мұғалім қорытындылап, ГФР мен Италия туралы түсіндіруге көшеді.

Ұғымдар, термин сөздер, саяси қайраткерлер мен тарихи тұлғалардың аты-жөндері, географиялық атаулар тақтаға жазылады.

*Сабақта кездесетін ұғымдар мен терминдер:* парламенттік республика, бундестаг, президенттік биліктің шектелуі, 10 жер бірлестігі, Веймар Республикасы, “Германия кереметі”, “Қайырымды мемлекет”, концентрация, модернизация, “центризм”, коррупция, терроризм, “Қызыл әскер фракциясы”.

*Саяси қайраткерлер мен тарихи тұлғалардың есімдері:* М. Тэтчер, Шарль де Голль, А. де Гаспери, К. Аденауэр, В. Брандт, Ж. Ширак.

*Географиялық атаулар:* Италия, ГФР, Додеканес, Берлин, ГДР.

Жаңа сабақты оқып-үйренуге дайындық. Германия мен Италияны салыстыра отырып, ерекшеліктерін қарастыру. Сызба-кесте бойынша екі елдің дамуына тоқталып, түсіндіріп кетуге болады.



**Германия Федеративтік Республикасы мен Италияның соғыстан кейінгі экономикасының даму бағыттары**

Германия	Италия
<p>1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қатты бүліншілікке ұшырады.</p> <p>2. Біртұтас мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты.</p> <p>3. Ақшаның құнсыздануы, тұрғын үй проблемасы күшейді. Германия көп мөлшерде репарация төлеуге тиіс болды.</p> <p>4. Германия тағдыры белгісіздік жағдайды туғызды.</p>	<p>1. Аумағының біраз жерлерінен айырылды. Додеканес Грекияға берілді.</p> <p>2. Қарсыластар ретінде қарастырылмады, қарсыласу қозғалысының топтары мен партиялар бірігіп, жаңа үкімет құрды.</p> <p>3. Италия Германияға қарағанда аз мөлшерде соғыс шығынын төледі.</p> <p>4. Коммунистер басты рөл атқарды.</p>

Кестеде қарастырылған сұрақтарды талдау үшін атлас картаны “Шетелдердің қазіргі заман тарихы” 15-, 18-, 19-беттерін, оқулық материалын пайдалану қарастырылады. Мұғалімнің түсіндіруінен кейін оқушылар кестенің 2-бөлігіне жауап жазып толтырады. Италия мен Германия дамуының ұқсас жақтарын әңгімелеп берулеріне болады. Кестенің үлгісін тақтаға жазуға немесе плакатқа сызып, магнит тақтаға ілуге де болады.

1. “Қырғиқабақ соғыс” және Германия, Италиядағы де Гаспери үкіметі туралы мұғалім әңгімесін Германиядан бөлініп алынған жерлерді еске түсіруден бастайды. Атлас №15-картадан Германияның аумағын қарауды оқушылардан талап етуіне болады. “Қырғиқабақ соғыс” Германияның болашақ тағдырына қандай әсерін тигізді? Батыс елдері Германия мәселесінде қандай саясат ұстанды? Не себептен Германия батыстың сенімді тірегіне айналды? Ақша реформасы не үшін жүргізілді? Репарация алуды тоқтатудың себептері неде?

Сұрақтарға жауап беру үшін оқушылар оқулықтан үзінді тауып, Германияның бағытын анықтайды. “Италиядағы ең беделді ХДП үкіметтің құрамына кірді. 1946 ж. Конституциясы қабылданды. Италия демократиялық, парламенттік республика деп жарияланды. Премьер-министрі А. де Гаспери болды. Әрі қарай “қырғиқабақ соғыс” саясаты салдарынан 1949 ж. Германияның баты-

сында Германия Федеративтік Республикасы құрылды” деген мәтінін оқып береді. Оқулықтан ГФР-дің құрамына кірген жерлерді тауып, картадан (№15) көрсетіп береді. “Германияның шығыс бөлігінен батыс бөлігінің айырмашылығы бар ма?” немесе “ГФР мен ГДР-дің аумағын салыстырыңдар, көлемі жағынан қай бөлігі үлкен?” деген сұрақтар қойылып, оқушылардың жауаптарын толықтырғаннан кейін, ГФР-дің басқару жүйесінің Веймар Республикасынан айырмашылығы туралы кесте түріндегі жоспар жауапты толтыруды ұсынуға болады.

*Кестенің үлгісі № 34*

**Веймар Республикасының саяси даму ерекшеліктері**

ГФР	Веймар Республикасы
1. Парламенттік республика.	Кестенің екінші жағын оқушылар өз беттерімен толтырады.
2. Жоғары органы – бундестаг.	
3. Президенттің билігі шектелді.	
4. Құрамына 10 жер бірлестігі кірді.	
5. Заң шығарушы, атқару, сот органдары бөлек болды.	

2. ГФР мен Италиядағы саяси күштер туралы түсіндіруде алдымен мұғалім тақтаға Германия мен Италиядағы партиялардың аттарын жазып қояды.

ГФР — ХДО, ХСО, ЕДП

Италия — ИКП, ХДП.

Екі елдің үкіметі басшыларының атын атайды:

Германия — К. Аденауэр, Италия — А. де Гаспери,

канцлер премьер-министр

Бұлардың сыртқы саясаттағы басты мақсаттары қандай болды? Не себептен ГФР мен Италия өз елдерінің болашағы Батыспен байланысты деп қарады? Екі көшбасшының өз елінің тарихында алатын орны мен тарихи рөлі қандай?

3. ГФР мен Италияның 50—60-жылдардағы дамуының сипаттамасын сызба-кестеден қараңдар.

“Германия ғажайыбы” деп не үшін аталды?

Италияның “Қайырымды мемлекет” қатарына жатуына қандай жағдайлар әсер етті?

Бұл сұрақтарға жауапты кодоскоп арқылы экранға түсіріп, оқушыларды таныстыруға болады.

## Экономиканың даму ерекшеліктері


ГФР	Италия
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нарықтық экономикаға көшті.</li> <li>2. Өнеркәсіп өнімі жылына орта есеппен 8,5%-ға көтерілді.</li> <li>3. Концентрациялау мен модернизациялау процесі басталды.</li> <li>4. Дүниежүзілік рынокқа шықты. Неміс маркасы тұрақты валютатаға айналды.</li> </ol>	<p>Біркелкі болмады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ірі өнеркәсіп орталықтары: Милан, Генуя, Туринде автокөлік, химия, авиация, компьютер жасалатын өндіріс орталықтары орналасты.</li> <li>2. Ұсақ, орта фирмалар Солтүстік, Шығыс, Орталық Италияда орналасты.</li> <li>3. Оңтүстік Италия, Неаполь, Сицилия (арта қалған аймақ) керамика, киім, аяқкіім шығарады. Басты ерекшеліктері: мемлекеттік сектордың рөлі жоғары. Шағын және орташа фирмалар экономиканың дамуына үлкен үлес қосады.</li> </ol>

Оқушылар кестені мұғалімнің лекциясын тыңдай отырып толтырады. Кесте бойынша: “Италияның экономикасы дамуының ерекшеліктері мен Германияның даму ерекшеліктерінің басты айырмашылықтары қандай болды?” деген сұрақтар қойылады.

## Саяси партиялар жүйесі

Р/с	Италия	Германия
<ol style="list-style-type: none"> <li>1</li> <li>2</li> <li>3</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1 Тепе-теңдік сайлау жүйесі.</li> <li>2 Центризм.</li> <li>3 Солшыл центристтік бағыт.</li> </ol>	<p>Көппартиялы жүйе:</p> <p>ХДО, ЕДО, ГСДП.</p> <p>“Кіші бірлестік”: ХДО және ЕДП.</p> <p>“Қызыл әскер фракциясы”.</p>

4. Ішкі саяси жағдайлары дамуының ұқсастықтарын қарастыру үшін кестені талдауға тапсырма беруге болады.



Тақтаға партиялардың аттары жазылып, оқушыларға үйден партиялардың қызметіне көңіл бөліп, оқып келу тапсырылады. Италияның саясатындағы өзіндік ерекшеліктеріне мұғалім оқушылардың назарын аудара отырып, *мафия* (сыбайластық), *коррупция* (жемқорлық), *терроризм* (лаңкестік) деген сөздердің мағыналарын түсіндіреді.

5. Германияның сыртқы саясаты.

5.1. ГДР-дегі дағдарыс.

5.2. 1989 ж. Берлин қабырғасын құлату.

5.4. Германияның алдында тұрған проблемалар.

5.5. Германияны біріктірудің аяқталуы.

Бұл жоспар-сұрақты оқушылардың құруына немесе мұғалімнің де ұсынуына болады.

**Жаңа сабақты бекіту сұрақтары:**

1. Германияның канцлері В.Брандтың “сыртқы саясатты қайта қарау” деген сөзін қалай түсінесіңдер?
2. Не себепті В. Брандтың 70—80-жылдардағы сыртқы саясаттағы жоспары іске аспады?
3. Италиядағы ақшаның құнсыздануы, экономикалық дағдарысқа қарсы күрес әдістерінің нәтиже бермеу себептерін түсіндіріңдер (оқулық материалын қараңдар).

90-жылдардың басынан қазіргі кезеңге дейінгі уақытта Ұлыбритания, Франция ГДР мен ГФР елдерінің даму барысында елеулі оқиғалардың болғанына тоқталып өту қажет.

Мұғалім оқушыларға: “1990 жылдан бергі Еуропа елдерінің тарихында қандай өзгерістердің болғандығын білесіңдер? АҚШ-тың Ирактағы саясатына Францияның президенті Ж.Ширак пен ГФР канцлері Г.Шредердің ұстанған бағыты туралы не айтар едіңдер?” — деген сұрақтар қояды.

Ресеймен Германияның, Италияның қарым-қатынастарын оқулық материалы көлемінде айтып беруін сұрайды. Қазақстанның дербес мемлекет ретінде Еуропа мемлекеттерімен қарым-қатынасы туралы интернет немесе оқулық пен баспасөз материалдары арқылы келесі сабаққа дайындалып келулеріне тапсырма беріледі.

## VI тарау. СОЦИАЛИСТІК ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕЛДЕР (1945—2009 жж.)

### § 21. Кеңес Одағы

*Сабақтың мақсаты.* Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ШЫҒЫС деген сөздің мағынасын түсіндіру. “Қырғи-қабақ соғыс” саясаты кезіндегі КСРО-ның бағытымен Шығыс Еуропа, Азия, Африка, Кариб алабында орнаған өкімшіл-әміршіл жүйенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық сипатын, мәнін ашу. КСРО бастаған Шығыс елдерінің демократияға қарсы күресі мен отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалысты қолдаудағы мақсаттары мен бағыттарын, салдарын нақты мысалдар арқылы тарихи оқиғалар негізінде әңгімелеп беру, тоталитарлық социализм жүйесінің құлауының себептеріне тоқталып, қысқаша түсініктеме беріп кету. Сабақты баспасөз мәслихаты, зерттеу әдісімен жүргізіп, проблемалық сұрақ-жауаптар дайындап, оқушылардың хабарламаларын ұйымдастыруға болады.

I. Үй тапсырмасын тексеруде диаграммалық бағдарламаны ұсынып отырмыз. Диаграммалық бағдарламаны қолдану арқылы үй тапсырмасын тексеруге 5—7 мин уақыт бөлуге болады.


Сұрақтардың жауаптары мына төмендегі сызба-кестеде берілген, ал сұрақтар диаграммада өріптермен белгіленген.

*Кестенің үлгісі № 37*

**Германия Федеративтік Республикасы мен Италиядағы қоғамдық, саяси-экономикалық даму бағыттары**

Конституциялық құрылысы	Сайлау жүйесі	Әлеуметтік-экономикалық дамуы	Ішкі саяси күштер

Кестедегі жауаптарға өріптермен белгіленген сұрақтардың сәйкес келетіндерін табындар.



- А. 1. Әйелдер ерлермен бірге сайлау құқығына ие болды.
- Ә. 2. Парламент екі палатадан: депутаттан, сенаттан тұрады.
- Б. 3. Президент басқарады.
- В. 4. ХДП дауыстың 48%-на, коммунистер мен социалистер, солшыл блок 31%-на ие болды.
- Г. 5. “Италия кереметін” адамдар құрды. Енді арзан жұмыс күшінің молдығына қарамастан, өндірістік жұмысшылардың саны аз болды.
- Ғ. 6. Демократиялық бостандықтар, еңбек ету құқығы берілді.
- Д. 7. Фирмалар аяқкиім, трикотаж, киім, тамақ өнімдерін шығаруда жаңа әдістер енгізді.
- Е. 8. 1972 жылы Компартияның қатарында 1,7 млн мүшесі болды.
- Ж. 9. Италияның ұлттық валютасы — лира тұрақтанды.

II. Мұғалім жаңа сабақты түсіндірмес бұрын оқушыларды дайындайды. Жаңа сабақтың сұрақтарын тақтаға жазып қоюға немесе плакатқа жазып, магнит тақтаға ілуге болады.

1. Тоталитарлық жүйенің негізгі белгілері.
  - 1.1. Тоталитарлық жүйе дегеніміз не? Сипаттама беру.
2. Саяси салада.
  - 2.1. Экономикадағы көріністері.
3. Тоталитарлық жүйенің күшеюі мен экономикалық жағдайдың нашарлауы.

Бұл сұрақтарды оқытып-үйретуде баспасөз мәслихаты сабағы түрінде қарастыруға болады.

Баспасөз мәслихаты сабағына оқушылар дайындықпен келеді. Күнібұрын берілген тапсырмалар бойынша 5-6 оқушыға төмендегі рөлдерді бөліп беру қажет.

1. Экономист.
2. Социолог.
3. Тарихшы-саясаткер (саяси шолушы).
4. Статистик.
5. Тарихшы (жай оқиғаларды баяндайтын).
6. Заңгер.

Оқушылар берілген рөлдер бойынша материалдар дайындап келеді. 1 оқушыны жүргізуші-кеңесші етіп алуға болады. Мұғалімнің тапсыруымен жеке оқиғаларға сипаттама беру үшін, 2-3 оқушы хабарлама дайындап келеді.

Әрқайсысы белгілі бір сұрақтың көлемінде дайындалады. 2-3 оқушыдан сарапшылар тобы құрылады.

БҰҰ-ның адам құқығының Декларациясы құжатын, басқа да қосымша деректерді дайындап келеді. Мұғалім қажетті материалдарды табуға көмектеседі.

Сабақты жүргізуші-кеңесші баспасөз мәслихатына дайындалып келген мүшелерімен таныстырудан бастайды. Мұғалімнің сабақ мақсатын оқушыларға азғана түсіндіріп кетуіне болады. Оқушылар тоталитарлық социализм жүйесі орнауының себептеріне тоқталмастан бұрын, өткен курста қарастырған *тоталитарлық* деген сөздің мағынасына және белгілеріне тоқталып, *тоталитаризм* деген терминді сөздіктен тауып, анықтамасын оқып береді немесе өз сөздерімен түсіндіріп берулерін талап етуге болады.

Мұғалім тоталитаризмнің белгілерін сұрап болғаннан кейін, сұрақтың дұрыс жауабын кодоскоп арқылы экранға түсіріп, тексеруге болады. Бұған сабақтың басында белгіленген 2-3 оқушыдан тұратын сарапшылар тобын қатыстырып, жауаптарын тексертуге болады (оқушылардың белсенділігін арттыру үшін).

Жүргізуші екінші оқушы 1-тарихшыға (тарихшы-шолушыға) сөз береді.

Тарихшы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайға тоқталып, картадан тоталитарлық жүйедегі мемлекеттерді көрсетіп, сипаттама беріп кетеді. Қалған оқушылардың сұрақ қоюларына болады. Оқушылар сұрақтарын алдын ала дайындап келсе де болады. Мұғалім тарихшы-оқушының жауабын (егер маңызды мәселелерді ескермей қалдырып кеткен жағдайда) толықтырып кетеді. Бірақ мұғалімнің бұл әрекеті оқушының біліміне күмән келтіретін жағдайда болмауы керек.

**Тоталитарлық жүйенің белгілері. Сұрақтар жауаптарының үлгісі:**

1. Ол — бірпартиялық жүйеге негізделген мемлекет. Бір ғана саяси партия өкімет билігінде болды. Мемлекеттің атқарған қызметі қоғам мен адамдардың өмірін бақылауға алды.

2. Партия қоғамдық ұйымдармен бірге саяси идеологияның салалары: ғылым мен мәдениетті де өз еркіне бағындырды.

*Кестенің үлгісі № 43*

**Кеңес қоғамының даму көрсеткіштері**

Статист (оқушы)	Мемлекет 1937 ж. өзінде-ақ өнеркәсіп өнімінің 99,8%-на, ауыл шаруашылығында 98,5%-на, ал тауар айналымының 100%-на толық бақылау орнатты.
Экономист (оқушы)	Нәтижесінде, елдің экономикасы халықтың тұтыну қажетін қанағаттандыра алмады. Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуден біртіндеп қала бастады. М. С. Горбачев 1987 жылы Қазан төңкерісінің 70 жылдық мерекесіне арналған баяндамасында: “АҚШ ғылым жетістіктерін өндіріске 2-3 жылда, Жапония 1-2 жылда енгізсе, Кеңес үкіметі үшін 15—20 жыл керек болды” деген мәлімет келтірген болатын.
Социолог (оқушы)	80-жылдарда партия қатарында 18 млн адам болды. Партия жиналыстарында коммунистің жеке басының ісі қаралып, отбасы жағдайлары, ата-ана мен балалар арасындағы кикілжің, адамның сыртқы түрі (киім киісі) күн тәртібіне қойылды. Бұл социалистік елдердің бәріне тән жағдай болды.
Заңгер (оқушы)	Декларациядан адам құқығының қандай ережелерінің бұрмаланғандығын мына баптардан оқып таныстырады: № 1, 2, №15, т.б.



3. Меншіктің қоғамдық-мемлекеттік түрі, оның екі формасы (мемлекеттік меншік және ұжымдық-кооперативтік меншік) ғана болды.

Бұл сұрақтардың жауабын толықтыруда статистик, экономист өз көзқарастарын білдіріп, қосымша мәліметтер айтады.

“Бір идеологияның болуы — бұқаралық ақпарат құралдарына бақылау орнатып, бағыт беріп отыруы”, — деп, екінші тарихшы жауапты жалғастырады. Мысал келтіреді. 1938 жылы КСРО-да И.В.Сталиннің басшылығымен БҚ(б)П тарихы жазылды. Кейін социалистік елдерде де партияның тарихы жазылып, оқытыла бастады.

*Жаңа сабақты бекіту* сабақтың барысында жүргізілгендіктен, бірден үй тапсырмасын беруіне болады.

*Үйге тапсырма.* 1) “Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға енуі”. 2) “М. С. Горбачевтің кеңес қоғамын қайта құру туралы идеяларының күйреуі” деген тақырыпшаларды оқып, жоспар құрып келу.

## § 22. Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері

*Сабақтың мақсаты:* Шығыс Еуропа мен Азия елдеріндегі социализм үлгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылығын талдау. Кеңестік социализм мен Шығыс Еуропа. Азия социализмінің ортақ және ерекше белгілеріне тоқталу.

Сабақты зертханалық жұмыс, әңгімелесу, сұрақ-жауап түрінде өткізу.

Сабақ барысында оқулық материалдарына сүйене отырып, мұғалім оқушыларға кесте толтыруды ұсынады.

*Кестенің үлгісі № 39*

### Социализмнің Шығыс Еуропа елдеріндегі үлгісі

Мемлекеттер	Өнеркәсіптегі социалистік қайта құрулар	Ауыл шаруашылығындағы қайта құрулар	Саяси жүйенің ерекшеліктері
1	2	3	4
ГДР			
БХР			
Чехословакия			

1	2	3	4
ВХР			
РСР			
Польша			
Югославия			
Албания			

Оқушылардың кесте толтыруына көмектесу үшін жеке-леген бір елдің дамуының үлгісі алынып көрсетіледі. Мұғалім үлгі ретінде КСРО мен Югославияның социалистік дамуының ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы әңгімелеп береді. Оқушылар лекцияға сүйене отырып мұғалімнің көмегімен кестені толтырады.

Кестенің үлгісі № 40

**Кеңестік және Югославия социализмінің үлгісі**

Шаруашылықтың салалары	КСРО	Югославия
1	2	3
Өнеркәсіп	Барлық өндіріс — мемлекеттің қарамағында, жоспарлы экономика.	Кәсіпорындар өзіндік басқарушы ұжымдардың билігінде, орталықтан экономикаға директивалық нұсқаулар жоқ.
Ауыл шаруашылығы	Меншіктің екі формасы — колхоз және совхоз.	Ауыл шаруашылығы кооперативтерге біріктірілмеді.
Сауда	Сыртқы саудаға мемлекеттік бақылау орнатылған, ішкі сауда формальды түрде <i>мемлекеттік</i> және <i>кооперативтік</i> болып бөлінді. Сауда жоспарлы экономикаға негізделді.	Жұмысшы күші — тауар болып есептелді. Азаматтар Батыс Еуропа елдеріне жұмыс іздеп кетуге мәжбүр болды.
Саяси билік	1977 ж., 7 қазан КСРО Конституциясы	Демократияның болмауы. 1974 ж.

1	2	3
	қабылданды, “кемелденген социализм” тұжырымын бекітті. КОКП — билік иесі болды. Социалистік республика, шын мәнінде КОКП-ның үстемдігін орнатты.	Б.Тито өмірлік президенті болды. Авторитарлық билік орнады.

Шығыс Еуропаның қазіргі кезеңдегі жағдайы туралы реферат жазып келуге тапсырма беріледі.

*Тақырыбы:* “XX ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Еуропадағы саяси, мемлекет қайраткерлері”, “XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Польша”, “Социализмнің Азиялық үлгісі”.

*Кестенің үлгісі № 41*

#### Азия елдерінің даму үлгілері

Елдер	Өнеркәсіптегі қайта құрулар	Ауыл шаруашылығындағы реформалар	Саяси жүйесінің ерекшеліктері	Толық атауы
ҚХР				Қытай Халық республикасы.
МХР				Моңғол халық республикасы.
ВСР				Вьетнам социалистік республикасы.
КХДР				Корей Халық Демократиялық республикасы.

Кестедегі сұрақтарға жауап беру үшін мұғалім Кеңес үкіметі мен Қытай халық республикасының дамуын салыстырмалы түрде қарастырады. Оқушылар оқу материалдары мен мұғалімнің лекциясы негізінде төмендегі кестені толтырады. Кеңес үкіметі туралы мұғалімнің берген мәліметтерін, ал Қытай туралы оқушылар оқулық материалдарын пайдаланады.

## Қытай социализмінің үлгілері

Шаруашылықтың салалары	Қытай
Өнеркәсіп Ауыл шаруашылығы Сауда Саяси билік	

Қазіргі кезеңдегі Азия елдері туралы (социалистік үлгіде дамыған) оқушыларға хабарлама даярлап келуге тапсырма беріледі.

*Сұрақтары:* Қазақстан — Қытай қатынастары, Ресей — Қытай қатынастары, “Шанхай келісімі”. Оқулықпен жұмыс келесі сабақта 10—15 минуттық сызба-кестені толтыру арқылы жүргізіледі.

## Шығыс Еуропа елдерінің социализмнен капитализмге өту жолдары

Мемлекеттер	Жылдары	Өту жолдары бейбіт түрде, азамат соғысы, сыртқы күштердің әсері
ГДР		
Польша		
Чехословакия		
Венгрия		
Румыния		
Болгария		
Югославия		
Албания		

*Сұрақтар:* Социализмнен капитализмге өту көптеген елдерде не себепті бейбіт жолмен өтті? Неге Югославия мен Румынияда қантөгіспен аяқталды? Объективті, субъективті себептерін атап беріңдер.

Үйге тапсырма сабақты түсіндіру барысында беріледі.

## VII тарау. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ (1945—2009 жж.)

### § 23. Жапония. Солтүстік және Оңтүстік Корея

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияның саяси-экономикалық дамуының ерекшеліктеріне тоқталу. Жапонияның даму үлгісінің Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің дамуына әсерін, “қырғиқабақ соғыс” саясатының Жапонияны қайшылыққа әкелген себептерін ашып, экономикасының даму мәні мен сипатын түсіндіру. КСРО мен Жапонияның арасындағы қазіргі кезеңдегі Ресей тарапынан Куриль аралдарына қатысты қойылып отырған проблемаларды қарастыруға болады.

Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мұғалімнің ауызша түсіндіруі әдістерін қолданып, көрнекілікті (тақта, кесте, диаграмма, бор) пайдалануға болады.

#### Өткен сабақты қайталауға арналған сұрақтардың үлгісі

1. Тоталитаризм дегеніміз не?
2. Тоталитарлық жүйе Еуропа елдері мен Азияда қашан орнады?
3. Жоспарлы экономика дегеніміз не?
4. Чехословакиядағы оқиғалардың себептері мен сабақтары туралы қандай мәліметтерді білесіңдер?

Жаңа сабақтың жоспарын төмендегі сұрақтар бойынша қарастыруға болады:

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
2. Бейбітшілік келісімшарты.
3. Жапония “кереметі” (50—70-жж.).
4. Сыртқы саясатының негізгі бағыттары.
5. 80—90-жж. экономикалық дағдарыс.
6. Солтүстік Кореяның соғыстан кейінгі дамуы.
7. Оңтүстік Корея экономикасының дамуының ерекшелігі.

1-мәселе бойынша өткен сабақпен байланыстыра кесте толтыру.

Кестені сабақтың барысында толтыртып, аяқтауды үйге тапсырма ретінде береді.


**Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикасы дамыған елдердің ерекшеліктері**

Сұрақтары	Германия	Жапония

2-, 3-сұрақтар оқулық материалы бойынша айтылып, оқушылармен бірге талдау, баға беру ұйымдастырылады.

“Екінші дүниежүзілік соғыстың Германия үшін қандай салдары болғандығын білесіңдер? Ал Жапонияның экономикасы дамуының өзіндік ерекшеліктері неде болды? Экономикасының дамуындағы өзгерістер саяси даму бағытының ілгерілеуіне әсер етті. Төменде берілген деректер негізінде қарастыруға болады.

1)




1948

1984

1989

Жапонияның % шаққандағы дүниежүзілік өндіріс өніміндегі үлесі

2)



1970

1985

1998

Жұмыссыздардың орташа бір жылдағы саны (мың сан есебімен).

**Сұрақтар**

1. Соғыстан кейін 60—70-жж. өндіріс өнімі 11%, 80-ж. 11,6% болды. Жапонияның Батыс елдерінің алдында рөлінің өсуі туралы не айтасыздар?
  2. Көрсеткішіне қарай отырып өнеркәсіптің дамуына әсер ететін факторларды (себептерді) атап беріңдер.
  3. Жапондықтар табысының құпиясы неде?
  4. Көрсеткіштегі 1948 ж. 1984 ж. аралығында өндіріс өнімі тез өссе, 1984—1989 жж. баяулағаны байқалады. Осыған орай оқулықта қандай мәліметтер берілген?
- 2) 1. Экономикасының жоғары болуына қарамастан жұмыссыздықтың өсуінің себептері неде?
  2. 70-жылдардағы жұмыссыздықтың тез өсуіне экономикалық дағдарыстан басқа тағы қандай жағдайлар әсер етті?

1946 ж. Жапонияның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл Жапонияның тарихындағы нешінші Конституция? Бірінші конституцияның негізін қалаған кім?” деген сияқты сұрақтар қойылып, оқушылардан жауап алғаннан кейін, мұғалім әңгімесін жалғастырады: “1946 жылы парламент сайлауы кезінде жаңа Конституция қабылданды, император билігі шектелді. Жапония парламенттік монархияға айналды. Бұрын толық биліктің иесі болған император мемлекет пен халық бірлігінің белгісіне айналды. Конституцияның 9-бабы бойынша “Ұлттың егеменді құқығы ретінде” соғыстан бас тартуды қалады. Өз жерінде басқа елдердің әскерін, әскери-теңіз флотын, әскери-әуе күштерін құруға тыйым салды, соғыс шығындарын шектеді. Соғыстан кейінгі экономикасының дамуын түсіндіруде карта, оқулықтағы көрсеткіштерді талдау арқылы келесі сұрақтарды қояды. “1948 жылғы өндіріс өнімінің жедел қарқынмен дамуының себептері қандай? Жапонияның Батыс елдерінің алдында беделі неліктен өсті?”

3. “Қырғиқабақ соғыс” саясаты Жапонияның дамуына да белгілі әсерін тигізді. 1951 жылы 12 елдің Сан-Францискода өткен конференциясының нәтижесінде Жапониямен бейбіт келісімшартына қол қою мәселесі шешілді. Бірақ бұл КСРО мен Жапония арасындағы қайшылыққа алып келді.

АҚШ Жапониямен әскери одақ құру келісіміне қол қойған сәтте КСРО конференцияны тастап кетті.

4. Жапония 1954 ж. экономикасының даму саласында соғысқа дейінгі дәрежесіне жетті.

5. Экономиканың даму дәрежесінің факторларын атап беріңдер.

Жапонияның өндіріс өнімінің көлемі 1968 ж. 11%-ға артты. Ғылымның жетістіктеріне негізделген тұтыну тауарлары: радиоқабылдағыш, теледидар, магнитофон, бейнетаспаға жазылған дыбысты аппаратуралар, көшірме мәшинелер көптеп шығарылды. 1981 ж. автокөлік шығарудан АҚШ-тан озды.

Арзан жұмыс күшін пайдалану, яғни біліктілігі жоғары жұмысшыларға төлемақыны қысқартып төлеу арқылы ГТП-ның жетістіктерін ұдайы дамыту, жұмысшыларды дәстүрлік жалға алу жүйесін пайдалану — Жапония экономикасының “кереметін” әлемге әйгіледі. Дәстүрлік жалға алу жүйесі жұмысшылардың біліктілігі мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіруде өндіріс иесіне адалдығы, шын беріл-

гендігі, зейнетақы алғанға дейін өмірлік жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жапониядағы адамдар өмірінің орташа ұзақтығы жазылған мәлімет қарастырылады. Дүниежүзі елдері арасында мемлекет сауда саласындағы бәсекелестікті дамыту үшін ғылым, білімге көп көңіл бөледі. Самурайлар дәстүрінен алшақтап, еңбек мәдениеті, тәртіп, үлкенді сыйлау, туысқандарға көмектесу сияқты ұлттық құндылықтарды қастерлейді.

Жапония экономикасының дамуының тағы бір көзі — шетке тауарлар шығару.

Шетке тауарлар шығаруда АҚШ-тан айырмашылығы неде? Оқулық материалын пайдалану ескеріледі.

#### 6. Сыртқы саясатының негізгі бағыттары.

1956 ж. кеңес-жапон арасындағы келісім декларациясына қол қойылды. Жапония 80-жылдары Куриль аралындағы Итуруп, Кунашир, Шикотан, Хабоман аралдарын қайтаруды талап етті. Декларацияға қол қоюы нәтижесінде Жапонияның БҰҰ-ға кіруіне жол ашылды.

Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея — Корея Халық Демократиялық Республикасының 1945 ж. кеңес-американ әскерлерінің белгілеген шекарасы картадан көрсетіледі. 1991 жылғы Оңтүстік Корея мен КХДР арасындағы келісім, ынтымақтастық пен соғыспау жөніндегі шарт туралы айтылады.

Оңтүстік Корея мен Қазақстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстары туралы сұрақтар:

1. Оңтүстік Корея мен Қазақстан Республикасының бірлескен қандай фирмалары мен бірлестіктерін білесіңдер?

2. Оңтүстік Корея мен Қазақстан Республикасының арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарының болашағы туралы не айтар едіңдер?

“Жапонияның сыртқы саясатының қазіргі кезеңі туралы, Ресей-Жапония дипломатиялық қатынастарының ортақ бір мәмілеге келе алмауының себептері туралы не айтар едіңдер?” — деп, мұғалім оқулықтан Ресей-Жапония қарым-қатынастары туралы оқып, сұраққа жауап ұйымдастырады.

Мұғалім қысқаша Оңтүстік Корея мен Корея Халық-Демократиялық Республикасының соғыстан кейінгі даму жолдарына карта бойынша шолу жасайды. КХДР-дің басшысы, армия маршалы, жоғары әскери басшысы Ким Чен Ирге сипаттама беріледі. Оңтүстік Корея туралы оқулық мате-



риалы бойынша сұхбат ұйымдастырылады. “Кіші Жапония”, “Жаңа индустриалды ел”, “Айдаһар” деген аттардың мәні түсіндіріледі.

Ұй тапсырмасына оқулық бойынша дайындалып келуге, жаңа сабақты түсіндіру барысында берілген тапсырмаларды қайталап, естеріне түсіріп, орындап келу әдістеріне қысқаша тоқталып, түсініктеме беріледі.

## § 24. Отаршылдықтың күйреуі

Сабақта ХХ ғасырдың орта кезінен басталған ұлттық және әлеуметтік теңсіздік үшін күрестің маңызын түсіндіру. Тәуелсіз мемлекеттерді атап, ең маңызды деген тарихи бетбұрыс оқиғаларының нәтижелерін қарастыру. Елдің тәуелсіздігі мен азаттық жолында күрескен саяси қайраткерлер туралы айтып, сипаттама беру.

*Базалық білім:* адамзаттың еркіндік пен азаттыққа ұмтылуы қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші екендігіне көңіл аудару.

*Көрнекі құралдар:* техникалық құрал (кодоскоп, дыбысты жазулар), картина, суреттер, альбом, буклет, карта, күйтабақ.

*Сабақтың түрі:* “Ғажайып алаң” ойын сабағы.

Сабақта “Не? Қайда? Қашан?” ойынының түрлерін де қарастыруға болады.

Сабақты әңгімелесу әдісімен сайыс түрінде өткізуге болады. Оқушылардың хабарламаларын тыңдап, кейбір оқушыларға карточкаға жазылған сұрақтарға жауап беруге тапсырмалар беруге болады.

*Ұйымдастыру кезеңінде:*

- 1) ойын сабағының мақсатын анықтап, бағыт-бағдар беріледі;
- 2) ойынның өткізілу уақыты мен тәртібі түсіндіріледі;
- 3) сабақтағы оқушылардың рөліне тоқталып, түсінік беріледі;
- 4) ойынды ұйымдастырудағы мұғалімнің міндеті ескеріледі;
- 5) соңында қорытынды жасаудың қажеттігі айтылады.

Ойынды жүргізуші сабақтың тақырыбымен, негізгі мәселелерімен қысқаша таныстырады. “Африкадағы мемлекеттер Солтүстік Батыс, Шығыс, Орталық (Тропиктік Оңтүс-

тік) болып бөлінеді. Батысы мен шығысында 13 мемлекет, оңтүстігі мен орталығында 10 мемлекет, ал солтүстігінде 6 мемлекет, барлығы — 52”, — деп таныстырады. Сыныптағы оқушылар тобы да, жанкүйерлер тобы да екіге бөлінеді. Ойынның жүргізілу бағытын оқушылардан құралған сарапшылар тобы қадағалайды. Оқушылардың жауаптары 5 балдық жүйемен бағаланады.

Сыныптағы оқушылар екі командалық топ құрайды, әр топта 5 оқушыдан, 1 жетекшіден болады. Ойынды жүргізуге тілі орамды, белсенді, фантазиясы мол оқушы таңдалуы керек.

#### *Ойынды өткізуге дайындық*

Диаметрі 90 см болатын дөңгелек үстел дайындау. Үстелдің бетіне ватман жапсырып, шетін (айналасын) желімдеп бекіту. Ватман қағазды 12 секторға бөліп, кезекпен сары, көк түске бояп әшекейлеу. Әр секторда екіден сұрақ белгілері, музыканың кілті бейнеленген, ұпай саны жазылған 6 конверт (3 сары, 3 көк) сиятын беттері мен орындары болуы керек.


Дөңгелек үстелдің ортасына барабанның орнына юла ойыншығы орнатылып, мойын тұсына қағаздан жасалған бағдарша тіл кигізіледі. Бағдарша қай секторға тоқталса, сол сұраққа не белгілерге жауап беріледі. Командалардың аттарына сәйкес киімдері де сондай болу керек.

Музыканың кілті бейнеленген сектор бойынша (түсіне қарай) командалар сары немесе көк түсті қарама-қарсы бояулардың сұрақтарына жауап береді.

Сектор сұрағына Африка елдері, саяси қайраткерлері, өнері, сәулет өнері мен әдебиеті, ғылым саласы туралы қызықты әңгімелерді (1-2 мин) айтып беруге (ұлттық билерін орындауға да болады) немесе тапсырманы команда мүшелерінің де, командалардың жанкүйерлер тобының да орындауына болады. Оқушылар күні бұрын дайындаған сурет, картина, иллюстрацияларды пайдаланып жауап береді.

Конверттердегі сұрақтарда қысқаша тарихи оқиғалар, этностар, саяси қайраткерлер туралы деректер, салыстырмалы тарихи даталар, мемлекет қайраткерлері мен жазушылардың сөздері мен шығармаларынан үзінділер болуы керек.

1) Конверттердің ішіне қарсы командаларға қойылатын сұрақтар жазылады.



2) ? белгісі бөлігіне бағдарша тоқтағанда, командалар бір-біріне, ал бояудың түсіне қарай сары бояуға тоқтағанда, көк бояумен боялған команда оқушылары сұрақ қояды.

3) Музыка кілті бейнеленген сектордың түсіне байланысты командалар өнер көрсетеді, яғни би билейді, ән айтады немесе сол елдің әдебиет, сурет, мүсін, сәулет өнерінен мәліметтер айтып береді.

4) Ұпай саны көрсетілген секторға түссе, сары немесе көк бояу бойынша командаға ұпай қосылады.

Сабақтың соңында жарыста озған команда мүшелеріне баға қойылады. Жеңілген команда мүшелерін де берген жауаптарының деңгейіне қарай бағалайды.

*Сабақтың мақсаты.* Отаршылдық жүйенің күйреуі себептерін ашып көрсету. Тарихи, географиялық картамен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

*Сабақтың мазмұны:* тәуелсіздігін алған елдердің даму жолдары. Қоғамның дәстүрлік даму жолы мен өркениет мәселелері.

*Сабақтың жоспары:* 1) лекция; 2) пікірталас; 3) топтық-жұмыс; 4) зертхана жұмысын ұйымдастыру.

*Сабақтың барысы:* мұғалім тәуелсіздік үшін күрестің кезеңдеріне тоқталып сипаттама береді.

XX ғасырдың басында дүниежүзінде тек 55 ғана егеменді мемлекеттер болды. Қалған елдер Ұлыбритания, Франция, Германия, АҚШ, Португалия, Нидерланды, Ресей сияқты елдердің отары болды.

Тәуелсіздіктің **бірінші кезеңі** XX ғ. — 1971 ж. дейін аз-ғана елдер: Аустралия континентінде 6 мемлекет болған ағылшын отары доминиондық мәртебеге ие болды.

**Екінші кезең** тарихшылардың пікірі бойынша, 1917 — 1945 жж. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресей, Австро-Венгрия, Германия, Осман империялары ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер құрылды. Оқушыларға сұрақ қойылады. Ол мемлекеттерді өткен сабақтардан еске түсіріп, картадан көрсетулері сұралады. Мұғалім: “Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында тәуелсіз елдердің саны 71-ге жетті”, — деп лекциясын жалғастырады. Кейбір елдерге Англияның, Францияның мандаттығы орнады. Сылтауы — өзін-өзі басқаруға әлі қабілетсіздігі болды. Оңтүстік Араб Республикасы Намибияға; Франция, Сирия, Ливан, Того мен Камерунның бір бөлігіне; Жапонияға — Мариана, Маршалл, Каролин аралдары қараса, Британия Иран, Палестинаға протекторат орнатты.

**Үшінші кезең** (1945—1985 жж.). Ыдырау үдерісі әсіресе Азияда кең етек алды. Елдерді картадан тауып көрсету оқушылардан сұралады. Мұғалім қажет болған жағдайда кейбір толықтырулар енгізеді. 1960 ж. тарихқа “Африка жылы” деп енді. Тәуелсіздік алған елдердің уақыттарын тақтаға бір баған етіп мұғалім жазып қояды: Ливия (1951 ж.), Марокко, Тунис, Судан (1956 ж.), Гана (1957 ж.), Гвинея (1958 ж.)

**Төртінші кезең.** Мұғалім тақтаға келесі мәліметтерді жазып қояды: 193 мемлекет егеменді елдер. БҰҰ-ға 190 мемлекет мүше. КСРО-ның ыдырауы социалистік елдердің де дамуына өзгеріс әкелді. Югославия, Чехословакия бөлінді. Германия мемлекеттері бірікті.

“Ватикан мен Швейцария БҰҰ-ға кірмейді. Сонымен қатар 40 шақты тәуелді елдер бар. Олар Гибралтар — Британияға, Гвиана, Камеруния — Францияға, Пуэрто-Рико АҚШ-қа қарайтын елдер”, — деп мұғалім лекциясын аяқтайды.

“Үшінші әлем” елдерінің экономикалық еркіндігі үшін күрес мәселесі жөнінде пікірсайысын өткізуге болады.

#### Сұрақтар

1. Экономикалық тәуелсіздік үшін күрестің қиындықтары неде?
2. “Үшінші әлем” елдерінің 4-тобын атап, әртүрлі даму себептері туралы өз пайымдауларыңды ортаға салыңдар.
3. ОПЕК елдерін атаңдар. Олардың саясаты, негізгі мақсаттарының орындалуы туралы қандай мәліметтер сендерге белгілі?

*Зертханалық жұмыс.* Сынып оқушылығын 5 топқа бөле отырып, төмендегідей кесте толтыруға тапсырма беріледі.

*Кестенің үлгісі № 45*

#### Африка елдерінің тәуелсіздігін алған мемлекеттер. Солтүстік Африка елдері

*1-топ*

Елдер	Тәуелсіздігін алған жылдары	Мемлекеттік басқару жүйесі
Мавритания Батыс Сахара	1960 ж., 28 қараша 1976 ж.	Ислам Республикасы. Демократиялық республика.
Марокко	1956 ж.	Конституциялық монархия.
Алжир	1962 ж., шілде	Демократиялық революция.
Ливия	1954 ж.	Парламенттік республика.
Тунис	1956 ж.	Президенттік республика.
Египет	1952 ж.	Президенттік республика.

Осы сияқты әр топ өз қалаулары бойынша Африканың 52 мемлекетін бір аймаққа бөліп толтырып жазады.

Үйге кестені аяқтап келу тапсырылады.

## § 25. Азия елдері

*Сабақтың мақсаты. Ойын сабағының жоспары.* Сабаққа дайындыққа қажетті сұрақтарды мұғалім күнібұрын оқушыларға таныстыру керек. Ойынның ережесі айтылады. Оқулықтан қажетті материалдарды оқып келуге тапсырма беріледі.

Оқушылар Азия елдерін әңгімелеу үшін хабарламалар даярлайды, кесте түріндегі тарихи оқиғалардың хронологиясын сызып, кейбір оқиғаларды салыстырып, айырмашылықтары мен ерекшеліктеріне тоқталады. Жеке қайраткерлердің суреттері мен портреттері бойынша қоғамдағы атқарған рөліне баға береді. Діни наным-сенімдері, саяси билік жүйесі туралы мәліметтер келтіреді.

*Сабақтың барысы:* Сынып оқушыларын 4-5 топқа бөлу. 6-7 оқушы Азия елдерін таныстырушы экскурсоводтар болып табылады. Бұлар 1-, 2-топтың оқушылары. 3-топтың оқушылары экскурсоводтардың жауаптарына талдау жасайды. 4-, 5-топтың оқушылары экскурсоводтарға сұрақтар қояды. Мұғалім оқушылардың жауаптарын, сұрақтарын қажетті жерінде түзетіп, бағыттап отырады. Сабақ 30 мин-қа есептеледі. Қалған уақытта экскурсоводтарға баға қойылады, оқушылардың жауаптары бағаланып, үйге тапсырма беріледі. Белсенді түрде күрделі, әрі орынды сұрақ қойған оқушылар да бағаланады. Сараптаушыларға да мұғалім баға қойып, жіберген кемшіліктерін немесе ерекше білімдерін атап көрсетеді.

### **Ойын сабағында қарастырылатын үлгі сұрақтар**

1. Азия елдеріне карта бойынша шолу.
2. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің 50—60-жж., 70—80-жж., 90-ж. — ХХІ ғасырдың басындағы жағдайлары туралы баяндау.
3. Жапония үлгісіне көшкен “жаңа индустриялы елдер” туралы қосымша мәліметтер айту.
4. Мегавати Сукарнопутриге портреттік сипаттама беру.
5. Үндістан мен Пәкстан мәселесі. Беназир Бхуттоның рөліне баға беру.
6. Түркия — Қазақстан қатынастары туралы.
7. Сауд Арабиясы туралы (өлеуметтік, тұрмыс жағдайлары).
8. Талибандар қозғалысы.
9. Мұнай доллары. Парсы шығанағындағы Біріккен Араб әмірліктері.

*Үйге тапсырма:* Әрбір топтың өз тапсырмаларын үйден толықтырып, қарап келуі топтастырылады.

Сабақта Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің даму ерекшеліктерін, “Ашық есік” саясатының мәнін, экономиканы дамытудың Жапония үлгісі мен “Жаңа индустриалды елдер” ұғымдарын түсіндіруге назар аударылып, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен Қазақстан Республикасының сауда-экономикалық байланыстары туралы айтылады. Лекция, сұрақ-жауап түрлеріне негізделген әдістемелік тәсілдерді қолданып, карта, альбом, сурет, картина, техникалық құралдарды пайдалану қарастырылады.

#### **Өткен сабақты қайталауға арналған сұрақтардың үлгілері**

- 1) Оңтүстік Азия елдерін атап беріңдер, олар планетамыздың қай бөлігінде орналасқан?
- 2) Оңтүстік Азия елдері мен Пәкстанның арасындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси проблемалар қандай?

Оқушылар сұрақтарға жауап беру кезінде картаны, баспасөз материалдарын, деректерді пайдаланса болады.

Жаңа сабақты түсіндіруді лекция түрінде жүргізу қарастырылады.

Алдымен оқушыларға тапсырма беріледі. Лекцияны тыңдай отырып, конспектiлеу, жоспар құру. Лекцияның мақсаты — оқушыларды сабақтың негізгі мәселелерімен таныстыруда кең көлемдегі деректерді пайдалануды ескеру.

Техникалық құрал, суреттер мен көрнекіліктерді орынды пайдаланып, оқушылардың таным қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

#### *Лекцияға қойылатын талаптар:*

1. Ғылыми тереңділігі. Нақты білім беру мәселесі.
2. Мұғалімнің тіл мәдениеті. Тапқырлығы мен даналық сөздерді орынды келтіре білу шеберлігі.
3. Дәлелдеулер мен фактілерді шеберлікпен беру өнері мен қабілеттілігі.
4. Білім дәрежесінің талапқа сай болуы.

Мектеп өміріндегі лекцияның ерекшелігі қызықты, тартымды мәселеден басталып, біртіндеп күрделі мәселеге ауысуы болып табылады.

#### **Жаңа сабақты оқып-үйренуге дайындық**

Жапония елінің үлгісімен дамушы индустриалды елдер: Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур; екінші топтағылар: Таиланд, Малайзия, Индонезия, Филиппин.

Лекцияның барысында қажет деп есептеген жағдайда оқушыларға елдердің тарихынан, ұлттық жалаулары мен елтаңбалары туралы, діни ескерткіштері мен негізгі қалаларының көрінісі жөнінде суреттер, көрнекіліктер, мәліметтер келтіруге болады. Кодоскоп арқылы (суреттер, иллюстрациялар) экранға түсіріледі.

### **Қосымша деректер**

Сингапур Республикасының жер көлемі — 639 км<sup>2</sup>, халық саны — 3,53 млн адам, негізгі тілдері — ағылшын, малай, тамил, қытай.

Астанасы — Сингапур. Елтаңбасында арыстандар бейнеленген. Өйткені Сингапур деген сөз “арыстандар қаласы” деген мағынаны білдіреді.

1819 ж. аралға келіп түскен ағылшын отаршылары сауда портын салуға шешім қабылдады. Сөйтіп, Сингапур шамалы уақыттың ішінде Оңтүстік-Шығыс Азияның қаржы, сауда, көлік орталығына айналды.

Сингапурде ешқандай қазба байлықтар жоқ. Тіпті ауыз судың өзін шеттен әкелуге тура келеді. 1965 жылы тәуелсіздігін алғаннан бастап, дүниежүзінің дамыған елдерінің біріне айналды. Астана кешенін құрайтын “Раффаяз-Сити” қонақ үйінің биіктігі — 157 қабат, ең жоғары дамыған сауда орталығы. Жылына 20 млн адамды тасымалдауды қамтамасыз ететін Чанги әуежайында Азиядағы ең ірі сурет галереясы “Азия тамашасы” орналасқан. Бір сәт те тыныштық таппайтын теңіз порттарынан пальма, каучук, кокос майлары әр елдің түпкір-түпкіріне жөнелтіліп жатады. Сингапурде әртүрлі халықтардың мәдениетімен танысуға болады.

Сингапурдің XIV ғасырға дейінгі тарихы туралы мәліметтер аз. 1377 ж. Сингапур Ява корольдігінің қарамағында болды. XV ғасырдың басында Тай мемлекетінің королі Сукотан Сингапур, Малакка, Малайя билеушісі болды. 1942—1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сингапурді жапон әскерлері оккупациялады. Антиимпериалистік қозғалыстың күшеюіне саяси партиялардың құрылуы әсер етті. 1959 ж. “Өзін-өзі басқаратын мемлекет” мәртебесіне Ұлыбританияның қолдауымен ие болды. 1965 ж. Конституция қабылдады.

1965 ж. БҰҰ мүшелігіне қабылданды. Ақша өлшемі — Сингапур доллары. Оқу-ағарту ісінде 6—14 жастағы балалар үшін оқу міндеттілігі қойылған. Бастауыш мектептен 8 жылдыққа дейін ақысыз білім алады.

Білім беру жүйесі: бастауыш, орта мектеп, толық орта мектеп болып бөлінеді. Жоғары оқу орындары ақылы болып келеді.



Жапония үлгісімен дамушы елдердің (Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур) ішінде Тайвань мен Гонконгтің саяси мәртебесі формальды түрде, халықаралық құқық мәртебесі тұрғысынан онша айқын емес мемлекеттер. Шын мәнінде, Конфуций өркениеті дәстүріне негізделген, Жапониямен бірге Қиыр Шығыстағы өркениетті елдердің қатарынан саналады.

Бұл төрт ел қандай елдер? Төрт елдің ірілері Оңтүстік Корея (143 млн халқы бар) мен Тайвань (120 млн халқы бар) болып табылады. 80-жылдардың соңына дейін қатаң, авторитарлық басқаруға негізделген тәртіп орнады. Бір-партиялық жүйеге негізделген президенттік басқару нысанындағы шектеулі парламенттік билік болса да, бұл елдер Жапониямен экономика саласында еркін рынок саясатында кең бәсекелестердің қатарындағы мемлекеттер болды.

Ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, Оңтүстік Корея мен Тайвань Жапонияның үлгісімен даму бағытында Сингапур Гонконгпен қосылып, “Азия жолбарыстары” деген атаққа ие болды.

Саяси тәртіп Цзян Цзиннің өлімінен кейін оппозициялық көзқарастардың пайда болуына алып келді. Көппартиялы жүйе құрылды.

ҚХР Тайваньнан бас тарту мәселесін еш уақытта да ойластырған емес.

Экономикасының дамуы туралы оқушыларға салыстырмалы диаграмманы ұсынуға болады.

1949 ж. ҚХР — Тайвань. Жан басына шаққандағы пайда 10 есе артық

Қытай мемлекетінің бір бөлігі бола тұрып, капиталистік құрылысқа ерік беруі, шетел капиталын енгізіп, “ашық есік” саясатын ұстануы, жеке сауда мен қызмет көрсету, тәуелсіз банкілер жүйесін құруы, жер қорын шаруаларға ұзақ мерзімдік жалға таратып, мұраға қалдыруға рұқсат беруі — Қытайдың қазіргі даму бағытын таңдап алуына әсерін тигізді.

Лекция сабақтарының мақсаттарының бірі — уақытты тиімді пайдалана отырып, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің даму ерекшеліктеріне көңіл бөліп, экономика дамуының қарқындылығының себептерін оқулық бойынша оқып келуге тапсырма беруге болады.

## § 26. Араб елдері және Африка

*Сабақтың мақсаты.* Оқушыларды Африка елдері дамуының ерекшеліктерімен таныстырып, Еуропа елдерінің Африкадағы отаршылдық саясатының күйреуінен кейінгі пайда болған жас мемлекеттердің алдында тұрған проблемаларды әңгімелеп беру. “Үшінші әлем” ұғымының мәнін түсіндіру. Еуропалық өркениеттің Африка елдері экономикасының дамуына тигізген әсеріндегі қиыншылықтары мен табыстарын оқулық пен қосымша деректер көлемінде қарастыру.

Африка халықтарының ұлт-азаттық күресіндегі қажырлылығы мен қайсарлығына, табандылық қасиеттерін оқушыларды құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.

*Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер.* Лекция-семинар сабағы, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сөзжұмбақтар шешу, білімдерін тексеру-сынақ, оқушылардың хабарламалары.

*Қолданылатын көрнекі құралдар:* карта, билеттер, сөзжұмбақтар, қосымша деректер.

I. Өткен сабақты қайталау (7—8 мин).

**Сұрақтар**

1. “Ақ революция” дегеніміз не?
2. Түркиядағы аграрлық реформаның мәні?
3. Ауғанстандағы жанжалдардың негізгі ерекше белгілері қандай?

**Сабақтың үлгі жоспары**

1. Ливия революциясы.
2. Африкадағы Араб елдері.
3. Египеттің даму кезеңдері.
  - 3.1. Саяси басқару жүйесі. Даму кезеңдері.
4. Отарлық бұғауға қарсы күрестің нәтижелері.
5. 80—90-жж. қиыншылықтар.
6. Экономиканы жаңартудың табыстары.

Мұғалімнің кіріспе сөзінен басталады. Карта бойынша Африкадағы тәуелсіздік алған мемлекеттердің кезеңдеріне тоқталады. Кесте құрып отыруды ұсынады және көмек ретінде оқулық хрестоматиясы пайдаланылады.

## Африкадағы Араб елдері

Африка елдері	Тәуелсіздік алған жылдары

1-2 оқушыдан жауап алғаннан кейін, мұғалім лекциясын жалғастырып, география пәнімен байланысты сұрақтар қояды. Африкадағы тәуелсіздік алған елдердің саны қанша?

Мұғалім әрі қарай Солтүстік Африкадағы Араб елдеріне тоқталып, Ливия революциясы туралы шағын түсінік береді.

Бұл мемлекеттердің даму дәрежелері әртүрлі. Араб елдерінің ішіндегі ең ірісі қандай мемлекет? Африкадағы тәуелсіздігін алған мемлекеттерге “үшінші әлем” елдері деген термин неге қолданылады?

Не себепті 60-жылдар “Африка жылы” деп аталды? Тәуелсіздік алған 17 мемлекетті картадан тауып, қандай мемлекеттер екенін атап береді. Мұғалім толықтырулар мен түзетулер енгізеді.

Жаңа сабақтың 2-, 3-, 4-, 5-, 6-сұрақтарына оқушылардың санына қарай (3, 4, 5, 6 оқушыдан топқа бөліп) 5—7 минуттай оқулық пен қосымша деректерді пайдаланып жауап беру тапсырылады.

Алдын ала берілген тапсырмалар бойынша (2-3 оқушыға) Алжир туралы Д. Қонаевтың “Өтті дәурен осылай” атты кітабынан үзінді оқиды.

“Алжир” арабша *аралдар* деген ұғымды білдіреді, елдің аты астана атымен аталады. Жерорта теңізінің батыс бөлігіне орналасқан. Ол әкімшілік жағынан он бес уәлаятқа, уәлаят округке бөлінген. Негізгі халқы — алжирліктер, олар арабтардан және тілі мен мәдениеті соларға өте жақын берберлерден құралады, дін жөнінен мұсылман — сүнниттер. Алжир қаласы “алтын қақпа” саналады, жылына алты мыңдай кеме қабылдаса, оның әуежайына 35 мың ұшақ келіп қонады. Алжирде минералдық шикізат қоры мол, мұнай, табиғи газ, темір, қорғасын, мырыш, фосфорит, сынап өндіріледі. Жүзім жинау, шарап ашыту жағынан Африкаға теңесер ел жоқ, ал бидай, арпа өндіру, зәйтүн майын алу жағынан екінші орын алады.

Сахараның солтүстік және шығыс аудандарында дүниежүзілік маңызы бар мұнай мен табиғи газ қорлары жатыр. Жалпы,

алжирліктер ұзақ уақыт ауыр қасіретті бастан кешірген халық қой. Осман империясынан кейін француздар, испандықтар, итальяндар мен басқа да еуропалықтар бұл елді көптеген жылдар бойы талан-таражға салып келді. Ұлт азаттығы жолында 50-жылдардың аяқ кезінде бір жарым миллион адамынан айырылып, екі миллион адам тұтқын лагерьлері мен қапас түрмелерде отырып, 9 мың қыстақ отқа оранған. Бірақ ержүрек халық француз үкіметіне өз тәуелсіздігін табандылықпен мойындатқан.

Үзіндіні оқып танысқаннан кейін, мұғалім оқушыларға мынадай сұрақтар қояды:

Алжир мемлекеті Африканың қай бөлігінде орналасқан? Картадан табындар. Өткен сабақтарды еске түсіріңдер, Франция мемлекетінен қай жылы тәуелсіздігін алды? Францияда қай президенттің басқаруы кезінде Алжирге тәуелсіздігін беруге неге мәжбүр болды? Үзіндіде Алжир елі дамуының қай кезеңі бейнеленген?

Берілген сұрақтарға оқушылардың жауаптарын талдағаннан кейін, мұғалім қорытынды жасап, Египеттің саяси басқару жүйесіне тоқталып: “Египет — басқару формасы жағынан президенттік мемлекет. Заң шығарушы органы — халық жиналысы. Жалпыға бірдей тікелей сайлау негізінде мемлекеттің және атқарушы үкіметтің басшысын — президентті 6 жылға сайлайды.

1973—74 жж. А. Саадат премьер-министр лауазымын да бірге атқарды. 1980 ж. Конституцияға өзгеріс енгізілді. Кеңесші орган — мәжіліс құрылды. Египет — орталықтанған мемлекет, 26 мухафазға (губернаторлыққа) бөлінген. Губернаторларды үкімет тағайындайды, биліктері шектеулі.

1974 жылы А. Саадат “ашық есік” саясатын жүргізуге алғашқы қадам жасады. Шетел құрал-саймандарын енгізу, салық жүйесін реттеу, жекеменшік кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алуға қарсы мемлекет тұрғысынан кепілдік беруді міндетіне алды.

Египеттің тұңғыш президенті Г. Насер 1952 жылы офицерлер бүлігінің көмегімен өкімет басына келді”, — деп, лекциясын аяқтағаннан кейін, хабарлама дайындаған оқушылардың бірінен Г.А.Насер туралы, Египет туралы Д.Қонаевтың кітабынан үзінді оқып беруді сұрайды.

“Насер сөздің түбін түсіріп сөйлейтін кісі екен. Ұзын бойлы, қыр мұрын, кең маңдай, нұрлы жүзді, қысқа, бұйра да бурыл шашты, қиық мұртты, кер қабақты, сымдай тартылған сымбатты кісі. Оның: “Біз бейбіт өмір тілейміз, бірақ

тыныштықтың аулы алыс болып тұр... Қандай қиындық болса да, қасқайып тұруға бармыз, әділетті қорғауға қай халықтың болса да, қабілеті жетеді”, — деген сөзі әлі күнге дейін жадымда жатталып қалыпты.”

Үзіндіні оқып болғаннан кейін:

1. Египет тәуелсіздігіне қашан ие болды?

2. Тұңғыш президенті Г.А.Насер қандай саяси билік жүйесін орнатты?

3. Қазақ Кеңестік Республикасының бірінші хатшысы Д.А. Қонаев Египетке барған сапары туралы естелігінде Г.А.Насердің сөзі арқылы Араб елдерінің тыныштығын бұзған Шығыстағы қандай оқиғаны меңзеп айтты? Таяу Шығыста Араб елдері мен Израиль арасындағы шиеленістер себебі неде болды? Қазіргі кезеңдегі Израильдің Палестинаға қарсы әрекеті туралы пікірлерің қандай? деген сұрақтар беріледі.

**Жауаптарының үлгісі.**

— Отаршылдықтың ауыр зардаптарының сақталуы.

— Тәуелсіздігін алған елдерге капиталистік елдердің саяси және экономикалық үстемдігінің сақталуы.

— Халық санының тез өсуі.

Екінші топтың оқушылары статистикалық деректі материалдарды тақтаға сызып қояды, бұл жұмысты бірінші топтың оқушылары жауап беріп жатқанда орындайды.

Үшінші топтың оқушылары төмендегі тапсырмаларға жауап береді.

**Үлгі тапсырмалар**

1. Француз отаршыларына қарсы күресте жеңіп шыққан ел.

2. Зерттеу ғылымының аты.

3. Оңтүстік-Батыс Азиядағы ислам республикасы.

4. Мұнайды шетке шығару үшін құрылған ұйым.

5. Солтүстік Африкадағы ең халқы көп ел.

6. Ауыл шаруашылығына қазіргі заманғы жаңалықты енгізу қадамы.

Төртінші топтың оқушылары билеттің сұрақтарына жауап береді. Қалған оқушылар тыңдап отырып, сұрақтар қояды немесе толықтырады. Билет нөмірлерінің ретімен келуінің қажеттігі ескерілмейді.

## **Билеттер № 2, № 3, № 5.**

### *№2 билет*

1. Үшінші әлем елдерінің экономиканы жаңаша жүргізудегі табыстары.
2. Үшінші әлем дегеніміз не?

### *№3 билет*

1. Ислам Республикаларының Конституциясындағы адам құқығын бұрмалау.
2. 1952 жылы тәуелсіздігін алған ел.

### *№5 билет*

1. Африканың ең артта қалған елдері.
2. Африка халықтарының қазіргі кездегі саны.

Оқушылардың жауаптарын тыңдап, мұғалім өзі бағалайды.

1-, 2-, 3-топтың жауаптарын үш оқушыдан құралған көмекшілер мұғаліммен бірігіп бағалайды.

Жаңа сабақты бекіту қарастырылмайды. Өйткені сабақ барысында оқушыларға сұрақтар беріліп, жауаптарын бағалау сабақ барысында өткізіледі.

Үйге жаңа сабақтың 5-, 6-сұрақтарын дайындап келу тапсырылады.

## VIII тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗИ

### § 27. XX ғасырдың 70—90-жылдарындағы халықаралық жағдай. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы

*Сабақ мақсатының* негізгі түйінді мәселесінің бірі — “қырғиқабақ соғыстың” аяқталу себептерін түсіндіру. Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың сипатына тоқталу.

*Үй тапсырмасын тексеруде:* Араб және Африка елдерінің қазіргі кезеңдегі жағдайы туралы қысқаша айту.

70—80-жылдардағы қатынастардан қазіргі кезеңдегі Еуропа елдері қатынастарының айырмашылықтарын атап беру. Жаңа халықаралық қатынас жағдайының негізгі алатын орнына сипаттама беруге оқушыларға сұрақтар қойылып, әңгімелесу барысында қорытынды жасалады.

*Сабақтың жүргізілу әдісі.* Лекция, әңгімелесу, сұрақ-жауап, оқулық мәтінімен жұмыс, оқушылардың сұрақтарға жазба түріндегі жауаптары.

*Сабақтың барысында* сұрақ-жауаптар түрінде әңгімелесу әдісімен мынадай сұрақтар қоюға болады.

- 70—80-жылдарда аймақтық жанжалдардың өршуіне не себеп болды?
- КСРО, АҚШ сияқты мемлекеттердің қақтығысуы мүмкін бе еді?
- Не себепті КСРО мен АҚШ ашық қақтығыстарға бара алмады?
- КСРО мен АҚШ-қа қатысты қандай соғыс ошақтарын атап берер едіңдер?

Оқушылар оқулық мәтіні мен қосымша деректер бойынша жауап береді.

*Жауаптың үлгілері:* КСРО мен АҚШ дүниежүзінің екі қуатты мемлекеті болумен бірге әлеуметтік-саяси жағынан да қарама-қарсы мемлекеттер болды.

Ядролық соғыстан қауіптенді, “Үшінші әлем” елдері мәселесінде екі елдің мүдделері сәйкес келмеді. Соғыс ошақтарына: Корея, Куба, Вьетнам, Таяу Шығыстағы оқиғаларды мысалға алуға болады.

Мұғалім Таяу Шығыстағы, Камбоджа мәселесі мен Ауғанстан оқиғаларына қысқаша тоқталып, сипаттама береді.

*Лекцияның негізгі мазмұны.* 60-жылдардың ортасына қарай “Үшінші өлем” елдеріндегі саяси өзгерістер: 1956 жылғы Г.А. Насердің Египетте үкімет басына келуі, Суэц каналын мемлекет меншігіне айналдыруға байланысты Англия, Франциямен қақтығыстарға алып келді. Ағылшын, Француз, Израиль Египетке қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Соғыстың тоқтатылуына халықаралық көзқарас пен КСРО-ның ықпалы әсер етті. 1958 ж. Ирактағы революция жаңа жанжалға алып келді. Камбоджа мәселесі 90-жылдарда көршілес елдердің қатысуымен реттелді. Израиль — Палестина, Ирак — Иран, Ирак — Кувейт қақтығыстары бұл елдердің азап шегуіне алып келді.

“Ауған жанжалы 1989 жылы КСРО-ның Ауғанстаннан әскерін өкетумен тынды”, — деп, мұғалімнің тақтаға осы оқиғалардың негізгі жылдарын жазып қоюына немесе оқушылардың оқулықтан қарап жұмыс дәптерлеріне жазып алуларын талап етуіне болады.

Кеңес-Қытай қарым-қатынастары туралы оқушылардың өз бетімен тезис түріндегі жоспар құрып, дайындалып келуіне тапсырма беріледі.

КСРО ыдырағаннан кейінгі оқиғалар оқулық бойынша түсіндіріледі. 80-жылдардың ортасындағы КСРО-дағы ұлт-аралық қатынастардың шиеленісуінің себептері ашып көрсетіледі.

Кесте түрінде тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына сипаттама беріледі.

*Кестенің үлгісі № 47*

КСРО ыдырағаннан кейінгі құрылған тәуелсіз мемлекеттер	Құрылған уақыты	КСРО кезеңіндегі ұлт-аралық қақтығыстар	Егемен мемлекеттер одағының құрылуы	ТМД елдерінің сыртқы саясаты	КСРО ыдырағаннан кейінгі ұлт-аралық шиеленістер
1	2	3	4	5	6
Әзірбайжан	1989 ж., 23 қыркүйек	1987 ж. Таулы Қарабақ	Ново-Огаревадағы келісім	1994 ж. 8 шілде	



1	2	3	4	5	6
Грузия	1990 ж., 16 наурыз	17—18 желтоқсан Алматы	1991 ж. 8 желтоқсан Ресей, Украина, Белоруссия 1991 ж. 21 желтоқсан. Алматы 11 тәуелсіз мемлекеттердің Алматы хаттамасына қол қоюы	1994 ж. 8 шілде “Біртұтас экономикалық кеңістік”— Өзбекстан, Қазақстан, Қырғыз республикалары Белоруссия, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей келісімі “Мемлекетаралық экономикалық комитет “Н+Н” формуласы Шанхай бестігі. 1996 ж., сәуір, 2001 ж., 16 маусым, “Шанхай бестігі ұйымы”	
Ресей Федерациясы	1990 ж., 12 маусым				
Қазақстан	1990 ж., 25 қазан				
Өзбекстан	1990 ж.				
Украина	1990 ж.				
Белоруссия	1990 ж.				
Түрікменстан	1990 ж.				
Армения, Тәжікстан, Гагауыз республикалары	1990 ж. 1990 ж.				
Абхазия, Оңтүстік Осетия, Шешен республикасы	1991 ж., мамыр				

Кестенің 6 бөлігін оқушыларға өз беттерімен толтыруға тапсырма беріледі.

**Бекіту тапсырмасы**

1. ТМД құрамындағы Қазақстан Республикасының орны мен рөліне баға беріңдер.

Өзіндік жұмысқа төмендегі кесте мен сұрақтарды ұсынуға болады.

*Кестенің үлгісі № 48*

**“Қырғиқабақ соғыс” кезіндегі соғыс ошақтары**

Елдер	Соғысқан уақыттары	Қысқаша қорытынды
1	2	3
Солтүстік Корея	1950 ж. маусым — шілде, 1953 ж.	
Лаос	1960 —1963 жж.; 1964 ж., тамыз — 1968 ж., қараша; 1969 ж., қараша — 1970 ж. желтоқсан	
Алжир	1962 — 1964 жж.	
Египет	1962 ж., 18 қазан — 1963 ж., сәуір; 1969 ж. қазан — 1972 ж. 16 маусым; 1973 ж., 5 қазан — 1974 ж., 1 сәуір	
Йемен	1962 ж., 18 қазан — 1963 ж., 1 сәуір	
Вьетнам	1965 ж., 1 шілде — 1974 ж., 31 желтоқсан	
Сирия	1967 ж., 5 — 13 маусым, 1973 ж., 6 —24 қазан	
Камбоджа	1970 ж. сәуір — желтоқсан	
Бангладеш	1972 —1973 жж.	
Ангола	1975 — 1979 жж., қараша	
Мозамбик	1967 — 1969 жж., 1975 ж., қараша — 1979 ж., қараша	
Эфиопия	1977 ж., 9 желтоқсан — 1979 ж., 30 қараша	
Ауғанстан	1978 ж., сәуір — 1991 ж., мамыр	
Никарагуа	1980 — 1991 жж.	

Өткен сабаққа қорытынды жасалып, үйге тапсырма беріледі.

## § 28—29. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар

*Сабақтың мақсаты:* тәуелсіздік алған Орта Азия мен Кавказ аймағындағы елдердің дамуының қиыншылықтары мен табыстарына тоқталу.

Аймақтық қақтығыстардың себептері мен одан шығудың жолдары туралы болжамдарға тоқталу.

*Сабақтың негізгі мазмұны:* тәуелсіздік алған елдердің демократиялық қайта құрылулары.

*Сабақтың жоспары:* мұғалімнің кіріспе сөзі. Зертханалық жұмыс. Тәуелсіздік алған елдердегі билік мәселесі. Жеке саяси қайраткерлер, олардың тарихтағы рөлі.

“Орта Азия мен Кавказ елдеріндегі саяси оқиғалар”.

*Пікірсайыс.* Осы аймақтардағы қауіпсіздік мәселесінің шешілуі туралы на айтар едіңдер?

*Мұғалімнің кіріспе сөзі.* КСРО-ның ыдырауынан кейін Орта Азия мен Кавказ елдері өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады. Елдің алдында: “Келешекте қандай жолды таңдау керек?” деген қиын да күрделі мәселе тұрды. Өйткені тоталитарлық жүйенің бұл елдердің қоғамдық санасына, экономикалық жағдайларына тигізген әсері айқынырақ біліне бастап еді. Оқушылар оқулық мәтіні бойынша зертханалық жұмыс, кесте толтыру үшін берілген 15 мин уақытты пайдаланып, мәліметтерді дәптерлеріне жазып алады.

*Кестенің үлгісі № 49*

**Тәуелсіз мемлекеттердің басқару жүйелері**

Мемлекеттер	Басқару жүйесі	Басшылары
Армения	Президенттік республика	Тер-Петросян (1991), Роберт Кочарян (1998).
Өзiрбайжан	Халық майданы Президенттік республика	Ниязи Аяз-оглы Муталибов (1998). Гейдар Әлиев (1993), баласы Ильхам Әлиев (2004).
Грузия	Президенттік республика	Звиад Гамсахурдиа (1991). Эдуард Шеварнадзе (1995). Михаил Саакашвили (2004).
Қырғызстан	Президенттік республика	А.Ақаев (1990). Қ.Бакиев (2005).
Тәжікстан	Президенттік республика	Рахмон Набиев (1991), Ә. Рахмонов (1994).
Түрікменстан	Президенттік шексіз билік	Сапармұрат Ниязов (1990). Г. Бердімұхамедов (2007).
Өзбекстан	Президенттік республика	Ислам Каримов (1990).

Мұғалім М. Саакашвили мен С. Ниязовтың саясаттағы көзқарастары мен рөлдеріне баға беріп кетеді.

Басқару материалдары, телехабарлары мен интернет мәліметтері арқылы Қырғызстан мен Грузия оқиғалары, Грузия мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар туралы хабарлама даярлап келуге тапсырма беріледі.

### **§ 30. Өркениетті елдердің дамуы және дүниежүзіндегі демократиялық үрдістер**

*Сабақтың мақсаты.* КСРО-ның ыдырауы тоталитарлық жүйенің құлап, тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына жол ашты. Тәуелсіз аумақтық, экономикалық проблемалардың шиеленісуі халықаралық қарым-қатынастың кейбір мәселелерін қайта қарауды қажет етті.

Осы маңызды әлемдік проблемаларды шешуде БҰҰ рөлінің артқандығына тоқталып, фактілер келтіріледі.

Еуропадағы жағдайдың өзгеруіне байланысты мемлекетаралық жаңа бағыттардың мәні мен сипаты түсіндіріледі.

Сабақта лекция, проблемалық сұрақтар, әңгімелесу әдістері қарастырылады.

Көрнекі құралдар ретінде атлас карта, “Шетелдердің дүниежүзі тарихы”, кодоскоп, сызба-кесте пайдаланылады.

Өткен сабақты қайталау үшін өткен сабақта берілген кестені талдау. Картамен жұмыс. КСРО ыдырағаннан кейінгі тәуелсіз мемлекеттер туралы шолу қарастырылады.

“Тәуелсіз мемлекеттерді атап беріңдер”, — деп, мұғалім оқушыларға талап қояды.

Кестеден Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің аумағы мен халқының саны туралы мәліметтерді қарастырып, қазіргі кезеңдегі екі елдің арасындағы шекараны қорғау, көші-қон мәселелері туралы, халықтың бейбіт даму жолдары, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған бағыты туралы, Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас туралы айтылады.

#### **Жаңа сабақтың сұрақтары:**

1. Мемлекеттер санының дүниежүзілік картада көбеюі.
2. БҰҰ рөлінің артуы.
3. Қауіпсіздік Кеңесінің қызметі.
4. Шиеленіс ошақтары.
5. Дүниежүзінің қазіргі проблемалары.
6. Өркениет тұтастығы.

Мұғалім картадан дүниежүзі мемлекеттерінің ішіндегі ірі мемлекеттерді атап: “Тәуелсіз мемлекеттердің саны қазір қаншаға жетті, өткен ғасырда нешеу еді? Картадан табыңдар. Өткен сабақта КСРО ыдырағаннан кейін, қанша тәуелсіз мемлекеттердің құрылғандығына тоқталған едік. Тәуелсіз мемлекеттердің құрылу процесі аяқталды ма? Не себепті деп ойлайсыңдар? Дүниежүзілік саясаттың шиеленісу себептері неде?” деген сұрақтар қояды. Жауап алғаннан кейін, осындай қиын кезеңде БҰҰ рөлінің өсіп отырғандығына тоқталып, түсінік береді.

Одан әрі қарай “жаңа өркениет жолына түсу; “өркениет” деген сөздің мағынасын сұрайды. “Адам. Қоғам. Құқық” (9-сынып) пәнінен алған білімдерін пайдаланып, жауап беруді талап етеді. Оқушылардың жауабын толықтыруда кодоскопты немесе тақтаны пайдаланады. Кодоскоп арқылы экранға *өркениет* ұғымының анықтамасы түсіріледі.

Өркениет — *латын сөзі* — азаматтық, мемлекеттік деген мағынаны білдіреді.

1. *Материалдық және рухани мәдениет.*

2. *Ерекше тарихи кезең* деген сөздерге анықтамалар беріледі.

Мұғалім “Дүниежүзілік прогрестің сатысы өндірістің даму дәрежесінің жоғарылығымен, әлеуметтік қатынастар, саяси өмір, ғылым және мәдениеттің басқа да элементтерінің жоғары дамуымен сипатталады, — деп бастап: — БҰҰ рөлінің артқандығына қандай мысалдар келтіруге болады?” — деп сұрақ қойып, әңгімесін әрі қарай жалғастырады.

Өркениет тұтастығы XX ғасырдың соңында қалыптасты. Әлем нарықтық экономика мен демократиялық-либералдық басқарудың маңыздылығын түсінді. Адамдардың тұрмыс дәрежесі жоғарылады.

### **Жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтар**

1. XX ғасырдағы саяси картаның өзгеруі туралы не айтасыңдар?
2. Ғаламдық проблема дегеніміз не? Негізгілерін атаңдар.
3. Планетаның демографиялық көрінісін жасап, шағын шығарма жазу.

### **Үйге тапсырма**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі туралы, шиеленіс ошақтары туралы хабарлама дайындап, БҰҰ-ның рөлі туралы жоспар құрып келуге тапсырма беру қарастырылады.

### § 31. Дүниежүзіндегі ықпалдастық үдерістер. Халықаралық ұйымдардың қызметі және бүгінгі Қазақстан

*Сабақтың мақсаты.* БҰҰ-ның қызметіне тоқталу. Дүниежүзіндегі аймақтық-экономикалық ықпалдастық маңызы туралы түсіндіру. Қазақстан Республикасы, оның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың экономиканың дамуы мен сыртқы саясаттың бағыттарын белгілеудегі рөліне баға беру.

*Сабақтың түрі:* семинар сабағы.

*Сабақтың көрнекілігі:* “Қазақстан Республикасының саяси картасы”, “Дүниежүзінің саяси картасы”.

*Қосымша құжаттар мен әдебиеттер.* ҚР-ның Конституциясы, Н. Ә. Назарбаев “Ғасырлар тоғысында”, Саммит, интеграция, “Төрттік блок”, “Шанхай бестігі”, “Ортақ нарық”, “Қазақстан — 2030” стратегиялық бағдарламасы. Баспасөз материалдары. Президент сайлауы — 2005 жыл, 4 желтоқсан.

Семинар сабағына сызба-кесте, фотосуреттер пайдаланылады. Топтық жұмыс жүргізіледі.

Сабақтың барысында 2005 жылғы 4 желтоқсандағы президент сайлауынан шағын көрініс ұйымдастыруға болады. Көрініс бойынша шағын жазба жұмысын алу. Алдымен жеке-жеке карточка қағаздарға жазылған “Қашан?” деген сұраққа жауаптарды тақтаның бір шетіне 1-топтың оқушылары жазып қояды. 2-топтың оқушылары (сынып оқушыларының санына қарай 4-5 топ немесе 7-8 топ құруға болады. Әр топта 3-4 оқушы болуы керек) сұраққа жауап береді. Мұғалімнің толықтыруына болады. “Кім?” деген сұрақ жазылған карточка тақтаға ілінеді. 3-топтың оқушылары БҰҰ-ның қызметі, НАТО, Ортақ нарық, Қызыл Крест, ҚР-ның тәуелсіздігі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, “Шанхай бестігі”, “Төрттік блок”, Н. Ә. Назарбаевтың қызметі, тарихтағы алатын орны мен рөліне баға береді.

4-топтың оқушылары Қазақстанның қазіргі кезеңдегі жағдайы туралы айтады.

5-топтың оқушылары Қазақстанның мәдениетіне, ғылымына, өнері мен әдебиетінің дамуы жөніндегі дайындалған рефераттары бойынша шығып сөйлейді.

6-топтың оқушылары Қазақстанның шетелдермен дипломатиялық қарым-қатынастарының негізгі мәселелеріне тоқталып, статистикалық мәліметтер келтіреді.

7-топтың оқушылары басқа топтардың жауаптарына қысқаша талдау жасайды. Жауаптың үлгісін мұғалім дайындайды.

8-топтың оқушылары Қазақстанның білім беру саласындағы реформаларына тоқталады.

Сабақтың соңында шағын тест немесе 5—7 минут тарихи диктант жаздырып, сабақты қорытындылауға болады.

## § 32. XXI ғасырдың басындағы дүниежүзінің өзекті мәселелері

*Сабақтың мақсаты.* Қазіргі кезеңдегі ғаламдық проблемалардың себептері мен оны шешу мәселелері туралы әңгіме-сұхбат өткізу.

*Негізгі мазмұны:* Халықаралық лаңкестікке қарсы күрес. АҚШ-тағы, Таяу Шығыстағы, Ресейдегі терактілер, XXI ғасырдың басындағы дүниежүзінің сипаттамасы.

*Сабақтың жоспары:* ғаламдық мәселелер. Дүниежүзіндегі қауіпті індеттер. Лаңкестікке қарсы күрес.

*Сабақтың барысы.* Жер бетінің шектен тыс жылынуы; жер бетіндегі ауа райының өзгеруі. 2002 ж. желтоқсандағы күннің суықтығы 1879 жылдан кейінгі 7-ші рет болған аяздың қаттылығы болса, 2006 жылдың қаңтары Ресей мен Қазақстанға 40—50°-қа дейін аязды алып келді. 1998 жылдың шілдесі 123 жылдан кейінгі қайталанған ең ыстық ай болды. 1960—1970 жылдары жердің жылынуының 77%-ы отынның көбірек жағылуынан, 23%-ы ормандарды кесуге байланысты деген болжам жасалды.

Терактілер аса қауіпті сипат алды. Мұғалімнің лекциясынан кейін оқушыларға сұрақтар қойылады.

1. Қазақстанның қай аймақтарында ауыз су тапшылығы байқалуда?

2. Азық-түліктің тапшылығын қандай елдер басынан кешуде?

3. Ғарышты игеруде ғалымдар қандай табыстарға жетті? Алда тұрған қандай мақсаттар бар?

4. Қазақстан халқының болашақтағы өсуі туралы қандай болжамдар бар?

5. Дүниежүзілік интеграциялық даму үдерістерінің қарқыны қандай? Жауаптарды дәлелдеңдер. Мысалдар келтіріңдер. Сабақты аяқтап, үйге оқулық материалын оқып келуге тапсырма береді.

### § 33. XX ғасыр мәдениеті

*Сабақтың мақсаты.* XX ғасыр басындағы мәдениеттің дамуына қоғамдық сананың тигізген әсеріне тоқталып, тарихи үдерістер мен мәдениет дамуының біртұтас заңдылығын түсіндіру, өнер, әдебиет, ғылым саласындағы жетістіктерді айтып, маңызына тоқталу; ғылымның жаңа салалары туралы оқушылардың басқа пәндерден алған білім негіздеріне сүйене отырып түсінік беру; мәдениет дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғалар еңбектерінің дүниежүзілік мәдениетті дамытудағы рөлдеріне баға беруге үйрету. Мәдениет — қоғам дамуынан туатын ілгерілеу үдерісі және қоғам дамуының қозғаушы күші деген түсініктерін кеңейтуге негізделген.

Лекция түріндегі проблемалық сұрақ-жауаптар әдісін қолдануға болады. Оқушылардың шағын хабарламаларын ұйымдастырып, әңгімелеу әдісімен жүргізу қарастырылады.

Өткен сабақтың негізгі мәселелерін қысқаша еске түсіруге 1-2 минуттай уақыт бөліп, төмендегі сұрақтар оқушылардың назарына ұсынылады.

1. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін атап, картадан көрсетіндер. (Атлас, Шетелдердің дүниежүзілік тарихы, 22, 28-беттер.)
2. Вьетнам халқының АҚШ агрессиясына қарсы күресі мен нәтижелері туралы айтып беріңдер.
3. Индонезия туралы не білесіңдер?
4. Оңтүстік-Шығыс Азияның 4 жолбарысын атап, өткен сабақта лекция бойынша берілген деректер туралы айтыңдар. Өздерің қандай мәліметтер білесіңдер?

Оқушылардың жауаптарын тыңдап, түзетулер мен қосымшалар енгізіп, қорытынды жасалады (өткен сабақты сұрауға 12 мин уақыт бөлінеді).

**Жаңа сабақ (25 мин).**

#### **Сұрақтары**

1. XX ғасыр басындағы қоғамдық санадағы бетбұрыс.
2. Өнердің дамуындағы өзгерістер.
3. Әдебиеттегі модернизм.
4. Ғылым жаңалықтары.
5. Әлемдік мәдениет ағысындағы кеңес мәдениетінің рөлі мен мәні.
6. Көпшілік мәдениеттің пайда болу себептері.

Жаңа сабақты “мәдениет” деген сөздің мағынасын, маңызын түсіндіруден бастауға да болады. Мәдениет сөзінің мына-



дай үш түрлі мағынасын еске түсіріп көрейік”, — дей келе:

- 1) тәрбиелеу;
- 2) білім беру;
- 3) өңдеу

деген түсінік беретіндігінен өздерінің де хабардар екендігін айтуға болады.

1. Мұғалім ХХ ғасыр басындағы қоғамдық сана жайында өңгімелейді. Аталған ғасыр басындағы ғылыми-техникалық табыстар, революциялар мен контрреволюциялық төңкерістер адамзат баласының қоғамдық санасының өзгеруіне себін тигізді. Қоғамдық сананың көріністері — оптимизм, пессимизм, иррационализм дегеніміз не? Сұрақтарға жауап оқулық көлемінде түсіндіріледі. Психология ғылымына түсінік беріледі. Психология мен физика ғылымдарының өкілдерін атап, тақтаға жазып, пікірлеріне тоқталады. Психология ғылымының негізі — алдын ала болжау. Оқушылардан “Түс көру, түсті жору деген не? Түсті біліктіге жорыту туралы қазақ халқының арасында қандай сенімдер болған?” деген өңгіме ұйымдастырып, пікірлерін тыңдау. Түс көру жүйке ауруларының өсері ме, әлде көріпкелдік қасиет пе? Бұл сұраққа Австрия психиатры З. Фрейд жауап берді. Оның теориясының маңызы — жүйке ауруларынан емдеу әдісін тапқандығында. *Психологиялық талдау* ұғымы философия, тарих, дін мен мәдениеттің шығуын зерттеу ғылымдарына біртіндеп тарап, жаңа ғылым саласының дамуына негіз салғандығы баяндалады. “Макс Планктің квант теориясы дегеніміз не? А.Эйнштейннің салыстырымдық теориясы туралы не білесіңдер?” — деп сұрақ қойып, оқушылардан басқа пәндерден алған білімдерінің негізінде қосымша мәліметтерді сұрауға болады.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында дәуіріміздің ұлы жаңалықтар ашу еншісі физиктердің үлесіне тигендігін түсіндіріп, маңызына өрі қарай тоқталып, сұрақты жалғастыруға болады. Оптимизм мен пессимизм бағыттарынан иррационализм бағытының айырмашылығы — адамның өмірге деген құштарлығына тыйым салмай, керісінше дамыту, күштеу мен зорлық-зомбылықты жақтаған дәстүрлі моральдық құндылықтарға соққы бергендігінде деп қорытынды жасауға болады.

2. Өнер саласындағы өзгерістерді үш бағытта қарауға болады.

2.1. Мұғалім әңгімесінің негізінде оқушыларға тапсырма беріледі. Олар өнердің салаларын анықтап, керекті мәселелерді дәптерлеріне жазып отырады. Кесте құрады.

2.2. Оқушылар өз бетімен оқулықтан қарап, қорытындылар жасайды. Мұғалімнің көмегімен оқулықты пайдаланып, постимпрессионизм, реализм, сюрреализм, кубизм, авангардизм, абстракционизм ұғымдарының түсініктемелерін дәптерлеріне жазып, өкілдерін атап, шығармалары туралы айтады.

Кейбір оқушыларға алдын ала берілген тапсырмалар бойынша өнер қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, шығармалары туралы қысқаша хабарламаларын тыңдап, талқылауға салып, сұрақтар қоюға болады.

2.3. Мұғалім жаңа бағыттың бейнелеу мәдениетінің негізін қалаған П. Пикассо абстракционизмі бағытының өкілі В. Кандинский, сюрреализмнің жетекшісі Сальвадор Далидің оқулықтағы немесе қосымша деректердегі суреттеріне сипаттама беріп, әңгімелесу барысында қорытынды жасайды.

Кестенің үлгісі № 50

#### XX ғ. басындағы ғылым мен өнер

Жаңа бағыттың салалары	Өкілдері	Шығармалары	Шығармаларының маңызы

2.4. Мұғалімнің шағын лекциясы. Авангардтық бағыттағы сурет өнерінің дамуына әсер еткен XIX ғ. постимпрессионизм бағыты болды. Постимпрессионизм — адамның көңіл күйіне әсер ету. Өртүрлі бояулар арқылы ерекше сурет салу әдісін пайдаланып, жарық, көлеңкенің түстерін құбылтып, қағазға, матаға көңіл күйі сезімін салып білдіру.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмірден алшақ постимпрессионизм бағытының негізін қалаушы уақыт пен кеңістік ұғымын кеңейткен француз суретшісі Поль Сезани болды (1839—1906). Табиғаттан да тыс нәрсені көру сипатындағы бағыт постимпрессионизм деген атқа ие болды. Постимпрессионизм жаңа бағыт модернизмге жол ашты. *Модерн* — француз сөзі, *жаңа, қазіргі* деген мағынаны білдіреді деп түсінік беріледі. Әсіресе сәулет өнерінде ерекше орын алды. Театр саласында сурет, декорация (сахна-

дағы суреттердің өзгеріп отыруы), костюмдердің әдемілігі мен жаңалығы, актерлердің сахнадағы ойындарын музыкамен көркемдеу сияқты өзгерістер енгізілді. Модернизмнің сипатты белгісі — оқиғалардың ішкі көрінісіне үңілу, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды түсіну. Авангард пен модернизм постимпрессионизмнің жалғасы болды. Авангардтық өнердің дамуына кубизм үлкен әсер етті. Кубизмнің өкілдеріне П. Пикассо (1881—1973), А. Матисс (1869—1954) жатады. Мұғалім оқулық бойынша оқушылардан Пикассо шығармашылығының ерекшелігін тауып, үзінді оқып берулерін сұрайды. Суреттерінің атын атап, П. Пикассоның “Скрипа”, “Герника”, Матистің “Би” картиналарын суреттейді. “Би” суретінде әлемнің үш негізі бейнеленген: аспан, жер, адамдар; бұлар үш түрлі: көк, жасыл, сарғыш қызыл түстермен берілген. “Герникада” фашистік бомбадан қираған испан қаласының қайғылы тағдыры бейнеленген, 1937 жылы дүниежүзілік көрмеге қойылды. Адамзат құрбандығының символы ретінде фашистер тарапынан төнген қауіпті білдіреді. Абстракционизм мен сюрреализм бағыттарының өкілдері: В. Кандинский мен С. Дали туралы да оқулықтан қарап келуге тапсырма беріледі.

### 3. Әдебиеттегі модернизм.

Мұғалім: “Бейнелеу өнерінің әдебиет пен өнердің басқа салаларынан өзіндік айырмашылығы бар. Оған өзіндік жеке, басқаға ұқсамайтын қасиеттер, кейде тіпті күтпеген жағдайларды туғызатын көрініс тән болса, ал әдебиет өмірмен тығыз байланысты, адамдарға өзі жүрген ортаның оқиғаларын дұрыс түсінуге бағыт береді. Өткен уақыт туралы баяндайды, кейде болашақ қоғам туралы қиял-ойларға да жетелейді, — деп сөзін жалғастырады: — 20—30-жылдарда әдебиеттің дамуына Бірінші дүниежүзілік соғыс, төңкерістер, әлеуметтік қайшылықтар, мәдениеттің дағдарысы (декаденттік бағыт), фашизмнің көріністері, тоталитарлық жүйе, жаңа Екінші дүниежүзілік соғыс қауіп өз әсерін тигізді”. Мұғалім әдебиеттің дамуындағы өзгерістерді өзі баяндап түсіндіруін оқушыларға сұрақ қоя отырып: “Әдебиеттің дамуына қандай жағдайлар әсер етті деп ойлайсындар? Әдебиеттегі жаңа бағыт дегеніміз не? Әдебиет пен өнердің дамуындағы жаңа бағыттың айырмашылықтары бар ма?” — деген сабаққа тарту сұрақтарынан бастауына да болады. Франц Кафка мен Марсель Пруст туралы оқулық материалынан оқып танысуға болатындығын айтып, қосымша деректер туралы

мәліметтер келтіру, жазушылардың бірінің өмірбаянына тоқталып, шығармаларын атап, үзінді оқып береді, сұрақ қойып, талдау жасайды. Мұғалім лекциясының негізінде төмендегідей кесте толтыру қарастырылады.

*Кестенің үлгісі № 51*

**XX ғ. бас кезіндегі бейнелеу өнерінің дамуы**

Негізгі бағыттары	Өкілдері	Басты шығармалары

Немесе Бразилия жазушысы Жоржи Амаду туралы үзінді оқып беруге де болады.

Жоржи Амаду 1912 жылы 10 тамызда Ильеус қаласына жақын Баия штатында дүниеге келді. Туған жері Баия — какаоның отаны десе де болады. Бразилиядан шығатын какаоның 90%-ы осында өндіріледі. Жазушы жас кезінде тағдырдың тәлкегіне талай түсті. Бір жолы оның әкесінің жеріне қызыққан көршілері кісі өлтірушілерді жалдап, Жоржидің әкесін — Жоан Амадуды өлімші етіп жаралайды. Бірақ мұнымен жерге талас тоқтамады. Амадулар отбасы түнде жатарда оқ салған мылтықтарын бастарына жастап жататын. Адамдардың қатыгездігінен кейін Амадулар отбасын табиғаттың тылсым күші де сынады. Өзен тасып, плантацияларын су шайып кетеді. Баиядан Ильеусқа келіп, орман ішіндегі бұталардан тазартып, жаңа какао плантациясын салуға мәжбүр болады.

Жоржи бала кезінен тәтті какаоның ащы дәмін де татып өсті. Өсе келе, “Жубиаба”, “Тас дуал”, “Өлі теңіз”, “Какао”, “Габриэла, дәм қабық және қалампыр”, т.б. шығармаларын жазды. Ж. Амадудың шығармашылығы жоғары бағаланып, халықаралық Лениндік сыйлықтың иегері атанды. Шығармалары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Орыс тіліндегі тұңғыш аудармасы 1961 ж. жарық көрді. Ж. Амадудың әйелі — Зелия Гаттан де Амадудың “Жол қаппағы” деген белгілі шығармасы бар.

1. Ж. Амадудың өмірі мен қызметінен қандай сабақ алуға болады?

Әдебиеттегі модернизм жеке бастың сана-сезімінің дамуын суреттеу болып табылады.

Нобель сыйлығының иегері, француз жазушысы Р. Роллан ұлы суретшілер мен музыка өнерінің шеберлері туралы өмірбаяндық шығарма жазды. Оған Л. Бетховен, Микеланджело, Л. Н. Толстой сияқты ұлы тұлғалар кірді. Оның

“Героические жизни” (“Батыр адамдар өмірінен”) атты көп-сериялы кітаптары мен көптомдық “Жан-Кристоф” романында жеке адамның психологиялық шығармашылық қабілеті, суретші өмірінің қиындығы мен жан дүниесінің ішкі жай-күйі суреттеледі. Нобель сыйлығының иегері, ағылшын драматургі Б. Шоудың “Пигмалион” пьесасы дүниежүзінің әйгілі театрларында қойылды. Нобель сыйлығының екінші бір иегері, норвег драматургі Г. Ибсен орыс драматургі А. П. Чеховтың шығармаларымен үндестік тауып, проблемалық мәселелерді драманың негізгі арқауы етті.

Әдебиеттегі пессимизм жанрына неміс жазушысы Т. Маннның “Будденброктер”, “Венециядағы өлім”, реалистік бағыттың өкілі Т. Драйзердің “Америка қасіреті”, Д. Синклердің “Джунгли”, “Темір өкше”, Ф. Норристің “Спрут” (“Шырмауық”) шығармалары жатады.

2. Ғылымның дамуында атом энергиясының сыры, Ю. Гагариннің ғарышқа ұшуы, кеңістікті меңгеруге жол ашылуы, 1976 ж. компьютерді ойлап шығару жаңалықтары сұрақ-жауап арқылы талданады.

3. Ю. Гагариннің ғарышқа ұшуы туралы қандай мәліметтер білесіңдер?

3.1. Компьютерді қай елде, кім алғаш ойлап шығарды?

4. “Ғылым дамуының еңбекті ұйымдастыру мен еңбек өнімділігін арттыруға тигізген әсері қандай?” “Миниэлектроника дегеніміз не?” деген сұрақтарға жауап алынғаннан кейін әдебиеттің дамуы туралы төмендегідей кесте толтыруды ұсынуға болады.

*Кестенің үлгісі № 52*

**XX ғ. бас кезіндегі әдебиеттің дамуы**

Елдер	Өкілдері	Шығармаларынан шағын үзінді келтіру (оқушылардың өздері білетін шығармалары бойынша)
Еуропа		
Азия		
Африка		
Латын Америкасы		
Кеңес Одағы		

5 (1,2) сұраққа жауап беру үшін оқушылармен өздік жұмыстың түрі ұйымдастырылады. Ал жазушылардың

шығармаларынан қысқаша үзінділер келтіру үй тапсырмасы ретінде қарастырылады. “Кеңес үкіметінің дыбысты кинолары: “Чапаев”, “Щорс”, “Мылтықты адам”, “Суворов”, “Александр Невский”, т.б. қандай фильмдерді көрдіңдер? Негізгі тақырыптары не туралы? Кинофильмдерде ойнаған актерлер, олардың ойындары туралы айтып бере аласыңдар ма?” деген сұрақтар қойылады. Егер кабинетте киноаппарат болған жағдайда кейбір фильмдерден үзінді көрсетуге де болады.

5. “Көпшілік мәдениеттің түрлеріне ақпарат құралдары, газет, журналдар жатады. Олардың мазмұндары әртүрлі болып келеді”, — деп, қазіргі кезеңдегі ақпарат құралдарының түрлерін сұрауға болады. Ал алғашқы радионың шығуы туралы мұғалім қызықты әңгіме айтып: “Алғашқы радиолар қандай болды? Радионың тарауының маңызы неде?” деген сұрақтар қойып, әңгіме өткізуіне болады.

*Жаңа сабақты бекіту сұрақтары (2-3 минут).* Шығармалардан үзінді келтірудің үлгісін қарастыру. Ақпарат құралдары туралы айту.

Үй тапсырмасына жоғарыда берілген сұрақтарды қайталап, естеріне түсіріп келу ұсынылады.

### **Қорытынды-қайталау сабақтары**

*Сабақтың мақсаты.* Оқушыларға курстың маңызын түсіндіруде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы ірі саяси-тарихи процестердің себептерін ашу. Қоғам дамуының қайшылықтары мен жаңа проблемаларын түсінуге мүмкіндіктерді қалыптастырып, қоғамдық сана, өнердегі құбылыс, мәдениеттегі жаңалық, ғылымның жетістіктерін қарастыру, жаңа көзқарастарды енгізу, пікірлер, ой-толғамдары туралы деректі құжаттарды пайдалану. КСРО мемлекетінің ыдырауына байланысты Еуропа мен Азияның аралығында орналасқан жаңа тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасының бүкіләлемдік өркениет пен мәдениетке қосқан үлесінің мәні мен маңызын айту.

*Сабақтың түрі:* қорытынды-қайталау.

*Сабақтың әдісі:* конкурс (жарыс) сабағы, проблемалық сұрақтар мен жауаптар, зерттеу элементтерін қолданып, интеграциялық (біріктіру) сабағы.

*Сабақтың көрнекілігі:* атлас, “Шетелдердің қазіргі заман тарихы”, әдеби шығармалар, хронологиялық кесте.

### *Сабақтың барысы.*

Қорытынды-қайталау сабағында қарастырылатын мәселелер, тақырыптар оқушылардың назарына ұсынылады. Мұғалімнің таңдауы бойынша қайталауға тұтас бөлім немесе кейбір проблемалық мәселелерді ғана алуға болады.

#### *Сұрақтардың үлгілері:*

1. Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің әлеуметтік және саяси дамуының проблемалары.

2. КСРО-ның ыдырауынан кейінгі тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Өнер, әдебиет, мәдениеттің дамуындағы жетістіктер.

Оқушылардың жауаптарын бағалайтын 3 адамнан сарапшылар тобы құрылады. Көмекшілердің де бұл рөлді орындауына болады. Оқушылардың жауаптарын бағалауда бір-бір параққа белгі қойып, жазып отырады.

*Бағалаудың үлгісі:* дұрыс жауап +  
дұрыс, бірақ толық емес + —  
дұрыс емес —

белгілерімен көрсетіледі.

Жарыс үш қатар бойынша үш нұсқада жүргізіледі. Өрбір сұрақтың жауабын ойлануға 1 мин-тан уақыт бөлінеді.

#### **I жарыс** (барлық қатарға бірдей).

“Оқулықтың материалын кім көп біледі?” деп аталады.

1. КСРО ыдырағаннан кейінгі пайда болған мемлекеттерді атаңдар.

2. Қазақстандағы саяси және экономикалық реформаларды ретімен жазу, реттік қатардан бір адамнан.

3. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде жазылған кемінде үш әдеби шығарманың атын, авторын айту.

4. XX ғасырдағы Азияның, Африканың (Араб елдері), Латын Америкасы әдебиеттерінің бір-бір өкілін атау.

5. Сурет өнері саласындағы жаңа бағыттардың аттарын атап беру.

#### **II жарыс.**

Үш қатарға Азия, Африка, Латын Америкасынан бір-бір елден алуға болады.

Өр қатар суреттегі үш елді бөліп алып, сұрақтарға жауап береді. Сурет магнит тақтаға ілінеді. КСРО ыдырағаннан кейінгі тәуелсіз елдерден де мысалға алып, қарастыруға болады.

#### **III жарыс.**

Хронологиялық даталар бойынша.

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш бүкілхалықтық сайлауы қашан өткізілді?
2. “Африка жылы”.
3. КСРО қашан өмір сүруін тоқтатты немесе ТМД елдері қашан құрылды? (Сұрақтар үш қатарға бірдей.)

**IV жарыс** (екі кезеңде жүргізіледі).

Белгілі бір тарихи оқиғаны баяндау.

Үш қатардан 3 оқушы шығады немесе таңдалады.

Үш қатарға үш сұрақ жазылған карточкалар таратылып, оқушыларға дайындалуға уақыт беріледі.

1. Иран және Пәкстандағы құрылған ислам мемлекеттерінің айырмашылықтары бар ма?
2. Пәкстан мен Үндістанның аграрлық реформаларындағы ұқсастықтар.
3. Иран мен Пәкстандағы ислам республикалары проблемаларының ортақ белгілері мен айырмашылықтары.

1-қатардың оқушылары жауаптың дұрыстығын, 2-қатар “Жауаптың мәні дұрыс ашылды ма?” деген сұраққа жауап береді.

3-қатар оқиғалардың жылдары, адам аттары мен тарихи оқиғаларды суреттеудің дұрыстығын тексереді.

Жауапқа дайын болған оқушыларды тақтаға шақырып, жауаптарын жазу талап етіледі.

Оқушылар тақтаға қысқаша жауаптарының үлгісін жазулары керек. Жауаптарын жазып болғаннан кейін орындарына отырады. Көмекшілер тақтаға жазылған оқушылар жауаптарының қателерін сызып не толықтырып жазуларына болады. Бірақ тақтадағы жазуды өшіруге болмайды. Өйткені жазған оқушылар өз қателерін көріп отыруы керек. Тексерушілердің пікіріне қосылмаған жағдайда өз ойларын айтуларына болады.

Екінші жазбаша тапсырма сынып оқушыларының бөріне беріледі. Тексеру жұмысы екінші қайталау сабағында қарастырылады.

**Сұрақтары**

1. Ирандағы жаңару үдерісі не себепті ислам төңкерісіне алып келді?
2. Ислам республикасы дегеніміз не?
3. Иранның мемлекеттік басқару жүйесінде қандай өзгерістер болды?

Сұрақтарға жазбаша жауап беріледі.



Келесі сабақта талдау мен рецензиялау жүргізіледі.

### **V. Жарыс.**

Атақты адамдар қай елде өмір сүрген немесе тұрады, мамандығы, лауазымы кім?

- |                     |                   |
|---------------------|-------------------|
| - П. Пикассо.       | - Беназир Бхутто. |
| - Э. Хэмингуэй.     | - С. Айни.        |
| - М. Әуезов.        | - М. Хаттами.     |
| - С. Иосида.        | - Р. Тагор.       |
| - Р. Роллан.        | - О. Сүлейменов.  |
| -Ж. Амаду.          | - Ким Чен Ир.     |
| - В. Лебедев-Кумач. | - Т. Драйзер.     |
| - Ш. Айтматов.      | - Сухарто.        |
| - С. Стальский.     | - Дэн Сяопин.     |
| - Н. Винер.         |                   |

### **VI. Жарыс.**

Ұғым, адамның, жердің атын, атауын жазу. Бұл сөздерге мағынасы келмейтін атауларды алып тастау.

Әр қатарға екі сұрақтан қойылады.

**Таяу Шығыс елдері:** Иордания. Палестина. Сауд Арабиясы. Сирия.

**Өнердегі жаңалықтар:** Кубизм. Реализм. Технология. Авангардизм.

**Өзен аттары:** Амазонка, Янцзы, Огайо, Ніл.

**Президент, премьер-министр, орта таптар, королева, мемлекет басшылары, қайраткерлер:** Н.Ә. Назарбаев. А. Хомейни. Р. Рейган.

**Оңтүстік-Шығыс Азия елдері:** Гонконг. Сингапур. Аустралия. Таиланд.

Екінші сабақ:

### **VII. Жарыс.**

I—VII жарысқа дейінгі бірінші қайталау сабағында өткізіледі. Өріптерге сөз құрау.

Үш қатарға И, Х және П өріптеріне (адамның аттары, географиялық атаулар, жай сөздер мен ұғымдар туралы) неғұрлым көп сөз құраса, сол қатар женеді.

Үлгі жауабы:

1. Иран, Ирак, Израиль, Испания, т.б.
2. А. Хомейни, М. Хаттами, Хуанхэ, т.б.
3. Пәкстан, Перу, Палестина, Парагвай, т.б.

### **VIII жарыс.**

Үйге берілген жазбаша жауапты тексеру, рецензиялау.

Жауапты талдауға оқушылар түгел қатысады.  
Сұрақтарды оқушылардың естеріне қайталап салады.

### Оқушы жауабының үлгісі

1946 ж. Иран тәуелсіздігін алды. 1953 ж. Мұхаммед Реза әскери төңкеріс жасап, 1962 жылдан бастап “Ақ революция” жариялады.

Бұл — батыстың жолымен даму деген мағынаны білдіреді. 1979 ж. мұсылмандардың басшысы А. Хомейни өкімет басына келген соң, Иранды *ислам республикасы* деп жариялады. Мемлекеттің басшысы — президент емес, дін басқарушысы.

Рецензиялаудың I нұсқасы жақсы оқитын оқушының жауабымен салыстыру арқылы жүргізіледі. Мұғалім не оқушының өзі екінші шығарманы оқиды.

### Екінші шығарманың үлгісі

1962 ж. Шах Резаның басшылығымен жүргізілген “Ақ революция” реформасы елді жаңашаландыру бағытының басы болды. Аграрлық реформалар жүргізілді. Мемлекеттің есебінен индустрияландыру басталды. Оқу-ағарту, денсаулық ісі дамыды. Әйелдерге сайлау құқығы берілді. Бірақ аграрлық реформаның салдарынан ауылшаруашылық өнімі төмендеп, шеттен азық-түлік әкелу қажеттігі туды.

Өнеркәсіп өнімін шығаруда өсіп келе жатқан қала халқының мүддесін де қамтамасыз ете алмады. Жұмыссыздық өсті. Шах пен министрлердің есепсіз бауы халықтың наразылығын туғызды.

Әсіресе дін иелерінің наразылығы 1979 жылы Шах билігін құлатып, ислам республикасын құруға мүмкіндік берді.

Дінді мемлекеттен бөлу кезеңі аяқталып, президенттің билігі шектелді. Осының салдарынан қантөгіс соғыстар басталды.

Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды:

1. Екі жауаптың қайсысында толық және дәлірек жауап берілген?

2. Ортақ кемшіліктері қандай?

Салыстырып, баға берулерін сұрайды.

*Рецензиялаудың үлгісі*

Екі оқушының жауабы шамамен бірдей. Бірінші оқушының жауабы (орташа) қысқалау, толық емес. Екінші оқушы-

ның жауабы нақты, толық. Бірінші оқушыдан айырмашылығы — оқиғаға баға берілген.

### *Рецензиялаудың II нұсқасы*

Оқушыларға өз қателерін табу ұсынылады. Мұғалім жауаптарын тыңдап, толықтырады. Қателіктерін көрсетіп, себебін түсіндіреді.

### **IX. Жарыс.**

Қай елдерде жазылған шығармалар, авторлары кімдер?

— “Москва үшін шайқас”.

— “Америка қасіреті”.

— “Жанпида”.

— “Доктор Фаустус”.

— “Томирис”.

### *Жауаптары:*

1. Қазақстан Республикасы — Б. Момышұлы.

2. АҚШ — Т. Драйзер.

3. Қырғызстан — Ш. Айтматов.

4. Германия — Т. Манн.

5. Қазақстан Республикасы — Б. Жандарбеков.

### **X. Жарыс.**

Қандай әдебиеттен алынған үзінді екенін анықтау.

Үш қатардың оқушыларына үш әдеби шығармадан үзінді тауып оқу сұралады.

Үзіндіні мұғалім не кеңесші оқиды.

### **1-қатарға:**

“... Қалаға лезде келіп кірген тор жорға атты кәшаба шана аңқып жатқан түп-түзу Колпаковский көшесімен ағынын бәсеңдетпей соқтырып келеді. Содан көлденеңдеп тағы да оқтай түзу кең созылған Сельский көшесімен Никольский шіркеуіне қарай тартты.

... Арқа қазағы тегі жорғаны бұл жақтай қадірлей қоймайтын. Мұнда болса, екінің бірі жорға ұстауға тырысады және бәйге аттан бетер жорғаны қымбат бағалап, қадірлеп ұстайды. Мынау тор жорға да Мазен пен Майқандарға ерекше қадірлі жаймен келген”.

### *Үзінді бойынша сұрақтар:*

1. Шығарма қай елде жазылған?

2. Авторы кім?

### **2-қатарға:**

“... Сәуір айы туды. Бірақ қатал қыс қазақ даласына қатты салған шеңберін босатқан жоқ. Сәуірдің алғашқы күндерінде де қар түсіп, суық күндер айықпай тұр. Даланың қары ақ жұмыртқа қалпында, әлі кетіп болған жоқ... Ақшоқыдағы малшылар үйінде отын біткелі көп болған...”

Бірінші үзіндіге қойылған сұрақтар қайталанарды. Сонымен қатар: “Сәуір айында қай өңірлерде қар жатады? Үзіндіде қай өңір туралы айтылған?” деген қосымша сұрақтар қойылады.

### **3-қатарға:**

“... Қыс түсті. Амантай мен Темірбектен ешқандай хабар болмады. Ержанның қыс бойы ермегі күзен, ұсақ аңдар аулау болатын. Аң аулау үшін жақсы ат пен жүйрік тазы ұстайтын.

Жақсы күндері ертерек атына отырып, тазысын ертіп, аңға шығатын. Үйге кешқұрым оралатын. Кейде қонып та қалатын...”

Авторы мен шығарманың атын айтқаннан кейін, оқушыларға: “Саятшылықтың тағы қандай түрлері бар?” — деп сұрақ қойылады.

Саятшылық тек қызық көрудің ғана түрі ме, әлде кәсіпшілікке де жата ма?

Оқушылардың жауаптарын бағалауды бірінші қайталау сабағында да немесе екі сабақтан кейін де қорытындылап, бағалауға болады.

Шығармалар жауаптарының бағасын мұғалімнің қоюына болады. Басқа сұрақтарға жауаптар + және — белгілерінің санына қарай көмекшілер қояды. + — белгілері қатар қойылған жағдайда екі рет қайталанғанда 1 балға есептеледі.

+ белгісінің саны 8—10 арасы — “5”.

5—8 арасы, — “4”.

1—4 арасы — “3”.

Қанағаттанғысыз баға қойылмайды.

Үзінді алынған шығармалардың аты мен авторлары:

1. М. Әуезов “Абай жолы”.

2. М. Әуезов “Абай жолы”.

3. С.Мұқанов “Ботагөз”.

**Қорытынды-қайталау сабағын өткізудің екінші әдістемелік тәсілі.**

*Сабақтың мақсаты:* Оқулық материалдарын қаншалықты игергендігін анықтау. Алған білімдерін бекіту.

*Сабақтың барысы.* Тест жұмыстарын дайындап өткізу. Сынып оқушыларының санына қарай 10 нұсқаға бөлініп, ең көп дегенде 1 нұсқасы 3 рет қана қайталанатындай болу керек. 15 мин уақыт беріледі.

### **І нұсқа**

1. АҚШ-тың кім президенті емес?

а) Р. Никсон; ә) Р. Рейган; б) Д. Картер; в) Г. Вильсон.

2. Шарль де Голльдің бағытын іске асырған президент?  
а) Ж.Ширак; ә) Ф. Миттеран; б) Жискар д' Эстен; в) П.Моруа.
3. Германияның екіге бөлінуі:  
а) 1945 ж.; ә) 1947 ж.; б) 1948 ж.; в) 1949 ж.
4. Варшава шартына кірген мемлекет:  
а) Бельгия; ә) Австрия; б) Венгрия; в) Моңғолия.
5. “Үшінші кезең” саясатының өкілі:  
а) Г. Вильсон; ә) А. Моро; б) Г. Коль; в) Э. Блэр.
6. Еуропалық одақ келісімінің аты:  
а) Маастрихт келісімі; б) Ницце келісімі;  
ә) Хельсинки келісімі; в) Амстердам келісімі.
7. 1973 ж. өкімет билігі құлады:  
а) Батиста; ә) Диас; б) Альенде; в) Кастро.
8. Де Гаспери қай партияда?  
а) ХДЮ; ә) ХЭО; б) ХДП; в) ХДК.
9. Израиль мемлекеті құрылды:  
а) 1946 ж.; ә) 1947 ж.; б) 1948 ж.; в) 1949 ж.
10. “Доктор Фаустус” романының авторы?  
а) Э.М. Ремарк; ә) Э. Хемингуэй; б) Т. Манн; в) У. Фолкнер.

### П нұсқа

1. Лейбористік партияның өкілі емес:  
а) Э. Блэр; ә) Г. Вильсон; б) Дж. Каллагэн; в) Э.Хит.
2. НАТО-ға кірген ел:  
а) Украина; ә) Грузия; б) Армения; в) Эстония.
3. “Шешуші күш” операциясы қай елге қарсы бағытталды?  
а) Югославияға; ә) Иракқа; б) Ауғанстандағы талибтерге;  
в) Судандағы геноцидке.
4. “Жаңа шептер” бағдарламасының авторы:  
а) Г. Трумэн; ә) Б. Клинтон; б) Дж. Кеннеди; в) Дж. Буш.
5. Еуропалық одаққа кірмеген мемлекет:  
а) Чехия; ә) Словакия; б) Словения; в) Албания.
6. Ұлттық-реформизм бағытының өкілі:  
а) Кастро; ә) Батиста; б) Пиночет; в) Перон.
7. Берлускони коалициясына кірмейтін оншыл центристік бағыт:  
а) “Алға Италия!” қозғалысы; ә) Солтүстік лигасы; б) “Олив” блогы; в) Ұлттық альянс.
8. Жаңа реализм бағытының өкілі, кинорежиссер:  
а) Ф.Ф. Копполо; ә) Ф. Трюффо; б) И. Бергман; в) Р.Росселини.
9. Югославияның құрамына аумағы кірмеген ел:  
а) Словения; ә) Албания; б) Македония; в) Хорватия.
10. Ислам революциясы жеңген ел:  
а) Ирак; ә) Иран; б) Түркия; в) Сирия.

### III нұсқа

1. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатыспаған ел:  
а) Румыния; ә) Дания; б) Австро-Венгрия; в) Канада.
2. Неолиберализм өкілі:  
а) Дж. Джолитти; ә) Р. Рейган; б) С.Ю. Витте; в) Г. Гувер.
3. А. Моро қай партияның өкілі?  
а) ХДП; ә) ХДО; б) ХӨО; в) ХДҚ.
4. Халық майданына кірмеген саяси партия:  
а) радикалдар; ә) коммунистер; б) социалистер; в) монархистер.
5. 1949 ж. болмаған оқиға:  
а) Варшава шарты; ә) НАТО; б) ӨКК; в) Германияның бөлінуі.
6. Экономикалық дағдарыстан шығу үшін Кейнс саясатын ұстаған президент:  
а) Р. Рейган; ә) Г. Гувер; б) У. Тафт; в) Ф.Д. Рузвельт.
7. 1946 жылы Францияда басталған кезең:  
а) Екінші республика; ә) Үшінші республика;  
б) Төртінші республика; в) Бесінші республика.
8. ҮҮК-ң мүшесі емес:  
а) Дж. Неру; ә) И. Ганди; б) Н. Рао; в) А.Б. Ваджапай.
9. Мексиканың саяси қайраткері:  
а) Перон; ә) Батиста; б) Уэрта; в) Альенде.
10. Екі бағытқа, бөлікке бөлінбеген мемлекет:  
а) КСРО; ә) Югославия; б) Венгрия; в) Чехословакия.

### IV нұсқа

1. ГСДП-ң өкілі емес:  
а) К. Каутский; ә) Э.Бернштейн; б) Ф. Эберт; в) Л. Бронштейн.
2. Берлускониге дейін болған премьер-министр:  
а) Моро; ә) Де. Гаспери; б) Кракси; в) Д. Алама.
3. 1981 ж. Францияда сайлауда жеңіске жетті:  
а) Голлист; ә) социалист; б) оңшылдар; в) коммунистер.
4. Қосылмау туралы бірінші конференция болды:  
а) Делиде; ә) Каирде; б) Будапештте; в) Белградта.
5. Гимедтің саяси қайраткері:  
а) Перон; ә) Батиста; б) Уэрта; в) Альенде.
6. Муссолини өкімет басына келді:  
а) 1920 ж.; ә) 1921 ж.; б) 1922 ж.; в) 1823 ж.
7. 1934 ж. дейін Германияда өкімет басында:  
а) Гитлер; ә) Гинденбург; б) Людендорф; в) Шлейхер.
8. “Қайырымды көрші” саясатының өкілі:  
а) Т. Рузвельт; ә) Ф.Д. Рузвельт; б) У. Тафт; в) Г. Гувер.
9. Қай ел маршалл жоспарына кірмейді?  
а) Германия; ә) Венгрия; б) Италия; в) Франция.
10. “Шанхай бестігіне” кірмеген ел:  
а) Қазақстан; ә) Ресей; б) Әзірбайжан; в) Қырғызстан.

## V нұсқа

1. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатыспаған ел:  
а) Польша; ә) Бельгия; б) Сербия; в) Болгария.
2. “4+Н” формуласының шешімі:  
а) Белоруссия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан + Н. Назарбаев.  
ә) Сирия, Палестина, Египет, Ливан + Г.А. Насыр;  
б) Армения, Грузия, Өзірбайжан, Шешенстан + Ниязи Аяз оглы Муталибов;  
в) Англия, Франция, ГДР, АҚШ + Р. Никсон.
3. Нира заңын қабылдады:  
а) Ф.Д.Рузвельт; ә) Б. Муссолини; б) А. Гитлер; в) Э. Даладье.
4. Үндістан тәуелсіздігін алды:  
а) 1945 ж.; ә) 1946 ж.; б) 1947 ж.; в) 1948 ж.
5. Франция НАТО-дан қай президенттің кезінде шықты?  
а) Де Голль; ә) Ж. Помпиду; б) Ф. Миттеран; в) Ж. Ширак.
6. ОСВ-1 келісіміне қол қойған АҚШ президенті:  
а) Д. Кеннеди; ә) Л. Джонсон; б) Р. Никсон; в) Дж. Картер.
7. ОСВ-2 келісіміне қашан қол қойылды?  
а) 1979 ж.; ә) 1987 ж.; б) 1982 ж.; в) 1990 ж.
8. 1973 жылы ЕЭҚ кірмеген ел:  
а) Дания; ә) Ирландия; б) Испания; в) Ұлыбритания.
9. 1992 ж. 12 мемлекет қол қойған ЕО Маастрихт келісімі қай елде болды?  
а) Бельгияда; ә) Германияда; б) Нидерландыда; в) Люксембургте.
10. “Варшава шарты ұйымы” қашан таратылды?  
а) 1991 ж.; ә) 1992 ж.; б) 1993 ж.; в) 1994 ж.

## VI нұсқа

1. Кубаның саяси қайраткері:  
а) Перон; ә) Кастро; б) Альенде; в) Батиста.
2. “Көшпенділер” романының авторы:  
а) І. Есенберлин; ә) М. Әуезов; б) Ғ. Мүсірепов; в) Ғ. Мұстафин.
3. Мюнхен келісіміне қол қойған:  
а) Э. Даладье; ә) Л. Блом; б) К-де ля Рок; в) У. Черчилль.
4. Ұлыбританияны ұзақ дағдарыстан шығарған премьер-министр:  
а) Г. Вильсон; ә) М. Тэтчер; б) Э. Хит; в) Дж. Мэйджор.
5. Қазақстан Республикасында жаңа Конституция қабылданды:  
а) 1993 ж. 28 қаңтар; ә) 1995 ж. 30 тамыз;  
б) 1991 ж. 1 желтоқсан; в) 1991 ж. 25 қазан.
6. В. Брандт қай партияның өкілі?  
а) ХДО; ә) ХДО/ХЭО; б) ГСДП; в) ЕДП.
7. “Ғажап жан” романының авторы:  
а) Р. Роллан; ә) Ф. Кафка; б) М. Шолохов; в) Н. Хикмет.
8. Христиандық партияның өкілі:  
а) Перон; ә) Кастро; б) Альенде; в) Карденас.

9. Де Голль қай елмен байланысты дағдарыста өкімет басына келді?  
а) Марокко; ә) Тунис; б) Алжир; в) Корсика.
10. Ресейде Ақпан революциясы жеңді:  
а) 1918 ж.; ә) 1919 ж.; б) 1917 ж.; в) 1920 ж.

### VII нұсқа

1. Италия — Түркия соғысы нәтижесінде Италияға берілді:  
а) Сомали; ә) Анадоль; б) Триполитания; в) Эфиопия.
2. Екінші Балқан соғысында жеңілді:  
а) Түркия; ә) Болгария; б) Сербия; в) Румыния.
3. Германияның соңғы императоры:  
а) Вильгельм; ә) II Вильгельм; б) III Фридрих Вильгельм;  
в) IV Фридрих Вильгельм.
4. Италияның премьер-министрі болмаған:  
а) Де Гаспери; ә) Моро; б) Кракси; в) Монтиньелли.
5. Бірінші дүниежүзілік соғыста Германия мен Ұлыбританияның арасында болған жойқын теңіз шайқасы:  
а) Ютландта; ә) Ла-Маншта; б) Жерорта теңізінде; в) Адриат теңізінде.
6. Верден шайқасы қай елдің аумағында болды?  
а) Германияда; ә) Францияда; б) Англияда; в) Бельгияда.
7. 1915 ж. Төрттік одаққа кірмеген мемлекет:  
а) Германия; ә) Болгария; б) Австро-Венгрия; в) Румыния.
8. Версаль бітімшарты бойынша Данияға:  
а) Шлезвиг; ә) Гданьск; б) Эльзас, Лотарингия; в) Саар.
9. “Санация” — “сауықтыру” іс-әрекетінің өкілі:  
а) К. Ульманис; ә) К. Кэтс; б) Ю. Пилсудский; в) Т. Масарик.
10. Алжир тәуелсіздігін алды:  
а) 1958 ж.; ә) 1960 ж.; б) 1962 ж.; в) 1964 ж.

### VIII нұсқа

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияның айырылған жері:  
а) Эльзас; ә) Лотарингия; б) Макленбург; в) Поральц.
2. КСРО мемлекеті қашан құрылды?  
а) 1921 ж.; ә) 1922 ж.; б) 1923 ж.; в) 1924 ж.
3. “Тоғыз держава шарты” бойынша қандай мәселе қаралды?  
а) Жапонияның Қытайдағы артықшылығы жойылды;  
ә) Ресейдің Қытайдағы артықшылығы жойылды;  
б) Ресей Ляодун түбегін Қытайға қайтарды;  
в) Жапония Ресейге Куриль аралдарын қайтарды.
4. Түрік Республикасының тұңғыш президенті:  
а) М. Кемал; ә) Түрғұт Озал; б) Х. Кемал; в) А. Хильшед.



5. “Таза қолдар” бағдарламасының басталған уақыты:  
а) 1989 ж.; ә) 1990 ж.; б) 1991 ж.; в) 1992 ж.
6. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғандығы туралы келісім қай жерде болды?  
а) Компьенде; ә) Брестте; б) Бернде; в) Тегеранда.
7. АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысқа кірді:  
а) 1914 ж.; ә) 1915 ж.; б) 1916 ж.; в) 1917 ж.
8. Ольстердегі ең әйгілі саяси күштер:  
а) Шин Фейн; ә) ИРӨ; б) Юнионистер; в) республикашылар.
9. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырағандарға тағылған атақ:  
а) “қылмыстылар”; ә) “Отанына опасыздық жасағандар”;  
б) “халық жауы”; в) “тыңшы”.
10. “Араттар” дегеніміз:  
а) жұмысшылар; ә) шаруалар; б) зиялылар; в) саудагерлер.

### IX нұсқа

1. Хорти режімі құрылды:  
а) Польшада; ә) Венгрияда; б) Чехословакияда; в) Югославияда.
2. Куба революциясы жеңді:  
а) 1953 ж.; ә) 1956 ж.; б) 1957 ж.; в) 1959 ж.
3. “Жаңа бағыт” саясатының өкілі:  
а) Г. Гувер; ә) Ф. Рузвельт; б) Л. Джонсон; в) Р. Рейган.
4. Қытайдағы азамат соғысы:  
а) 1927 — 1937 жж.; ә) 1928 — 1934 жж.;  
б) 1946 — 1949 жж.; в) 1943 — 1946 жж.
5. Гоминьдан партиясының негізін қалады:  
а) Чан Кай Ши; ә) Сунь Ятсен; б) Мао Цзэдун; в) Чэн Дусю.
6. Хартал сөзінің мәні:  
а) ереуілге шығу; ә) көтеріліске дайындалу; б) абақтыға жабу;  
в) шетке айдау.
7. Индонезияның көрнекті басшысы:  
а) А. Сукарно; ә) М. Сукарнопутри;  
б) С. Б. Юджойно; в) А. Уахид.
8. “Шахривар” дегеніміз:  
а) жердің аты; ә) айдың аты; б) адамның аты; в) діни ағым.
9. Африкадағы тәуелсіз мемлекет, XX ғасырдың басы.  
а) Нигерия; ә) Алжир; б) Эфиопия; в) Тунис.
10. Германияның Африкадағы отары, XX ғасырдың басы.  
а) Конго; ә) Ангола; б) Намибия; в) ОАО.

### X нұсқа

1. АҚШ-тың көмегімен Панама бөлінді:  
а) Венесуэладан; ә) Эквадордан; б) Боливиадан; в) Колумбиядан.
2. Жапонияның 1946 ж. Конституциясы бойынша билік иесі:  
а) император; ә) премьер-министр; б) президент; в) парламент.

- 3) М. Тэтчерден кейінгі Ұлыбританияның премьер-министрі:  
а) Хит; ә) Мэйджор; б) Вильсон; в) Блэр.
4. Испания Республикасы құлады:  
а) 1936 ж.; ә) 1937 ж.; б) 1938 ж.; в) 1939 ж.
5. Мюнхен келісімі:  
а) 1935 ж.; ә) 1936 ж.; б) 1937 ж.; в) 1938 ж.
6. Аншлюс:  
а) басып алу; ә) тәуелсіздігін беру; б) егемендік жариялау;  
в) әскерін қысқарту.
7. Риббентроп-Молотов пактісіне қол қойылды:  
а) 1939 ж., 23 тамыз; ә) 1941 ж., 22 маусым;  
б) 1940 ж., 6 қараша; в) 1941 ж., 14 мамыр.
8. Екінші дүниежүзілік соғыс басталды:  
а) 1941 ж., 22 маусым; ә) 1939 ж., 1 қыркүйек;  
б) 1939 ж., 23 тамыз; в) 1940 ж., 6 қараша.
9. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды:  
а) 1941 ж., 30 маусым; ә) 1941 ж., 3 шілде;  
б) 1941 ж., 22 маусым; в) 1941 ж., 12 шілде.
10. Курск шайқасы:  
а) 1943 ж., 5 маусым — 12 шілде;  
ә) 1943 ж., 28 шілде — 3 қыркүйек;  
б) 1943 ж., 5 тамыз — 12 қыркүйек;  
в) 1943 ж., 5 қыркүйек — 12 қазан.

Тестінің жауабын тексергеннен кейін жауап бере алмаған сұрақтарға әңгімелесу барысында оқушылармен бірігіп жауаптарын табуға мұғалім көмек көрсетеді.

*Қорытынды сабақ тест сұрақтарының жауаптары:*

- I нұсқа** 1-в; 2-а; 3-в; 4-б; 5-ә; 6-а; 7-б; 8-б; 9-б; 10-б.  
**II нұсқа** 1-в; 2-в; 3-а; 4-б; 5-в; 6-в; 7-б; 8-в; 9-ә; 10-ә.  
**III нұсқа** 1-ә; 2-а; 3-а; 4-б; 5-а; 6-в; 7-б; 8-в; 9-б; 10-б.  
**IV нұсқа** 1-а; 2-в; 3-ә; 4-в; 5-в; 6-б; 7-ә; 8-ә; 9-ә; 10-б.  
**V нұсқа** 1-а; 2-а; 3-а; 4-б; 5-а; 6-б; 7-ә; 8-б; 9-б; 10-а.  
**VI нұсқа** 1-ә; 2-а; 3-а; 4-ә; 5-ә; 6-б; 7-а; 8-а; 9-б; 10-б.  
**VII нұсқа** 1-а; 2-ә; 3-ә; 4-в; 5-а; 6-ә; 7-в; 8-а; 9-б; 10-а.  
**VIII нұсқа** 1-а; 2-ә; 3-а; 4-а; 5-в; 6-а; 7-в; 8-б; 9-б; 10-ә.  
**IX нұсқа** 1-ә; 2-в; 3-ә; 4-а; 5-ә; 6-а; 7-а; 8-ә; 9-б; 10-б.  
**X нұсқа** 1-в; 2-ә; 3-ә; 4-в; 5-в; 6-а; 7-а; 8-ә; 9-а; 10-а.

## № 1 жаднама

### **Көпшілік алдына шығып сөйлеуге дайындал**

1. Тақырыпты ертерек таңдап ал. Өзіңе таныс әрі қызықты болсын. Қосымша әдебиеттердің жеткілікті болуын ескер.

2. Әдебиеттерді қарап шық, өзіңе керегін жазып ал, жоспар құр.

3. Жоспар бойынша таңдап алған мәліметтерінді реттеп орналастыр.

4. Шығып сөйлеуге уақыт белгіле. Тыңдаушылар үшін маңызды әрі қызықты мәліметтер керек екендігін ескер.

5. Есінде сақта!

— Не айту керек?

— Ойыңды жеткізе біл!

— Айтып үлгеруге тырыс.

6. Нақты, қаттырақ сөйле.

7. Көрнекілік пен сурет, сызбалар дайында.

8. Сұрақтарға жауап беруге дайын бол.

Өз пікіріңді қорғай біл.

### **Баспасөз материалдарын таңдауға арналған талаптар**

1. Баспасөздің аты, саны, уақыты, авторы мен мақаланың тақырыбы.

2. Бұл мақаланы қандай сұрақтарға байланысты таңдап алдың?

3. Тыңдаушыларыңды жалықтырып алма. Мазмұнын айтқанда, нақты сұрақтарға жауап беретін жерін ғана оқы.

4. Мақалада қазіргі кезеңнің қандай мәселесіне жауап бергендігіңді айт.

5. Оқиғаға қатысты өз бағаңды бер. Өлемдегі оқиғаларға, еліміздегі жағдайларға мүмкін болатын салдарын ашып көрсет.

## № 2 жаднама

### **Тарихи қайраткерге сипаттама және баға беру**

1. Қашан және қай елде өмір сүріп, еңбек етті? Көзқарасының қалыптасуына әсер еткен жағдайлар.

2. Қайраткердің алдына қойған жоспары, мақсаты, оған жету жолдары.

3. Сыртқы түрі, мінез-құлығы. Мақсатына жету жолындағы қасиеттері және кедергі болған жағдайлары.

4. Қызметінің нәтижелерін атап шық. Қоғамдағы, мемлекет тарихындағы алатын рөлін көрсет.

5. Ісі мен қызметіне қарап, қандай топтардың мүддесін көздейтіндігіне баға бер.

6. Қайраткерге деген өз көзқарасыңды білдір. Ел мен халықтың өміріндегі оның ісінің маңыздылығын көрсет.

Буржуазиялық революциялардың алғышарттары	
Капитализмнің дамуына не кедергі келтірді?	Буржуазиялық революция қандай мәселелерді шешуі тиіс?

Қандай топтар революцияның жеңісіне мүдделі болды?
Революцияның идеялық дайындығы қандай формада жүрді?

Революцияның мүмкін болу шарттары	
Революциялық жағдай қалыптасты ма? Оның белгілерін неден көреміз?	Революцияға жетекшілік ететін таптар болды ма? Оның жетекшілік күшін неден көреміз?

### № 3 жаднама

#### Күрделі жоспар құру

1. Тақырыпты оқып шық, ойлан, негізгі бөлімдерге бөл.  
2. Әрбір бөлімнің тақырыбын белгіле, негізгі мәселесін рим сандарымен белгіле.

3. Әрбір бөлімнің негізгі мәселесін анықта, тақырыпшаларды араб санымен көрсет.

4. Жұмысыңды тексер. Жоспар жасауға қойылатын талаптың орындалғанына көзінді жеткіз.

Жоспардың сызбасы.

- I. \_\_\_\_\_  
1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_  
3. \_\_\_\_\_  
а) \_\_\_\_\_  
б) \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_  
II. \_\_\_\_\_

#### № 4 жаднама

Жолдасыңның жауабын қалай талдауға болады?

Оны талдағанда төмендегі талаптарға сәйкес келе ме?

1. Фактілерді, қорытындыларды, оқиғаларды дәлелдеуі мен айтуының қаншалықты дұрыстығы.
2. Жүйелі дәлелдеу арқылы баяндауы.
3. Жаңа тарихи терминдерді түсіндіріп қолдана білуі.
4. Карта, хронология, сандық мәліметтерді айтуы. Сөйлем құрауы. Әділетті түрде баға беруі.

#### № 5 жаднама

**Талдап жазудың үлгісі (конспект)**

1. Талдап жазу — тақырыптың негізгі мәселесін біліп алып жазу.
2. Талдап жазудан кейін жоспар құруға болады.
3. Талдап жазудың алдында автордың аты-жөнін, жұмысының толық тақырыбын, басылым уақыты мен шыққан жерін көрсет.
4. Қысқа, бірақ негізгі ойлары толық жазылады. Талдап жазуда нақыл сөздер мен қанатты сөздерді пайдалануға болады.
5. Тараулар мен бөлімдер нақты көрсетілуі тиіс.
6. Керек сөздердің астын сызып, шартты белгілер қойып, белгі соқ.

**Пікірсайыс ережесі**

1. Қарсыласыңның жауабын тыңдай біл: сөзін бөлме, сабырлы бол, айғайлап кетпе.
2. Егер жауабын құптамасаң, фактілер арқылы түсіндіруге тырыс, ғылыми дәлелдер келтір, өз пікіріңмен қатар беделді адамдардың да пікірін есіңе ал.
3. Егер пікірі сенімен сәйкес келмесе, қобалжыма, келесі кезекте салмақты, дәлелді түрде өз пікіріңді айт.
4. Асықпай байыпты сөйле.
5. Жалпы мәселе туралы айтып, қарсыласыңның жеке басының мінін қозғама.
6. Жәбірлеме, намысына тиме.
7. Айғаймен емес, әдептілікпен, көзқарасыңның кең, жан-жақты екендігін көрсетіп, тіптен қарсыласыңды сендіре алмағанның өзінде, өз пікіріңде қала біл.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
<b>I тарау. XX ғасыр басындағы дүниежүзі</b>	
§ 1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлем көрінісі .....	5
§ 2. XX ғасыр басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші дүниежүзілік соғыс .....	9
<b>II тарау. Соғыстан кейінгі дүниежүзі</b>	
§ 3. Версаль-Вашингтон жүйесі .....	15
§ 4. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бөсеңдеу.....	18
§ 5. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы .....	22
§ 6. АҚШ: “Жаңа бағыт” саясаты және Латын Америкасы елдері ...	27
§ 7. Ұлыбритания .....	31
§ 8. Франция мен Испания. Халықтық майдан .....	34
§ 9. Италия мен Германиядағы фашизм .....	38
§ 10. Жапония. Қытай. Моңғолия .....	40
§ 11. Үндістан мен Азия елдері .....	42
§ 12. Араб елдері. Африка құрлығындағы мемлекеттер .....	45
§ 13. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы .....	49
<b>III тарау. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 жж.)</b>	
§ 14. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның КСРО-ға шабуылы. Тынық мұхит соғысы.....	53
§ 15. Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші дүние- жүзілік соғыстың аяқталуы. БҰҰ-ның құрылуы.....	58
<b>IV тарау. XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзі</b>	
§ 16. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем .....	63
§ 17. “Қырғиқабақ соғыс”. НАТО және Варшава одағы. Дүниежүзілік саясат циклдері .....	65
<b>V тарау. АҚШ және Батыс Еуропа елдері (1945—2009 жж.)</b>	
§ 18. Батыстың даму үрдісі. Америка Құрама Штаттары және Латын Америкасы елдері .....	73
§ 19. Ұлыбритания. Франция .....	83
§ 20. Германия Федеративтік Республикасы. Италия .....	88
<b>VI тарау. Социалистік даму жолындағы елдер (1945—2009 жж.)</b>	
§ 21. Кеңес Одағы .....	93
§ 22. Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері .....	97
<b>VII тарау. Азия және Африка елдері (1945—2009 жж.)</b>	
§ 23. Жапония. Солтүстік және Оңтүстік Корея .....	101
§ 24. Отаршылдықтың күйреуі.....	105
§ 25. Азия елдері .....	110
§ 26. Араб елдері және Африка .....	114

## **VIII тарау. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы дүниежүзі**

- § 27. XX ғасырдың 70—90-жылдарындағы халықаралық жағдай. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы .....119
- § 28—29. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар.....123
- § 30. Өркениетті елдердің дамуы және дүниежүзіндегі демократиялық үрдістер .....124
- § 31. Дүниежүзіндегі ықпалдастық үрдістер. Халықаралық ұйымдардың қызметі және бүгінгі Қазақстан .....126
- § 32. XXI ғасырдың басындағы дүниежүзінің өзекті мәселелері..... 127
- § 33. XX ғасыр мәдениеті .....128
- Қорытынды-қайталау сабақтары.....134

*Учебно-методическое издание*

**Досболатова Улбосын  
Ашимова Бейбиткул**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

**Методическое руководство**

Пособие для 10 классов  
естественно-математического направления  
общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Второе издание, переработанное

Редакторы *А. Тажидаева*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Болатов*  
Техникалық редакторы *А. Сәдуақасова*  
Корректоры *Р. Көшкінова*  
Компьютерде беттеген *Л. Жақсылықова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2310

Басуға 11.06.10. қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Қаріп түрі  
“Школьная”. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа  
табағы 7,98. Шартты бояулы беттаңбасы 8,09. Есептік баспа  
табағы 7,41. Таралымы 4000 дана. Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**

**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30**

**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34**

**E-mail: mektep@mail.ru**

**Web-site: www.mektep.kz**